

А. С. Ақтанова, А. Қ. Жүндібаева, Л.К. Жүмекенова

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің  
жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын  
10-сынып оқушыларына арналған оқулық

# 10

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2019

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 (5Қаз)я72  
А 37

*Негізгі орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:



– өздік тапсырмалар



– жұптық тапсырмалар



– топтық тапсырмалар



– шығармашылық жұмыс



– ғылыми ізденіс, ғылыми жоба тапсырмалары



– сабақтан тыс жұмыстар



– хрестоматия тапсырмалары



– тірек сөздер



– аудиотапсырмалар

**Ғалым пікірі**

– ғалым пікірі

**Әдебиет теориясы**

– әдеби-теориялық түсініктер

**Ақтанова А.С. т.б.**

**А 37 Қазақ әдебиеті:** Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық/А.С. Ақтанова, А.Қ. Жүндібәева, Л.К. Жүмекенова. – Алматы: Атамұра, 2019. – 160 бет.

ISBN 978-601-331-544-7

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 84 (5Қаз)я72

ISBN 978-601-331-544-7

© Ақтанова А.С., Жүндібәева А.Қ.,  
Жүмекенова Л.К., 2019  
© «Атамұра», 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы, тәуелсіз еліміздің болашағы ретінде өз әдебиетің арқылы өткен тарихыңды көңілге түйіп, бүгінгі болмысыңды бағдарлап, жарқын келешегіңе сеніммен қарай білуің қажет.

Оқулықта берілген көркем шығармаларды оқып, танысу барысында өмірдің тылсым сырлары мен қарапайым қағидалары сені қиял мен шындық әлеміне жетелері сөзсіз. Ол үшін көркем мәтіндерді толық оқып, берілген тапсырмаларды орындап отыруың керек.

Биыл «Қалың елім, қазағым...» тарауында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдерімен, қарасөздерімен танысуды ары қарай жалғастырамыз. Абай атамыздың шығармашылығымен 6-сыныпта «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз» қарасөздерімен танысқан едік.

Ал осы жылы Абайдың «Сегізаяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері, «Он жетінші қарасөз», «Отыз екінші қарасөз», «Масғұт» поэмаларын оқимыз.

«Қазақтың Қанышы» тарауында жазушы Медеу Сәрсекее ағамыздың «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесімен танысамыз.

«Парасат пайымы» тарауында жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесін, Талапбек Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық әңгімесін талдап, Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңін оқимыз.

«Тарих тағылымы» тарауы сендерді жазушы Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы мен Жәркен Бөдешұлының «Жалғыз» поэмасы арқылы тарихтың терең қатпарларында қалған оқиғалардың қыр-сырымен танысуға шақырады.

Қымбатты жас дос, әдебиет әлемінде саған сәт сапар тілейміз!

*Оқулық авторлары*

<b>ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...</b>	
Абай шығармашылығы	
«Сегізаяқ» өлеңі	
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі	
«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі	
«Он жетінші қарасөз»	
«Отыз екінші қарасөз»	
«Масғұт» поэмасы	
<b>ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ</b>	
М. Сәрсек	«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі
<b>ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ</b>	
А. Кемелбаева	«Шашты» өңгімесі
Т. Сұлтанбеков	«Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық өңгімесі
О. Асқар	«Шетте жүрген бауырларға» өлеңі
<b>ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ</b>	
Ш. Мұртаза	«Бесеудің хаты» драмасы
Ж. Бөдешұлы	«Жалғыз» поэмасы

## ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...



*Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары.  
ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев*

Бұл тарауда Абай Құнанбайұлының шығармашылығына тереңірек бойлап, ақынның «Сегізаяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдерін оқып, талдаймыз.

«Он жетінші қарасөз», «Отыз екінші қарасөз» және «Масғұт» поэмасымен танысамыз.

«Абай шығармашылығы» бөліміндегі материалдар М. Әуезовтің 1944 жылы жазылған «Абайдың өмірбаяны» деген зерттеу еңбегінен ықшамдалып алынды.

Әдеби мұра – көркем әдебиеттің, сөз өнерінің өткен дәуірден қазіргі заманға жеткен туындылары. Әдеби мұра – халықтың әртүрлі тарихи кезеңдегі мәдени өресінің, әлеуметтік хал-жайының, тілдік, эстетикалық талғамының айғағы.

Әдеби мұраны неғұрлым толық жинастыру, бастыру, зерттеу – әдебиеттану ғылымының басты міндетінің бірі. Бұл – үзбей, өне бойы жүретін іс.

*М. Базарбаев*

## АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Абай Құнанбайұлы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Қасқабұлақ жайлауында 1845 жылы 10 тамызда туған. Абайдың әкесі – Құнанбай, оның әкесі – Өскенбай, үшінші атасы – Ырғызбай. Бұлардың барлығы да ел ішінде билік жүргізген адамдар.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы. Ол қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор ретінде артына айтулы әдеби мұрасын қалдырды.



*Г. Аتكнин мен  
А. Аتكнина  
«Абай портреті»*



*Е.М. Сидоркин*  
«Абай әжесі Зеремен»

Абай Құнанбайұлының есімін әлемге танытқан қазақтың аса көрнекті жазушысы – Мұхтар Омарханұлы Өуезов.

**Абайдың шыққан тегі.** Құнанбайдың анасы Зере – көп жасаған адам. Абай әжесінен халық фольклорының көптеген мұраларын тыңдап өскен. Бала Абайдың өсе келе ойшыл азамат болып қалыптасуына әжесі Зеренің ықпалы өте зор болған.

Әкесі Құнанбай шешендік сөзге жүйрік болған. Өз тұсындағы Орта жүз билерінің алдыңғы қатарлы кісісі саналған. Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда ел аузында

қалған билер жайындағы ескі әңгімелерде Құнанбай туралы көп айтылады.

Құнанбайдың бірнеше әйелі болған. Үлкені – Күңке. Одан туған баласы – Құдайберді. Екінші әйелі – Ұлжан. Одан туған балалары: Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі – Айғыз. Одан Қалиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абай өлеңінің мәнісі – осы. Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғаным. Одан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешенің ортасындағы төл баласы кішкене Абай болады. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ер жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеден қойылған атпен «Телқара» дейді екен.

Ұлжан сабырлы адам болған. Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен даңқы жайылған, белгілі мысқылшыл, сөз тапқыш күлдіргілер болған.

**Шәкірт Абай.** Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқиды. Өзімен бірге оқыған шәкірттер арасында зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Арабша кітаптан молданың бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін екінші рет кітапқа қарамай, өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған деседі. Дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан анағұрлым

оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденеді. Оқитын кітаптары – араб, парсы, түрік ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары. Бұларды Абай, бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған.

Оқуға кірген соң-ақ, балалық дегенді қойып, тез есейіп, ілім қуады.

Медресенің ауыр тәрбиесінде жүрген жас шәкірт Науаи, Сағди, Қожа-Хафиз, Физули сияқты ақындарды шынайы құрметтеп, үлгі тұтқан. Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін тастамаған. Өрқашан оқып, өрқашан сүйсініп еске алып отырған.

Алдымен ақындардың шығармаларын көп оқығандықтан, Абай араб, парсы тілін сол үш жылдың ішінде жақсы біліп шыққан.

Алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдерінде жазған. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын: «Физули, Шәмси, Сайқали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Қожа-Хафиз бұ һеммәси мәдәт бер иә шағири фәрияд!» – деп, өзі қадірлеген ескі ақындардың аруағына сыйынумен бастайды. Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз сияқты.



Семейдегі Ахмет Риза медресесі

Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән. Тіпті, азғана. Абайдың нағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы Приходский шkolге түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Орысша 3 ай оқиды. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Қаладағы оқудан Шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі тәрбиеші-ұстаз қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша, ел даналығын танып, соны ерте қамту, жас талапкерге жаңа үлкен мектеп болады. Бұл жөніндегі білімді ол әкесінен емес, халықтан шыққан шешен ділмәр, ақын, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. «Абай жолындағы» Барлас ақын – Дулат Бабатайұлынан жас кезінде бата алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулат, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың өзін бала күнінен естіп, танып, жаттап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс, жарыс сияқты өзге де неше алуан қазынаны әжеден, анадан, қонақ жолаушылардан көп естиді.

**Абай – ақын.** Абайдың ақындығы жастайынан басталған. «Өліпбимен жазылған тілек хат», «Сап-сап, көңілім», «Болыс болдым, мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген сияқты көптеген өлеңдерінде елінің жағымсыз қылықтарын мінейді. Абайдың артына қалдырған көптеген лирикалық өлеңдері, поэмалары, қара-сөздері, өсиет сөздері бар.

**Абай және оның достары.** ...Абай жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыстың тілін мықтап оқиды. Қалада жатып едәуір тіл білген соң, енді көп кітап оқуға кіріседі. Күндегі өмірінде кітап үлкен орын алады. Қысқы айларда бір жағынан ел басқару жұмыстарымен айналысады, екінші жағынан Семей қалалық кітапханасында өздігінен ізденіп, ұзақ уақыт кітап оқитын болады. Осындай ізденіс үстінде Семейдегі кітапханада Петербордан айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Е.П. Михаэлиспен танысады.





*Л.П. Леонтьев. «Абай Семей қаласының кітапханасында», 1954*

Е.П. Михаэлис Семейдің кітапханасынан Л.Н. Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, дос болып кетеді. Е.П. Михаэлис Абаймен ұдайы кездесіп немесе хатпен хабарласып тұрған. Жақын араласқан соң, Абайдың ауылына қонаққа да барады. Кейін Е.П. Михаэлис арқылы Абай 80-жылдарда айдалған басқа халықшылдармен де танысқан. Соның ішінде халықшыл адвокат – С.С. Гросс, жас доктор – Н.И. Долгополов сияқтылар болған. С.С. Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі жобасы бойынша айтылатын билік-келісім сияқты әдет заңдарын жиып қарастырған. Гросс та Абаймен араласып, қырға шығып, 3–4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан. Кейінірек Абайдың ауылына Н.И. Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді. Абай Е.П. Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, фәлсафа, тарих, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметшілдік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тараумен, жоспармен оқитын болған. Осы бетпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан – А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н. А. Некрасов, Л.Н. Толстой, И. С. Тургенев, М.Е. Салтыков-Щедрин, Д.И. Писарев; Еуропа ақындарынан – И.В. Гете, Дж. Г. Байрон; фәлсафашыл, табиғатшыл, білгіштерінен – Г. Спенсер, В. Спиноза, Ч.Р. Дарвин; тарихшылдарынан – Дж. В. Дрепердің шығармаларын оқыған. Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болуы керек. Көпке дейін қалада жатып

оқып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде қарастыратын болады. Жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Еуропаның көпке жайылған романшыларын да оқыған. Өрі-беріден соң, сол кітаптарды өз оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет қыла бастайды. 35–40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Өбдірахманды Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Артынан біраз жылдан соң, үшінші баласы Мағауияны да, қызы Күлбаданды да орыс мектебіне береді. Абай Е.П. Михаэлис, С.С. Гросспен пікірлесіп, өзі де ғылымды зерттей бастайды. Абайға жаңа жарық дүниенің шеті енді ашылғандай болады. Сонымен, 1884–1885 жылдары жасы қырыққа таман ілінгенде Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Өр нәрсе туралы ғылым – философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонауғұрлым қырағы, озған кісі болып жекеленеді.

**Абай – ойшыл.** 40 жастан асқан Абай бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманның ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналды. Күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмай, ел басқару ісімен де айналысты. 1884–1886 жылдардан бері қарай Абайдың нағыз өнімді ақындығы басталады. Ақындықты қасиетті дос етеді. Зұлымдық, надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады. Осы жылдары Абай бірталай өлең шығарады. 1884–1885 жылдары «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жылы Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп үңіле бастағаны байқалады. Бұл жылы 16–17 өлең шығарады. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да өз атымен жазбай, ылғи Көкбай айтқан өлең деп жүреді.

1885–1886 жылдары Абай, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударады.

1889 жылы ел басқару жұмысын Оспанға тапсырып, өзі бірбеткей ілім іздеу жолына, ақындыққа бой ұрады. Екі жылда жиыны оншақты өлең жазады. Тағы да кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып,

оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады. Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. Шамамен 25 өлең жазады. Кей өлеңдерінде өз ортасының кемшілік-міндерін қатал сынайды. Сонымен қатар махаббат, табиғат суреттері, жеке бас қайғысы да бар. Одан соң А.С. Пушкиннің «Евгений Онегинін» аударды.



*М. Калимов. «Абай»*

**Абайдың ақындық мектебі.** Абайдан тәлім-өнеге көрген ақындардың шығармашылық ортасы туралы ұғым қазақ әдебиетінде ең алғаш М. Өуезов зерттеуі негізінде қалыптасты. Ол зерттеу еңбектерімен де, көркем шығармадағы бейнелерін суреттеп жеткізуімен де Абайдың шәкірттерін танудың жолдарын қарастырды.

Абайдың айналасындағы ақындарды ауызға алғанда, алдымен Көкбай есімі аталады. Тағы бір шәкірті Шөкәрім болды. Абай ақындық мектебінен Ақылбай мен Мағауияны, Өріп Тәңірбергенұлын айтуымызға болады.

Абайдың өлеңімен қатар, аудармалары баршылық.

Абай көркем тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен өзі оқыған қызықты романдардың көбін өз тілі, өз аудармасы, редакциясымен әсем әңгіме ғып айтып береді. Абай мектебінен тараған әңгімелердің ішінде, өз уақытына жаңа болған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқтылардан басқа, Еуропаның да талай романдары болды. Абай А. Дюманың «Үш ноян», «Он жылдан соң» тәрізді шығармалары мен А. Пушкин әңгімелерін жастарға айтып отырған. Жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырып беретін болған. Көкбай сияқтыларға (Абай ақындық мектебінің өкілі Көкбай Жанатайұлы) қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағауияға (Мағауия Абайұлы) патшалықпен алысқан Шөмілдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағауияға «Медғат – Қасым» поэмасында Африкадағы плантатор мен намыскер ер құлдың алысқанын әңгіме еткізеді. Ақылбайға (Ақылбай Абайұлы) Кавказдағы Дағыстан туралы, Африкадағы зұлыстар туралы поэма жазғызады. Жастардың ұстазы болған Абай,

ең алдымен осындай білімді ақылшы, аға ақын болып зор қызмет етеді.

**Абай шығармашылығының зерттелуі.** Абай шығармаларын зерттеп, зерделеп, ғылыми тұрғыдан біртіндеп ашу әрекеті қазақ әдебиетінде 50-жылдардан бастау алады. Абайдың өмірі мен шығармашылығы жөніндегі өнімді еңбектер деп Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, К. Ысқақұлы, М. Дулатов, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, Ы. Мұстамбайұлы, Ғ. Тоғжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы ғылыми мақалаларын жазу барысында, белгілі Алаш көсемі, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің төрағасы Өлихан Бөкейхановтың пікірін негізге алады.

#### Ғалым пікірі

«... Абайдың көзі тірісінде, оны оқырман қауымға таныстырған адам – Өлихан Бөкейханов».

*Қайым Мұхамедханов*

Мысалы, А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «...жазушы Өлихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған...» деп дерек береді. Бұдан Өлихан Бөкейхановтың Абайдың мұрасына ерекше көңіл бөліп, Абайдың мұрасын зерттеу мәселесін алғаш қолға алғанына көз жеткіземіз.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болды. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына толық танытып, әдеби бейне қатарына жеткізді.

М. Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, Мұхтар Әуезовтің басшылығымен және

тікелей қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екітомдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет. Мұхтар Өуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазып шықты.

Кейінгі жылдарда абайтану ғылымы көптеген әдебиетшілер, тіл зерттеушілері, музыка мамандары және басқа ғылым салалары өкілдерінің еңбектерімен толыға түсті. Абайтану ғылымына С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Т. Тәжібаев, Қ. Мұхамедханов, М. Сильченко, Ы. Дүйсенбаев, З. Ахметов, Б. Ерзакович, М. Мырзахметов, Ғ. Есім, С. Қорабай, Ж. Ысмағұлов т.б. ғалымдар салмақты үлес қосты.

Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеуде М. Өуезовтің еңбегі зор. М. Өуезовтің шәкірті белгілі абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедханов ақын шығармашылығын, текстологиясын, ақындық мектебі өкілдері мұраларын жан-жақты зерттеп, академиялық басылым – «Абай» энциклопедиясын әзірлеуде, Мұхтар Омарханұлының кеңесімен Семей қаласындағы әйгілі Абай атындағы «Жидебай – Бөрілі» қорық-мұражайын ашуда өлшеусіз еңбек сіңірді.

Ақын шығармашылығын тереңінен зерттеуде ғалымдар М. Мырзахметовтің, Т. Жұртбайдың үлесі мол. Зерттеуші ғалымдар еңбектерімен танысқан сайын Абай әлемінің түпсіз тереңдігіне көз жеткізетін боласыңдар.

Қазіргі кезде әдебиеттану және басқа қоғамдық ғылымдар идеологиялық қатаң қағидалардың тар шеңберінен шығып, кең құлаш жаюға мүмкіндік алған жағдайда абайтану ғылыми жаңа белеске көтеріліп жалғаса, толыға беруі керек. Абай шығармашылығының танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін еңбектер ғана абайтану ғылымын байыта түспек.

Абай Құнанбайұлының лирикалық өлеңдері, қарасөздері, аудармалары, поэмалары («Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» /аяқталмаған/) т.б. артына қалдырған мол мұрасы – қазақ әдебиетінің қасиетті қазынасы.



**Берілген тапсырмаларды орындаңдар.**



**1-тапсырма.** Абайдың әкесі Құнанбайдың тарихтағы орны туралы айтып беріңдер. Абайдың тұлға болып қалыптасуына Құнанбай қандай бағыт-бағдар берді?



**2-тапсырма.** Абай шығармашылығының тарихына, зерттелуіне зер сала отырып, шығармаларының жанрлық ерекшеліктері туралы айтыңдар.



**3-тапсырма.** Абай өміріндегі әже тәрбиесіне назар аударыңдар. Қосымша дереккөздерге сүйене отырып, Абай өміріндегі әже рөлін айтып беріңдер.



**4-тапсырма.** Берілген үзіндіге зер сала отырып, Абайдың анасының шыққан тегі туралы әңгімелеп айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** А. Байтұрсынұлы Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында қандай пікір білдіреді? Мәтіннен пікірін тауып оқыңдар. А. Байтұрсынұлы берген деректер бойынша Абай Құнанбайұлы өмірінің сол кезеңін мазмұндап айтып беріңдер.



**6-тапсырма.** Мұғалім көмегімен Абай шығармаларының тізімін жасаңдар. Өздерің жинаған мәліметтер бойынша Абай шығармаларын жанрына қарай бөліп, кестеге толтырыңдар.

№	Абай шығармалары, атауы	Жанры



**7-тапсырма.** Абайдың өлеңдерінде өзі өмір сүрген қоғам шындығы қалай суреттеледі? Өмір шындығымен байланысын айқындап, талдап айтып беріңдер.

Абай өлеңдері	Қоғам шындығы



**8-тапсырма.** Абайдың өздерің білетін лирикалық өлеңдерінің біріне (мысалы, «Күз») әдеби талдау жасаңдар. Метафора, эпитет, теңеу, метонимияға жататын сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңдер.



**9-тапсырма.** Тәуелсіздік кезеңіндегі Абай шығармаларының зерттелуіне назар аударыңдар. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі абайтану зерттеулерін негізге ала отырып, «Тәуелсіз Қазақстан және абайтану» тақырыбында шығарма жазыңдар.



**10-тапсырма.** Абайдың М. Лермонтовтан аударған аудармалары туралы айтып беріңдер. Абай аудармаларының түпнұсқадан қандай ерекшеліктері бар?



**11-тапсырма.** Абай Құнанбайұлының А. Пушкиннен аударған аудармаларын түпнұсқасымен салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

Абай	А. Пушкин



**12-тапсырма.** Абайтанудың зерттелуіне үлес қосқан Алаш арыстары туралы деректер жинақтап, ғылыми тұрғыдан ойларыңды дәлелдеп, эссе жазыңдар. Алаш арыстарының еңбектерінің өміршеңдігі мен жаңашылдығына баға беріңдер.



**13-тапсырма.** Қ. Мұхамедхановтың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, «Абайдың ақындық ортасы» тақырыбында әдеби сын жазыңдар.



**Ғалым пікірі**

«Сегізаяқ» (сегіз жолды) – сол уақытта орыс, батыс әдебиетінде болмаған жаңалық. Мұнда көп нәрсені айтады. Өрбір шумағы бір түйінді пікірге айналып отырады. Абайда «Жалғыздың үні» ең алғаш осы өлеңінде айтылады. Бұл – жалғыздық, дарашылдық емес, заманынан ерте туған, озық ойлы жалғыздық трагедиясы.

*М. Әуезов*

**Әдебиет теориясы**

**Өлең ырғағы** – өлең сөзге тән өлшемділік, ол өлеңде белгілі бір өлшемді, ырғақтық үлгі-өрнекті қолданудың нәтижесі.

Өлең жолдарының, тармақтардың көлемі әдетте тұрақты болады. Мысалы, қазақ өлеңінде тармақ көбінесе 7–8 буынды, 11 буынды, 6 буынды. Өр тармақтың ішкі құрылысы, өрнегі болады. Жеті буынды өлең екі бөлшектен, яғни екі бунақтан құралады (4 буын – 3 буын), ал 11 буынды өлең үш бунақтан тұрады (3 буын – 4 буын – 4 буын немесе 4 буын – 3 буын – 4 буын).

Тармақтар белгілі мөлшерде топтасып, тұрақты шумақ өрнегі жасалады. Төрт тармақты шумақ – қай елдің поэзиясында болсын жиі қолданылатын үлгі.

*З. Ахметов*

**Өлең өлшемі** – өлең, жырларда біркелкі ырғақ сақтау үшін қолданылатын өрнек. Қазақ поэзиясында өлшем буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Мысалы, жырдың тармақтары, әр жолы үнемі не 7 не 8 буынды болып келеді. Қазақ поэзиясында, сондай-ақ алты буынды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі – он бір буынды. Тармақта буын саны төрттен асса, ол ырғақтық құрылысы жағынан алғанда бірнеше бөлшекке, бунаққа бөлінеді. Мысалы, алты буынды тармақта екі бунақ болады (3 буын + 3 буын).

*З. Ахметов*



**Шумақ** – бірнеше тармақтың шумақталып, белгілі ретпен топтасуы. Дүниежүзі поэзиясында ең көп тараған шумақ төрт тармақты болып келеді. Екі тармақты, алты, сегіз тармақты т. б. шумақтар да жиі қолданылады. Шумақ өрнегін түрлендіретін және өлең ырғағына қосымша күш дарытатын – ұйқас.

*З. Ахметов*

**Ұйқас** – өзара сәйкес тармақтардың, соңғы буындардың дыбыс үндестігінен туады. Төрт тармақты шумақтың ұйқасу үлгілері: **абаб** (кезекті ұйқас немесе шалыс ұйқас), **абба** (қаусырма ұйқас немесе орама ұйқас), **абвб** (аттамалы ұйқас).

*З. Ахметов*

**Сегізтармақ** – қазақ поэзиясында лирикалық өлеңдерде қолданылатын шумақ өрнегі. «Сегізаяқ» өлеңінде Абай сегізтармақты шумақ түрін өзінше өрнектеген. Оның өз өлшемі бар.

*З. Ахметов*

**Жеті-сегіз буынды өлең** – қазақ поэзиясында ерте кезден өте жиі қолданылып келе жатқан өлең өлшемі.

Майдағы жұрттың іші қар,  
Бөйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да сөнер ме?

*Абай*

**Жеті буынды тармағы екі бунақтан** (4 буын – 3 буын), **сегіз буынды тармағы үш бунақтан** (3 буын – 2 буын – 3 буын) құралады. Осы екі түрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі ретпен топтасады. Мысалы, төрттармақ, алтытармақ, сегізтармақ болып келеді. Жырда да осы тармақтар қолданылады, бірақ олар еркін араласып, түйдек-түйдек болып (тирада) топтасады. **Жеті-сегіз буынды өлеңнің**

қазақ поэзиясында Абайдан бастап лирикалық өлеңдерде (тек қысқа нақыл сөз, мақалдарда ғана емес) орныққан ырғақтық өрнегі бар. Бұл өлең өлшемінде сегіз буынды тармақтар екі 4 буынды бунақтан тұрады (4 буын – 4 буын).

Тәңір қосқан жар едің сен,  
Жар ете алмай кетіп ем.  
Ол кезімде бала едім мен,  
Аямасқа бекіп ем.

*Абай*

Сәкеннің «Аққудың айырылуы», «Анаға жауап», «Сыр сандық» атты өлеңдері осы өлшеммен жазылған.

*З. Ахметов*

**Аралас буынды өлшем** – қазақ поэзиясында ұзынды-қысқалы өртүрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі тәртіппен реттесіп келетін өлең өрнегі, Абайдың «Бай сейілді» сияқты өлеңдерінен бастап орныққан төрт буынды тармақпен жеті-сегіз орынды тармақтар араласып келетін өлең үлгісіне жатады. Сондай-ақ Абайдың «Сегізаяқ», «Сен мені не етесің» атты өлеңдерінде қолданылатын күрделі өлең өрнегі де аралас буынды болып келеді.

Ал кейде бір өлеңде екі түрлі қалыптасқан өлшемді, айталық, жеті буынды тармақтар мен он бір буынды тармақтарды араластырып қолдану да кездеседі.

*З. Ахметов*

**Сегізаяқ** – қазақ өлеңінде Абай қосқан шумақтың үлгісі. Абайдың «Сегізаяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады. Өлеңнің ырғақтық құрылысы өзгеше өрнектелген:

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағына жетіп қайырған –  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл.

Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесіп, араласуынан түзілген. Төрт түрлі дыбыс үндестігіне негізделген үйлесім бар (аабввбгг). Мұнда 3 және 6 тармақтар алыстан байланысады да, қалған көршілес тармақтар өзара үйлеседі. Келте тармақтарда 2 буынды, ал ұзын тармақтарда 3 буынды болып келеді. «Сегізаяқта» алдыңғы алты тармақ тезис есебінде келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады. Бұл өлең түрі – қазақ поэзиясында оқшау тұрған туынды.

«Сегізаяқтың» өлшемін, шумақтық өрнегін Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқа ақындар өз өлеңдерінде қолданды.

З. Ахметов

### СЕГІЗАЯҚ

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған –  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһра<sup>1</sup> ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ,  
Күлкішіл кердең наданның.

<sup>1</sup> Бәһра (парсыша) – пайда, білімнен үлес.

Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды –  
Әдеті надан адамның.  
Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.

...Болмасын кекшіл,  
Болсайшы көпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл.  
Орынсыз ыржаң,  
Болымсыз қылжаң  
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?  
Еңбек қылсаң ерінбей –  
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң қуан сол кезде.  
Біріңді қазақ, бірің дос  
Көрмесең, істің бәрі бос.

Малыңды жауға,  
Басыңды дауға  
Қор қылма, қорға, татулас.  
Өтірік, ұрлық,  
Үкімет зорлық  
Құрысын, көзің ашылмас.  
Ұятың, арың оянсын,  
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасың.  
Өтірік шағым толды ғой,  
Өкінер уақытың болды ғой.

Бір кісі мыңға,  
 Жөн кісі сұмға,  
 Өлі жетер заман жоқ.  
 Қадірлі басым,  
 Қайратты жасым  
 Айғаймен кетті, амал жоқ.  
 Болмасқа болып қара тер,  
 Қорлықпен өткен қу өмір.

Білгенге жол бос,  
 Болсайшы қол бос,  
 Талаптың дәмін татуға.  
 Білмеген соқыр,  
 Қайғысыз отыр,  
 Тамағы тойса жатуға.  
 Не ол емес, бұл емес,  
 Менің де күнім – күн емес.

Ғылымды іздеп,  
 Дүниені көздеп,  
 Екі жаққа үңілдім.  
 Құлағын салмас,  
 Тіліңді алмас,  
 Көп наданнан түңілдім.  
 Екі кеме құйрығын  
 Ұста, жетсін бұйрығың.

Атадан алтау,  
 Анадан төртеу,  
 Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
 Ағайын бек көп,  
 Айтамын ештеп,  
 Сөзімді ұғар елім жоқ.  
 Моласындай бақсының  
 Жалғыз қалдым – тап шыным.



**Берілген тапсырмаларды орындаңдар.**



**1-тапсырма.** «Сегізаяқ» өлеңін құрылысына қарай талда. Өлең құрылысындағы ерекшелік пен идеясы туралы өз ойыңды айтып бер.



**2-тапсырма.** «Сегізаяқ» өлеңінен өзіңе ұнаған бес шумақты жаттап ал. Жаттаған шумақтардағы негізгі ойды түсіндіріп бер.



**3-тапсырма.** Берілген үзіндіге мән бере отырып, «Адал болу, адам болу» қағидасын өз ойларыңмен тізбелеп айтып беріңдер. Бүгінгі ғаламдық деңгейде жастардың оқу-білімге ұмтылуы нені білдіреді?

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тіліңді алмас,  
Көп наданнан түңілдім.  
Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығың.



**4-тапсырма.** Өлеңнің хрестоматиядағы нұсқасымен толық таныса отырып, «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» сөзінің мағынасын әлемдік және ұлттық құндылықтармен салыстыра отырып, мәнін ашып, талдап беріңдер.

Әлемдік құндылық	Ұлттық құндылық



**5-тапсырма.**  
Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң қуан сол кезде.

Біріңді қазақ, бірің дос  
Көрмесең, істің бәрі бос.

Берілген үзіндіге назар аудара отырып, өлеңнің құрылысына мән беріңдер. Өлең идеясының өміршеңдігін талдап, айтып беріңдер.



**6-тапсырма.** Өлеңнің тақырыбы мен идеясына зер сала отырып, «Біздің қоғам – болашақтың қоғамы» тақырыбында шығарма жазыңдар.



**7-тапсырма.** Мәгінді тыңдай отырып, өз түсінгендеріңді талдап, ойларыңды қысқаша жазып шығыңдар. **Уақыты – 10 минут.**



**8-тапсырма.** «Сегізаяқ» өлеңінің өздерің талдаған өр шумағындағы (3-тапсырма) ақынның түйінді ойын негізге ала отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

«Сегізаяқ» өлеңінің тарихи және көркемдік құндылығы	
1	
2	
3	
4	
5	



**9-тапсырма.**

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ.

Моласындай бақсының  
Жалғыз қалдым – тап шыным, –

деген өлең жолдарында көтерілген мәселелердің жаңашылдығына өз көзқарастарыңмен баға беріңдер. Пікірлеріңді ғылыми талдап, айтып беріңдер.



**10-тапсырма.** М. Өуезов пен М. Мырзахметовтің ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, «Сегізаяқ» өлеңінде айтылған мәселелерге әдеби сын жазыңдар.



### Әдебиет теориясы

**Бунақ** – тармақтың ырғақтық құрылысы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобы. Ең жиі қолданылатын өлең тармақтары екі не үш бунақтан тұрады. Мысалы, жеті буынды тармақ 4 буынды және 3 буынды екі бунақтан құралады: («Айттым сәлем қаламқас»). Ал он бір буынды тармақ үш бунақты болып келеді. Мысалы: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін». Бунақтың өрнегі: 4 буын, 3 буын, 4 буын.

Бунақ көбінесе 3 буынды, 4 буынды, кейде 2 буынды болады.

**Тармақтың ырғақтық өрнегін, ішкі құрылысын** айқындайтын бунақ болса, өлең ырғағын кең көлемде толықтыра, күшейте түсетін тармақтардың топтасу қалпы – **шумақ** және сәйкес тармақтардың соңғы буындарының өзара үйлесуі – **үйқас**.

Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір буынды болады. Алты буынды өлең, онан да қысқарақ төрт буынды өлең жоғарыда аталған өлшемдермен салыстырғанда сиректеу кездеседі. Он бірден буын саны көбірек, мысалы, он төрт, он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді.

*З. Ахметов*



**Төрт буынды тармақ** – қазақ поэзиясындағы өлең өлшемінде қолданылатын, бір бунақтан тұратын ең қысқа өлең жолы. Тым қысқа болғандықтан, көбінесе өлең өлшемінде басқа ұзындау тармақтармен араласып келеді. Мысалы:

Кетті бірлік,  
Сөнді ерлік,  
Енді кімге беттемек?  
Елің – ала,  
Оты шала  
Тайса аяғың, кім көмек? (Абай)

Өлең тармағы төрт буынды болып қысқа келетіндіктен, жеке бір ойды білдіретін сөйлем, яки сөйлемшелер (фраза) қатар екі тармақты қамтып отырады да, мағынасы жағынан да, айтылғандағы дауыс толқыны (интонациясы) жағынан да тармақтар екі-екіден топтасып келеді. Сондықтан төрт буынды өлең ырғағы, сегіз буынды өлшеммен жазылған өлеңге өте жақын болады.

*З. Ахметов*

**Қара өлең ұйқасы** – төрт тармақтың бірінші, екінші және төртіншісі бірыңғай ұйқасады. Ұйқас өрнегі **ааба** болып келеді.

Қара өлең ұйқасы – қазақ тілінің табиғатына, сөйлем құру өзгешелігіне бірден-бір сәйкес келетін, нағыз төлтума ұйқас. Он бір буынды өлеңде ең жиі кездесетін ұйқас өрнегі – осы.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. (Абай)

*З. Ахметов*

**Қара өлең** – қазақ халық поэзиясының байырғы жанрларының бірі. Он бір буынды, төрт тармақты болып келеді де, **ааба** түрінде (қара өлең ұйқасы) ұйқасады және міндетті түрде белгілі бір әуенмен айтылады.

Қара өлең шумағындағы бастапқы екі жол көбінесе аяқталған ой, тиянақталған тұжырымға немесе айқын образға негізделіп, ассоциативті-психологиялық арқау рөлін атқарады да, кейінгі екі жолмен логикалық, эмоциялық ыңғайда қабысады.

*Ғ. Доскенов*



### ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
 Үстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
 Жақсы менен жаманды айырмадың,  
 Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.  
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
 Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
 Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.  
 Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,  
 Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.  
 Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
 Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?  
 Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
 Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,  
 Оның да алған жоқ па Құдай күлқың?  
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
 Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
 Баста ми, қолда малға талас қылған,  
 Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.  
 Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,  
 Өр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
 Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
 Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?

Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,  
 Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.  
 Ұғындырар кісіге кез келгенде,  
 Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

### ЛАЙ СУҒА МАЙ БІТПЕС ҚОЙ ӨТКЕНГЕ

Лай суға май бітпес қой өткенге,  
 Күлеміз қасқыр жалап, дөметкенге.  
 Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
 Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?  
 Берген бе Тәңірім саған өзге туыс?  
 Қыласың жер-жаһанды бір-ақ уыс.  
 Шарықтап шартараптан көңіл сорлы  
 Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?  
 Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,  
 Өзіңе құмар қылған оның өмірі.  
 Халиққа<sup>1</sup> махлұқ ақылы жете алмайды,  
 Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһри<sup>2</sup>.  
 Өзгені ақыл ойға қондырады,  
 Біле алмай бір Тәңіріні болдырады.  
 Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,  
 Талпынып тағы да ойлап зор қылады.  
 Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,  
 Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
 Ақылдың жетпегені арман емес,  
 Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.  
 Мекен берген, халық қылған ол ләмөкан<sup>3</sup>  
 Түп иесін көксемей бола ма екен?  
 Және оған қайтпақсың, оны ойламай,  
 Өзге мақсат ақылға тола ма екен?  
 Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,  
 Иілтiп екі басын ұстаған хақ.  
 Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
 Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

<sup>1</sup> **Халиқ** (*арабша*) – жаратушы деген мағынада.

<sup>2</sup> **Дәһри** (*арабша*) – ақыретке сенбейтін құдайсыз, дінсіз. Бұл жерде – сенімсіз, күдікті деген мағынада.

<sup>3</sup> **Ләмөкан** (*арабша*) – мекенсіз.



**Берілген тапсырмаларды орындаңдар.**



**1-тапсырма.** «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдерінде не туралы айтылады? Идеясы неде? Талдап, өз ойларыңды айтыңдар.



**2-тапсырма.** «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін талдап, сол кезеңдегі қазақ қоғамының жай-күйін түсіндіріңдер.



**3-тапсырма.** 1. Берілген үзінділерді пайдалана отырып, белгіленген сөздердің қандай көріктеу құралдарына жататынын табыңдар.  
2. Осыған сәйкес келетін синоним сөздерді анықтап, айтып беріңдер.  
3. *Көңілдің жайлауы* тіркесін пайдалана отырып, өз ойларыңнан өлең шығарыңдар.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым	Лай суға май бітпес қой өткенге
<p>Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Үстарасыз аузыңа түсті мұртың. <i>Жақсы менен жаманды айырмадың,</i> Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.</p>	<p>Лай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр жалап, дөметкенге. Сол қасқырша алақтап түк таппадым, <i>Көңілдің жайлауынан</i> ел кеткен бе?</p>



**4-тапсырма.** «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңіндегі өздеріңе мағынасы беймәлім сөздерді анықтап, мағынасын түсіндіріп айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** Берілген үзіндіні дәптерлеріңе көшіріп жазып, әдеби талдау жасаңдар.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,  
Оның да алған жоқ па Құдай құлқын?  
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.



**6-тапсырма.** Берілген үзіндіні тыңдап, өлең жолдарындағы психологизмді табыңдар. **Уақыты – 10 минут.**



**7-тапсырма.** Ақын қандай өнеге, жол көрсетеді? Түсінгендеріңді қарасөз түрінде жазып беріңдер. **Уақыты – 10 минут.**



**8-тапсырма.** «Қалың елім, қазағым...» өлеңін оқып, ғылыми дереккөздерін пайдалана отырып, өз пікірлеріңді ортаға салыңдар. Өлеңнің тарихи құндылығына баға беріңдер.



**9-тапсырма.** Берілген өлеңдердегі лирикалық кейіпкердің жан дүниесін анықтап, «Адамгершілік – ізгі қасиет» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



**10-тапсырма.** Белгілі ғалымдар М. Мырзахметов, Т. Жұртбайдың абайтануға байланысты жазылған ғылыми мақалаларын тауып оқыңдар. Абайтану кезеңдерінің зерттелуіне байланысты әдеби сын жазыңдар.



#### Ғалым пікірі

**Қарасөз (проза)** – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы, өлең сөзден (поэзиядан) айырмасы – онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сәйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемдер сақталмайды.

Жазушы шығармасын оқи отырып, қарасөзді тапқыр да, ұтқыр қолданғанының куәсі боламыз. Суреткердің бейнелеу тәсілін сезінеміз. Абайдың қарасөздерінің өзгешелігі бар, ол нақыл әңгіме түрінде алынған. Сюжеті, кейіпкері жоқ, түрлі өмір құбылыстары мен қоғамдық мәселелер жайлы ойтолғау ретінде келеді.

*Ө. Күмісбаев*

**Ғақлия** (араб. – дана сөз, даналық маржандары деген мағынада) – көркем қарасөз, нақыл сөздің бір түрі. Прозаның қазақтағы алғашқы қысқа, нұсқа үлгілерінің бірі. Жанрлық өзгешелігі жағынан алғанда бетпе-бет отырған, мәслихат құрғанда айтылатын сөз түрінде келеді. Прозаның бұндай ықшам түрін жанр ретінде қазақ әдебиетіне алғаш әкелушілер – Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлы. Бұл бұрынғы түркітілдес әдебиетте бар үлгі-тін. Қазақ топырағына жаңғырып келді. Абайдың ғақлия сөздерінде сол кезеңдегі қоғам өміріне аса қажетті сан алуан мәселелер қозғалады. Мысалы: «Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде гибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, бекіту керек, төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

*Ө. Күмісбаев*

**Нақыл сөз** – даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы әрі мағыналы сөз. Мысалы: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, сынаушысы – халық, қорғаушысы – сабыр, таусылмайтын – арман, ең қымбаттысы – ар, барлығынан ардақтысы – өмір».

*Ө. Күмісбаев*

## ОН ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Қайрат, Ақыл, Жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, тала-сып келіп, Ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, Ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абырой, мансапты еңбексіз табуға болады. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәһарлықтан, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ақыретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті. Онан соң Жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойла-тып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті. Сонда Ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: «Ей, Қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты

берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті. – Ей, Ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан Тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. – Бірақ сонда билеуші, әмірші Жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, Жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де Жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты Ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіден менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен Жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны – осы», – депті.



### Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** Берілген қарасөздердің тәрбиелік мәні неде? Қарасөздердің тақырыбына зер салып, өз түсінгендеріңді айтып беріңдер.



**2-тапсырма.** «Қарасөз», «нақыл сөз», «ғақлия» терминдеріне анықтама беріңдер.



**3-тапсырма.** Берілген қарасөздердің мазмұнын ашатын білім, өнер туралы бес мақал-мәтелді дәптерлеріңе жазыңдар. Жазғандарыңды бір-біріңе айтып беріңдер.





**4-тапсырма.** Берілген үзіндіні өз ойларыңмен жалғастырып, қарасөзді аяқтап, жазып шығындар.

«...Қайрат, Ақыл, Жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, Ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, Ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз көмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты рибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абырой мансапты еңбексіз табуға болады. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәһарлықтан, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті. Ақыл айтыпты: ... .

Қайрат айтыпты: «.....».

Жүрек айтыпты: «.....».

Ғылым айтыпты: «.....».

Өздеріңнің қорытынды ойларың: «.....!»

### ОТЫЗ ЕКІНШІ ҚАРАСӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас.

Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім – ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур<sup>1</sup> хасил болады. Сол рақат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседі болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңілің-

<sup>1</sup> Хұзур хасил (*арабша*) – келген, оралған, нәтиже, мағына.

нің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа<sup>1</sup> бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі, әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хусідшілікті<sup>2</sup> зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бөлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану<sup>3</sup> жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық,<sup>4</sup> мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Егер де ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар,

<sup>1</sup> **Бахас** (*арабша*) – алдау, қиянат жасау, біреудің адамгешілігіне сөз келтіру.

<sup>2</sup> **Хусідшілік** (*арабша*) – күншілдік, іштарлық.

<sup>3</sup> **Хирслану** – ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу, мақсат қою.

<sup>4</sup> **Ғурурлық** (*арабша*) – менмендік, мансапқорлық, тойынғандық, төкаппарлық.

зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе әуелі – құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!



### Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** 1. Берілген үзіндіні жаттап, мәнерлеп айтып беріңдер.

«Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!».

2. Берілген үзіндіні пайдалана отырып, әдептілік, ар, ұят, мінез туралы мақал-мәтелдерді тауып, жазып, идеясын талдап айтып беріңдер.



**2-тапсырма.** «Он жетінші қарасөз» бен «Отыз екінші қарасөзді» мазмұнын салыстыра отырып, төмендегі кестені толтырыңдар.

Он жетінші қарасөз	Ұқсастығы	Отыз екінші қарасөз



**3-тапсырма.** Мұғалімнің көмегімен «Отыз екінші сөздегі» берілген сөздердің мағынасын ашып, түсініктеме беріңдер:

*рақат хұзур хасил, бахас, хусідшілік, хирслану, гурурлық, хусідшілік, хақиқат, ижтиһат, бірі – мұлахаза қылу, мұхафаза қылу, жаһат, зинһар, гибрат.*



**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар, қарасөзде кездесетін мақал-мәтелдерді талдап, «Мақал – сөздің мәйегі» тақырыбында шағын шығарма жазыңдар.  
**Уақыты – 15 минут.**



**5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, қарасөздегі мақал-мәтелдер туралы өз ойыңды білдіріп, сыни баға бер.  
**Уақыты – 10 минут.**



**6-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, Абай қарасөздерінің тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.  
**Уақыты – 20 минут.**



**7-тапсырма.** Абай қарасөздеріндегі білімді болу идеясын ұстана отырып, «Мамандығым – мақсатым» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



**8-тапсырма.** М. Өуезовтің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, «Абайдың қарасөздері» тақырыбына әдеби сын жазыңдар.



## Абайдың поэмалары

Поэмалардың жазылған жыл мөлшерін анықтап, нұсқау қиын. Абайда төрт поэма бар. Үшеуі – Абайдың өз еңбегі. «Вадим» – аударма, бірақ шартты түрде қарасөз түрінде жазылған әңгімені поэма етіп жазу – үлкен еркіндік.

«Масғұт» – Бағдатта болған уақиға, шығыстың өсиет әпсанасы болуы керек. Бақ иесі Қызыр деп айтуы: «Қызыр кімге көрінсе, соған бақ әкеледі, мал, дәулет әкеледі» деген наным шығыс елінің бөрінде бар. Соның Масғұтқа кездесуі жігіттің адамгершілік сипатын көрсетеді. Жігіттің даналықтан да, байлықтан да безіп, қызыл жемісті алуы – адам баласына дос болудың мақсаты, өзіне дос іздеушілік. Поэманың аяғы – қоғамдық сатира. Поэма уақиғаға құрылған емес. Ойлы философия негізінде жазылған. Абай поэмада өзінің дүниеге көзқарасын, елге айтып жүрген өсиетін танытуды көздеген мақсаты оны ахлақ (мораль) философиясына әкеледі. Өзінің өсиет етіп айтатын адамын даралап көрсетеді. Біріншіден, Масғұт тілегі – достық, әділдік, адамгершілік, қанағат. Іштей бүріскен, күйкі адамның бейнесі емес. Бірақ сондай адамның өзіне де өмір күледі. Өйткені жұрт ақылдан пайдаланбайды. Қайта өзіме ұқсасын деп тілек етеді деп әжуа қылады. Сондықтан поэманың екінші бөлімі қоғамдық сатирамен аяқталады. Көпшілік біреудің оқшау шыққанын ұнатпайтынын әшкерелейді. Сондықтан ақылды болғанда жынды деп, жынданғанда дұрысталды деп түсінеді. Абай бұл поэманы адамның қасиетті тұлғасын көрсету мақсатында жазған. Бұл поэма Абайдың өлеңі мен қарасөздерінде айтып келе жатқан өз өсиетінің негізгі қорытындысы сияқты.

Бұл поэма Абайдың сюжетті шығарма жаза алатындығын көрсетеді. Шығыстың әпсаналарынан туғандықтан Абайдың сөздігінде Шығыс классиктерінде кездесетін теңеу сөздер де ұшырасады (Махмуд, Шамши-Жаһан т.б.). Осыған қарағанда Абай бұл шығарманы жазғанда ақындық сөздігіне де әсер еткен.

*М.О. Әуезов*



## МАСҒҰТ

(поэмадан үзінді)

Я, Алла, құрметіне достың Махмұт,  
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт.  
Наруан-Рашид халифа заманында  
Бағдатта бір жігіт бар, аты – Масғұт.

Шаһардан бір күн Масғұт шықты тысқа,  
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?  
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде  
Кез болды бір бейшара шал байғұсқа.

Шал байғұс айғайлайды аттан салып,  
Айырып алған жан жоқ оны барып.  
Кім де болса, бір ерлік қылайын деп,  
Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып.

Масғұтты ұры шапты қылышпенен,  
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.  
Есен-аман шал дағы құтылыпты,  
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

Масғұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп,  
Көрсен, бастан ағып тұр қан дірдектеп.  
Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші  
Жігіт қой ер көкірек, жаужүрек деп:

– Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,  
Көргейсің ерлігіңнің берекесін.  
Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,  
Маған қылған қарызыңды Алла өтесін!

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,  
Атақты артық туған жан емеспін.  
Себеп болып айырдың мені ажалдан,  
Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен – бір шал дүниеде жиһан кезген,  
Ертең түсте кетемін шәріңізден.

Ертерек пәлен жерден тосып тұрып,  
Алып қал бір базарлық, жаным, бізден.

Пұл үшін қызықпассың, сен де – бір ер,  
Сені маған кез қылған пәруардігер.  
Бір құданың хақы үшін мен тілеймін,  
Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!

– Ұрыға жібермедім мен намысты,  
Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі.  
Алла хақы деген соң амал да жоқ,  
Барайын, – деп уәде етіп қол қағысты.

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,  
Шал да душар алдынан бола қалды.  
Қолынан ұстап алып, ертіп барып,  
Далада бір бұзылған тамға апарды.

Барса, тамда бір гүл түр солқылдаған,  
Басында үш жеміс бар былқылдаған:  
Бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – сары,  
– Таңдап ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,  
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,  
Егерде қызыл жеміс алып жесең,  
Әйелдерде жан болмас сенен қашар.

Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды,  
Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.  
Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,  
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

– Мен беремін, танбаймын айта тұра,  
Өкінбесең түбінде жүре-бара.  
Ақ пен сары екеуін алмағаның  
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

– Мен болсам егер ағын жемек дедім,  
Ақылды болдым елден бөлек дедім.  
Мен ақылды билемен не қылсам да,  
Ақыл мені билесе керек дедім.

Ақылды жан табылмас маған сырлас,  
 Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.  
 Өділетсіз, ақылсыз, арсыздарды  
 Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас.

Адам дертті болмай ма құса тартып,  
 Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып.  
 Ептеп бағып, есерге ем таба алмай,  
 Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,  
 Аузына тамам жанның болдым сөзі.  
 Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,  
 Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,  
 Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.  
 Не қылса да, надандар алмақты ойлар,  
 Мал антұрған күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәметпек – қайыршылық,  
 Ақылды ерге ар болар ондай қылық.  
 Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма?  
 Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсең, қалар оларда несі ардың?  
 Бермесең, сен дағы ит бірге болдың.  
 Не өзің ит немесе бар елің ит,  
 Дауасыз бір пәлеге міне қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,  
 Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?  
 Әйелдерде көп жан ғой, досым болса,  
 Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,  
 Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?  
 Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,  
 Сонда әйел болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?  
 Бойында тексерілмес дау бола ма?



Ері ашу айтса, әйелі басу айтып  
Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,  
Берсеңіз, жемек болып бел байладым.  
Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,  
Басында-ақ ойлап тегін абайладым.

Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:  
– Ендеше тауып айттың, же, шырағым.  
Ақыл, дәулет әуелден өзіңде екен,  
Өміріңмен артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр\* еді,  
Ебін тауып даруға кезі келді.  
Сөзіне, ақылына, қылығына  
Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,  
Соңында Шәмсі-жиһан атаныпты.  
Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген,  
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.

**Қыдыр.** Қыдыр ата, Қызыр (араб.: Әл-хидр, Әл-Хизр – жасыл адам) – 1. Ислам дініндегі пайғамбар. Кейбір дінтанушы ғалымдар оны Ілияс пайғамбар деп жорамалдайды. Құран Кәрімнің Кәһф сүресінде Мұса пайғамбар сапарға шыққан кезде Қыдырға жолыққаны, Алланың оны Мұсаға тағылым үйрету үшін арнайы жібергені жайлы айтылады 2. Түркі халықтары мифологиясында кездесетін мифтік бейне.



### Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** Поэманың идеясын табыңдар. Поэманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдап, дәптерлеріңе жазыңдар.



**2-тапсырма.** Масғұт образының әдеби портретін жасаңдар. Көркемдік ерекшелігін талдап, айтып беріңдер.



**3-тапсыма.** Берілген үзіндіні оқыңдар.

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр еді, –  
Ебін тауып даруға кезі келді.  
Сөзіне, ақылына, қылығына  
Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,  
Соңында Шәмсі-жиһан атаныпты.  
Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген,  
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.

Осы үзіндіні негізге ала отырып, Қыдыр ата туралы деректер жинаңдар. «Қазақ даласындағы Қыдыр бейнесі» тақырыбында фольклор деректерінен үзінділер келтіріп, салыстыра, талдап айтып беріңдер.



**4-тапсырма.** Бата беру ұғымы нені білдіреді? Батаның адам өміріндегі рөлі қандай? Масғұт кімнен бата алды? Поэмадан бата туралы жерін тауып, оның маңыздылығын мысал келтіре отырып айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** Поэма сюжетіне мән бере отырып, композиция құрылысына қарай талдағандарыңды айтып беріңдер.



**6-тапсырма.** Хрестоматиядан поэманың толық мазмұнымен танысыңдар. Поэма кейіпкерлерін анықтаңдар. Хан мен Масғұттың әрекетіне қандай баға берер едіңдер?



**7-тапсырма.** Поэманың негізгі идеясында ақын атап көрсеткендей, ер адамның жанындағы жолдасы, ақылшы, жанашыры әйел болатынын Масғұттың қызыл жеміс жегенінен көреміз. Осы оқиғаны өз ойларыңмен ары қарай жалғастырыңдар. Поэманы өздерің қалай аяқтар едіңдер? Өз ойларыңды айтып беріңдер. «Ана – өмір шырағы», «Арулар – асыл жандар» тақырыптарының біріне шығарма жазыңдар.



**8-тапсырма.** Берілген үзіндіні тыңдай отырып, өзіндік пікіріңді әлемдік және қазақы құндылықтармен салыстырып, талдап, жазып бер.

**Уақыты – 15 минут.**



**9-тапсырма.** Поэма сюжетіне қандай шығарма себепкер болған? Поэмада баяндалатын өнегелі істерге мән беріңдер. Көркемдік ерекшелігіне назар аударып, тарихи құндылығына баға беріңдер.



**10-тапсырма.** Хрестоматиядан поэманы оқып, берілген үзіндіге мән беріңдер.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алыпты,  
Соңында Шәмсі-жиһан атаныпты.  
Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген,  
Жетіліп бізге ғибрат сөз қалыпты.

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,  
Жалғанның дәмін бұзып, қауіп қылғызған.  
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,  
Арашашы іздепті қатын, қыздан.

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?  
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.

Үзіндіде қандай өміршең мәселе көтерілген? Туған жер адамға не үшін қажет? Туған жерді тастап кетуге бола ма? Өз ойларыңды қорытындылап, поэмада көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беріңдер.



**11-тапсырма.** «Масғұт» поэмасы туралы жазылған ғылыми дереккөздерін жинақтаңдар. Өздерің жинаған ғылыми зерттеу еңбектеріндегі дереккөздеріне сүйене отырып, «Масғұт» поэмасының көркемдік ерекшелігі тақырыбында әдеби сын жазыңдар.



## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ



Бұл тарауда жазушы Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесімен танысамыз. Туынды оқиғасы нақты тарихи деректерге құрылған. Романда халқымыздың біртуар перзенті, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың адами болмысы, өмірінің ерекше кезеңдері, бастан өткерген қиындықтары мен қуанышты сәттері шебер суреттелген.

Роман-эссе – проза жанрларының ішіндегі жаңа түрі. Ол – соны пікірлер мен тың деректерге көбірек мән беріп, оқырманды ой теңізінде жүздіріп, таңдай қақтыратын, сол арқылы адамның рухани әлеміне азық сыйлатын көркем туынды.

### МЕДЕУ СӘРСЕКЕ

(1936 жылы туған)



Медеу Сапаұлы Сәрсеке Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Абыралы ауданының Қайнар ауылында 1936 жылы 2 қаңтарда туған. Орта мектепті Алтын медальмен тамамдап, Алматыдағы Кен-металлургия институтына түсіп, 1958 жылы инженер-металлург мамандығын иеленген. Жазушының «Ғажайып сәуле» (1959), «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), «Жетінші толқын» (1964), «От және атом»

(1965) ғылыми-фантастикалық туындылары жеткіншектерге арналған. Өндіріс адамдары жайлы «Жеті жылдықтың жігіттері» очерктер кітабы (1961), «Қаз қайтқанда» (1968), «Айшықты мезет» (1969) деректі повестері жарияланды. 2002 жылы академик Қ. Сәтбаев жайлы орыс тілінде «Планета Сатпаева» және «Через тернии» кітаптары оқырманға жол тартқан. Ол – қазақтың Қанышын өлемнің 112 еліне танытқан қаламгер. «Сәтбаев», «Ебіней Бөкетов» атты деректі

ғұмырнамаларын (1980, 1989), «Шығыс хикаясы» пьесасын (1971), «Жаңғырық» (1979), «Көмбе» (1985) романдарын жазды. А. Беляевтің «Қосмекенді адам» романын қазақ тіліне аударған. «Құрмет» орденімен (2001), «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

#### Ғалым пікірі

Қазақтың осындай текті дәстүрінің соңғы кезде өрісін ұзартқан тегеурінді туындыларының бірі – жазушы Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» атты ғұмырнамалық роман-эссесі... Романда Қаныш Сәтбаев бейнесі қазақ халқының XX ғасырда басынан өткерген барша жетістігі мен жеңісінің, қиындығы мен қасіретінің куәгері ретінде ғана суреттеліп қоймайды, сол күрделі кезеңнің бел ортасында жүрген қаһарманы тұрғысында сомдалған. Автор тек суреткер ретінде ғана емес, инженер-металлург ретінде де Қ. Сәтбаевтың кәсіби және ғылыми өмір жолын саралай суреттеуге келгенде қаламгерлік қарымдылығына қоса, тақырыпты кәнігі біліктілікпен игерген тереңдік танытып отырады. Ғұмырнамалық романды шынайы көркемдік биікке көтере алған себептердің бірі осы екені шөк келтірмейді.

*Р. Нұрғали*

Бүгінгі күннің биігінен қарағанда менің көзім шүбесіз иланатын шындық: Қазақстан ғылымының жолы әуелден-ақ құтты болды. Өйткені оны құру ісімен Қ. Сәтбаев айналысты. Тәңірім өз уақытынан көп жылдар ілгеріге озып жүруді маңдайына жазған Қаныш Имантайұлы тап осындай аяулы жан еді...

ҚР ҰҒА академигі *Ш. Шөкин*.  
1992 жыл

Мен өзім қолжазбаның қосымша даналарын ғалымның жұбайы Т.А. Сәтбаеваның мақұлдауымен химик Ө. Бектұров, тарихшы-археолог Ө. Марғұлан және ғалым-геолог А. Қаюповқа апардым. Үшеуі де – академик Қаныш Имантайұлымен өмір бойы бірге өскен, рухына адал ізбасар замандастары.

Ғұмырнаманың сол нұсқасы төрт ай бойы мұқият тексерілді. Геология институты тағайындаған ғылыми рецензенттерді – Таңат Едіресов, Қалкен Жәмінов және Нұрғазы Нұралинді қосқанда жеті адам шұқшия оқыды.

Автор *Медеу Сәрсек*

### Әдебиет теориясы

Әдебиеттегі адам психологиясы мен іс-әрекетінің әр алуан бұралаң-иірімдерін ғана емес, сол көркем бейнені жасауға керек өмірлік материалдың өзін жазушы сұрыптап, саралап пайдаланады.

Шындық құбылыстарды типтендіре **жинақтау** арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар, оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін **даралайды**. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек, оқшау танытып тұратын, оның тек өзіне ғана тән, өзгелерде жоқ және қайталанбайтын психикалық ерекшеліктері болуы шарт.

З. Қабдолов

**РОМАН** (франц. roman, нем. roman, ағылш. novel – орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма осылай айтылған) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма.

Роман жанрының бірнеше түрлері бар. Мәселен, тарихи роман, деректі роман, мемуарлық роман, публицистикалық роман, детективті роман т.б. Бірақ мәселе мұнымен бітпейді. Әдебиеттің бүгінде кемелденіп, дамуына байланысты романның жоғарыда айтылғандардан басқа да жаңа түрлері пайда болуда.

А. Ысмақова



### ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

(роман-эсседен үзінді)

*Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігіне бостандық сүйгіш қазақ халқы ие. Қазақ деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді. Оның санасында бұл сөз киелі де ұлы ұғым болып қалыптасқан...*

Қаныш Сәтбаев, 1949 жыл

### КЕНЖЕТАЙ

Сәтбай қажыға қарасты Кіші ауылдың тұрғындары көктем шуағы жылт еткенде-ақ қыстауды тастап, Қарамұрын қырқасына қоныс аударған. Рас, бәрі емес, жол-жөнекей тігетін ұранқай үйлерімен ғана көшкен. Ас-су, қазан-аяқ қорада. Жайлауда күн қызған шақта тігілетін үлкен үйлер де қоймада жатыр. Бұлар қора іргесінен аулаққа қонып, жұрт ауыстырып жатқанда, төңіректегі ауылдар жайлауға көшуді бастаған. Соның алғашқы белгілері қыр астындағы қара жолдың бойынан белең беріп, кешелі-бүгінде боздаған түйелер дауысы мен арбалар шиқылы, үрген ит, дабырлаған адамдар үні естілген.



Сәтбай ауылы жайбарақат қалпында отыра берді: күннен-күнге қызуы молайып жадырай түскен күншуақты сезбегендей, бірер апта бейғам отырса – қаржас ауылдарының қалың көшінен қара үзіп, күллі Ақкелін атырабында сопиып оңаша қалатынын білмегендей сыңай аңғартты...

Сәтбайдан екі ауыл тарайды. Алғашқысы – қажының қарашаңырағы орнаған Обалы биігінің іргесіндегі Үлкен ауыл; екіншісі – Қарамұрын дөңінің түстік етегіндегі Кіші ауыл – Имантайға қарасты екі-үш үй. Екі ауылдың арасы қозы көш жер. Ортада шалғыны белуардан келетін кең өлке жатыр, оны қақ жарып, Айырық атты жіңішке өзен ағады.

Айырықтың теріскей жағасына Имантай ауылы шаңырақ көтергенде небәрі екі түтін еді – Имантайдың отау үйі мен аталас ағайын Қасеннің отбасы. Бертінде бұларға тағы да екі үй қосылды. Айналасы бес-алты жылда жатаған қырқаның етегі өріске шығарар қараң-құраңы едәуір көрікті мекенжай болып бой көтерді. Бүгінде Кіші ауылдың түтіні бұрынғыдан да жоғары. Екі ауылдың үлкен-кішісінен бір жан Имантайға: «Би-аға, мұның не? Топырақ қауып ескі қыстауда қашанғы отырамыз?» дей алмайды. Қайсысы болсын, алдына шақырса – бидің қабағын бағып, не айтасыз дегендей қол қусырып қарап тұрады... Иә, бұл күнде ол – Сәтбай қажыдан тарайтын екі ауылдың көшбасшысы, көш-қоны ғана емес, өзге жөніне де билік айтатын бірегей басшысы. Әлбетте, Имантай бидің қадірі өзіне қарасты екі ауылмен ғана шектелмейді, оның бір ауыз сөлемін ат шаптырым төңіректегі қаржас, бабас, атығайда, бүкіл Ақкелін болысында екі айтқызбай орындау – соңғы он-он бес жылда бұлжымас рәсімге айналған өнеге.

Сөйте тұра ол кеудесін кернеген өксіктен құралақан емес-ті. Иә, Имантайдың өмірдегі зор өкініштерінің бірі – бала зары. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызына ол алпысыншы жылдары үйленген. Содан бері отыз жыл өтті. Жастай қосылған жарына өкпесі жоқ, өмірдің небір қызық, бақуатты кезеңдерін жарастықпен өткізіп келеді. Тағдырдың қатал жазасына не шара, ертеректе көрген Күнше есімді қыз бала ғұмырлы болмады, жүгіріп жүргенде дүниеден өтті. Ал бала зары жасы ұлғайған сайын зорайып, жүрегін сыздатады...

...Шарасыз жағдайды жүрек ділімен түсінген Кіші ауылдың бәйбішесі төсек күндес жанды алты шақырым жер-



дегі жақын ағайын Шорман ауылынан таңдайды: ол болса – күйеуі Қанафия (Қашапеддин) Мұстафаұлы жастай өліп, жесір қалған Әлима, имандылығымен елге танылған Иса қажының қызы еді...

Әлиманың қадірі, әсіресе перзент көтеріп, ауыл ағасының өзегін өртеген өмір бойғы зар-күйігін іңгөлаған бала дауысымен тарқатқаннан беріде өзгеше арта түседі. 1862 жылы туып, ақсақалы төртінші мүшеліне тақаған шағында сүйген тұңғышының есімі – Қазиза. Екі жылдан соң Әлима тағы да перзент көтереді. Жасы қырық тоғызға шыққанда төртінші мүшелінде зарығып та, сағынып та көрген ұлына Имекең ерекше қуанып, ат жарыстырып, палуан күрестіріп, той жасаған деседі.

Қасиетті Құран кітабын қолына ұстап отырып, азан айтып, аузы дуалы Құрмантай абыздың нәрестеге еншілеген есімі – Ғабдулғазиз, арабшадан аударғанда Ғабділ – құл, Ғазиз – адал деген ұғымның баламасы, демек, ол адамның емес, Алланың адал құлы болуға тиіс. Алайда адам баласы долбарлайды, ал жазмыш өзінше жасайдының кері болды. Имантай шаңырағына мол қуаныш әкелген сәби анасының сол сәтте аузына оралған Бөкеш деген байырғы қазақы есіммен ауыл-аймағына танылды. Тек ресми құжаттарына азан аты қысқарып, Ғазиз деп жазылмақ.

Әлиманың алғашқы күйеуі Қанафия марқұм өкпесін дендеген құрт ауруынан опат болған. Құдай қосқан жарына марқұмның қалдырып кеткен «мұрасы» да – кеуде дерті. Сол дерт байғұс әйелді жаңа жұртында да босатпай, балалы болып, бағы жанып, қадірі артқан сайын бойын меңдеп, шыр айналдырып баққан. Әсіресе, биылғы қыс. Бір күн сау болған жоқ, ыңқыл-сыңқылы көбейіп, көш-қонды, жол тауқыметін көтере алмайтын дәрменсіз халге жеткен. Оның үстіне, байғұс әйелдің аяғы ауыр, босанатын мезгілі таяу-ды. Сол мезет жақындаған сайын қажыға қарасты екі ауыл жүкті ананың қасына кексе әйелдерден күтуші қойып шыдамсыздана тосуда...

Көкек айының туарына бір тәулік қалғанда ақ түйенің қарны ақтарылды. Әлима ұл туды.

Бұл жолы да Құрмантай абызға жаушы жіберіледі. Жайлауға ұзап кеткен жолынан батагөй қарт кейін қайтады.

Екі ауылдың үлкен-кішісі Имантай бидің қонақүйіне жиналып, алқа-қотан отырады. Енесін арда емген жабағының астау толы еті желінгеннен кейін дастарқанға бата жасалады. Иісі қаржастың үлкені саналып, дүйім ел қадір тұтатын Құрмантай ақсақалдың (Бұқар жырау Қалқаманұлының ақындығы дарыған, XIX ғасырдағы Қүреке аталған ұрпағы) алдына құндақтаулы нәресте келтіріледі.

– Қадірменді Имеке, – дейді абыз ауыл иесіне қарап, – мына балаңды ел билейтін бек, иә болыс, мырза, әлқисса батыр деген балама есімге байламаймын. Мұның да есімін ат ұстар үлкенің Ғабдулғазизге ұқсатып Ғабдул қоямын. Тәубешіл көңілің разы болғай, жадағай-жабы құл емес, еңсесі биік һәм мәртебелі құл атансын деген үмітпен Ғабдулғани атаймын... – Қарт абыз нәрестенің үлбіреген бетін ашып, ашық маңдайын еміне иіскеп, құлағына тақай түсіп, – Ей, бейкүнө балақан, бұдан былай сенің есімің Ғабдулғани, Ғабдулғани, Ғабдулғани болады! – деп үш мәрте қайталап, дұға оқып, рәсімді батасын жасап, бетін сипады.

Нәресте қыбыр еткен жоқ. Өзі үшін өзгеше оқиғаны сезбеген, маужыраған қалпы Нұрым шешесінің алдына қайтарылды.

Өз шаңырағындағы осы оқиғаны Имантай би Құран кітабының қалың мұқабасының ашық жеріне: *«Доңыз жылында, жаңа есеппен 1899 жылы наурыз айында, яки марттың 31-жұлдызында мейірімі мол Жаппар Жаратушы Имантай есімді құлына ұл сыйлады. Есімін Қасиетті кітаптан қарап, Ғабдулғани қойдық»*, – деп тәптіштеп жазып қойыпты.

Есімге ие болған, балақан өз анасының қасына апарылды. Алды-артына тау ғып үйілген құс жастықтардың қымтауында, үлкенді-кішілі абысындарының қоршауында отырған бақытты Әлима кішкене бөбегін мейірлене иіскеп: «Мәртебелі құл деді ме абыз ата? – деп қайыра сұрайды да, кенет ойнақы қылықпен жымып, басын шайқайды. – Жоқ, Битаның перзенті ешкімге құл болмайды, иә, иә, құлдың мәртебесі биік еңселісі де... Ең абзалы, бұл шіркінді Ғани дейміз. Қысқа әрі нұсқа! Өлде, Ғаныштай дейміз бе? Иә, тап солай, есімің құтты болсын, Ғаныштайым менің, ұзақ жаса, мәңгі менің қызығым!»

Жазмыштың жазуы десек те рауа, күллі ауыл қуаныштаған мерейлі сол кеште, орауда отырған Әлима анасы

аузына алған есім нәрестеге біржола бекіген: ауыл-аймағы баланың азан атын ұмытып, Ғаныштай деп, бертінде Ғаныш дейтін болды (Шамалауымызша, мектепке қатынап, сірә, орысша жазу үрдісіне түскен кезде сол есім тағы да өзгеріп, ҚАНЫШ болып түрленген).

## ҚАШАҒАН ҚҰЛЫН МЕН ҚАСҚЫР

Имантайдың өз шаңырағынан бұл мектепке тұңғыш қатынаған түлек Бөкеш еді. Бұл – 1907 жылы. Екі жылдан соң оған Қаныш та қосылады. Тоғызыншы жылы ол он жаста. Ал губернатор кеңсесінің «Болыстық мектептерге тек қана 15-16 жастағы киргиз балалары қабылдансын!» деген қатаң бұйрығы неліктен ескерілмеген? Избасар ұрпағының жастай орысша оқып, өнер-білімге талпынуын ойлаған Шорман ауылының иелері шәкірт жасына шек қойған ережеге бертінде өздерінше «түзету» енгізген.

Соның пайдасы кішкентай Қанышқа да тиеді.

Жалбыраған кекілі ұйпаланып маңдайын жапқан, қоңыр көзі кісіге томсырая қараған, құлағы қалқиғандау, төмпіш мұрын, талдырмаш бойлы аққұба бүлдіршін ересек балалармен бірге дайындық бөлімінде отыр. Өлсін-өлсін айналасына жаутаңдап аңтарыла қарайды, бұл жерге қалайша тап болғанына таң сияқты. Балалардың кішісі болғандықтан оған тағанның алдыңғысы тиген (әрине, ол кездегі ауылдық мектепте парта болмаған, көпшілігі үстелге де жарымаған). Құла тайдың құлағынан әрең көрініп, жұдырықтай Қаныштың мектепке келе жатқан кейпі де біржосын қызық. Қаршадай болып осынікі не азап деп жаның ашығандай...

Ақкелін мектебінде бұл қарсаңда Григорий Васильевич Терентьев сабақ беретін-ді. Шыққан тегі татар, бірақ жас кезінен Еділ бойындағы орыс арасында өсіп, православие дініне кірген, жоқшылық көре жүріп, Қазандағы мұғалімдер семинариясын бітірген білімпаз азамат.

«Мұғаліміміз Григорий Васильевич тамаша кісі еді. Қазақша өлең айтатын, қарттармен кеңес құратын. Бірақ класқа кірісімен қазақшаны «ұмытып», тек қана орыс тілінде сөйлейтін, – деп әңгімелеген Қаныш Имантайұлы 1949 жылы туған еліне келген сапарында күйеу баласы, жазушы



Қайнекей Жармағамбетовке. – Григорий Васильевич атбаз кісі болатын. Алғашқы жалақысына сатып алған, сырт тұлғасы өте көркем көк аты болды. Жұрт оны «Қрыша көк» дейтін. Григорий Васильевич атына: «жат» десе – жатады, «түр» десе – тұрады, «шап» десе далаға шаба жөнеледі. Ауылдағылар соған да таң болады. «Тілсіз жануарды дегеніне көндіріп алған кісі балалардың орысша сөйлемеген еркіне қоя ма? Оқу бұған әбден қонған, мұның айтқанын бұлжытпай орындау керек», – десіп, бір-біріне мадақ айтқанын талай рет естігенмін».

– Шәкірт Сәтбаев, тақта алдына! – дейді Григорий Васильевич.

Қаныш жан-жануарлардың суреті ілінген тақтаға келеді.

– Мынау не?

– Жеребенек.

– Дұрыс, балақан. Түсі қандай?

– Саврасый.

– Осы құлынды қасқыр жеп кетті дейік. Соны енді Имантай атаңа қалай айтасың?

Бала томсырайып тұрып қалады.

– Қане, қасқырды орысша қалай айтасың?

– Білсем де айтпаймын! – деп шәкірт теріс айналады.

– Әй-әй, сірә, ұмытып қалғансың, ә?

– Потому что не мог жеребенка съесть волк. Наш Касен-ага – шибко смелый табунщик, не дал бы ему...

Ересек балалар ду күледі: мына шіркіннің құртақандай болып қиқарлығын қара! Терентьев қолын жайып, жас шәкіртінің ұтымды жауабына сүйсініс білдіреді.

– Сөйтсе де, Қанышжан, мысал үшін айтып көрсеңші. Қане, не дер едің? – деп түсін суыта, үнін де қатайта қайыра сұрайды. Қасқыр сияқты жыртықш аңның атын атауға болмайтынын білмейтін ұстазына Қаныш томсырая қарап:

– Отец, саврасого жеребенка не съел хищник, потому что... потому что он далеко ускакал, – дейді...

## СІБІР ШАМШЫРАҒЫНДА

Технология институты Почтамт пен Бульвар көшелерінің өзара түйіскен тұсына орналасқан. Почтамт көшесі қаламен қойындасып жатқан тақиядай дөңгелек төбенің етегінен ұшар басына дейін созылады. Университет те, институт та – сол төбенің қала жақ іргесінде, бір-біріне иық тіресе іргелес тұрғызылған ғимараттар. Екеуі – Том губерниясы ғана емес, ұланбайтақ Сібір өлкесі мен Қазақстандағы бетке ұстар жоғары оқу орындары. Сол үшін де зиялы қауым Томи өзенінің жағасында ірге тепкен бұл қаланы XIX ғасырда-ақ «Сібір шамшырағы» атаған. Кейде тіпті ескі грек жұртының атақты ғылым ордасына теңеп, «Сібірдің Афинасы» деп те құрметтеген.

Шынында да, Том шәрі, айтса айтқандай, сол күнде өнері озық, өнеркәсібі біршама өркендеген, басқа да тірлік-тынысы Сібір қалаларының көбінен ілгері мекен-ді. Осындағы университет он тоғызыншы ғасырдың 80 жылы ашылған, ал технология институтының өмірге келуі – 1900 жыл.

Университеттің оқу корпустары классикалық ескі үлгіде қаланған, аудиториялары, кабинеттері биік те кең. Өсіресе бас ғимараты, кітапхана үйі, анатомия мұражайы, микробиология құтыханасы, медицина факультетінің емханасы алыстан көз тартып андыздап тұрады. Соларды қоршаған жасыл бақ қандай?! Ең ғажабы, оны ешкім отырғызбаған, осы құрылыстар жүрген кезде оталмай, табиғи қалпында сақталған тайганың жұрнағы.

Технология институтының оқу жайлары да әдемілігі жөнінен университет ғимараттарынан кем емес. Алғаш көргенде-ақ Қаныш өзін білім ордасы емес, айбары зор губернатор кеңсесіне, тіпті ескі заман гректерінің философтары мәжіліс құратын «құдайлар» храмына тап болғандай сезінді. Құжаттарын кен факультетіне тапсырған. Михаил Антонович ескертіп қойған тәрізді, факультет махалласында<sup>1</sup> қазақ жігітін жылы шыраймен қарсы алды. ГубОНО-ның арнау-

<sup>1</sup> Махалла (*арабша*) – қаланың бір бөлігі, отырықшы жердегі орам, көше.

лы жолдамасы мен мұғалімдер семинариясының аттестатын көрген соң-ақ тек қана математика пәнінен емтихан тапсыруды міндеттеді.

Математикадан бұдан екі жыл бұрынғы тиынақты өзiр-лiгiн ұмыта қойған жоқ-ты. Бұрын-соңды бiлгенiн қайыра пысықтады. Содан бiр күнi профессор В.И. Шумиловтың алдына келген. Көңiлiнде қобалжу бар. Өйткенi бұл кiсiнiң одағай қылықтары жайында алуан қауесеттер естiген... Шынында, солай болды. Үстiнде қазақы күпi киiп, елтiрi тымағын қолтығына қысқан, кең қоныш саптама етiгiмен айнадай жылтыр паркеттi тосырқағандай жасқана басып (емтихан ұстаушының оқшау киiмiнiң өзi-ақ «Мынау жабайы далалыққа мұнда не бар?» дегiзгендей күпiр ой туғызған), алдына имене келген ашаң өңдi, жүдеу жiгiтке математика профессоры одырая бiр қарап, дереу алгебралық теңдеу құрай бастады, екi белгiсiздi қарапайым есеп. Қаныш қиналған жоқ, оп-оңай қағып тастады. Профессор «Әй, мынау, түйеден түскендей түземдiк киргиз қайтедi-ей?» дегендей таңданыспен сынақ тапсырушының күнге күйген қоңырқай жүзiне тағы бiр мәрте қарап, алғашқыдан едәуiр күрделi бiрнеше есеп жазып, алдына қойды. Далалық бұларды да шығарды. Тек соңғы теңдеудiң қитұрқы бүкпесi бар екен, оны шешуге едәуiр уақыт ойлануға тура келдi. Бiр мезетте оның да кiлтiпанын тапты.

– Мына есептiң бастапқы шарты қате, Василий Иванович, – дегендi ол Шумиловқа батылсыздау үнмен. – Теңдеу емес, теңсiздiк шығады, мiне, қараңыз. Сiрә, мына жерде қосу емес, алу белгiсi тұруға тиiс...

– Оны қайдан бiлдiң?

– Теңелу шарттарын тексеру арқылы...

– Бәрекелдi, далалық! Өзiң тiптi киргиз даласында қой бақпай, үнеми есеп шығарып жүргенге ұқсайсың. Бiрталай жан осы теңдеуден шатылып едi, ал сен сүрiнбей өттiң. Жарайсың, жайсаң киргиз, жайыңды бiлдiм. Оқисың бiздiң храмда, оқисың!..

Сонымен, Қаныш – технология институтының кен факультетiнiң студентi. Көптен бергi арманы жүзеге асып, бiлiмнiң биiк ордасына қолы жеткен бақытты жан!..

Ендiгi өңгiме тiршiлiк ахуалы турасында: институт пен

университетте екеуара жалғыз жатақхана бар; одан орын сұрау – үмітсіздің шарасы, өйткені жатақхана кереуеті жоғары курстың студенттеріне ғана беріледі... Шынтуайтын айтқанда, соларға да жетпейді. Өзге шәкірттер өзара қоғамдасып пәтер жалдап, жекеменшік үйлерде тұрады. Ал пәтер жалдауға қаражаты жоқтары институттың вестибюльдерінде, аудиториялардағы сызу тақталары мен ұзын үстелдер үстінде түнейді. Институт басшылары бұл гәпті жақсы біледі, шәкірттердің шарасыз күйіне, сірә, көмектескені шығар, көпе-көрінеу елемегенсиді. Сөйткен «баспаналары» жылы болса жөн-ау. Оқу корпустарына от жағылмайды. Дәрісті студенттер тон, күпілерін шешпей қожырайып отырып тыңдайды (әкесінің ақылына құлақ асып, қырда киетін күпі, тері көзекей, тон, саптама, тымағын ала келгеніне Қаныш мұндай қуанбас). Дәуіттегі сия жарым сағатта қатып қалады. Сол себепті, әр студент бір уыс ұштаулы қарындаш әкеліп, сонымен-ақ дәрісті сүйектетіп жазады. Шумилов сияқты профессорлардың дәрістерін жазып үлгеруге де еп қажет: оң қолы тақтаға күрделі теңдеу, формулаларды тізіп жатқанда, сол қолындағы шүберек үстіңгі жолдағы жазуларды сұртумен болады. Үлгермедім деп айтып көр – мақау атанасың, болмаса аудиториядан тайып тұруыңды талап етеді. Қырсық мінезіне Василий Ивановичтің қыруар білімі тең, шынайы ғұлама адам!

Шәкірттердің күн сайын тамақ тауып ішуі де оңай емес. Төрт жүз грамм қара нан алу үшін институт ләпкесінің алдында өлденеше сағат кезекте тұру керек. 1921 жылы студенттер асханасы жұмыс істемеген. «Қиыншылықтар күн сайын аяқтан шалғанмен, бізді жеңе алмады. Белбеуімізді қаттырақ буынып алып шыдап бақтық, – деп есіне алады сол жылдарда Томда оқыған Қазақ КСР ҒА-ның толық мүшесі, профессор И.И. Бок. – Ашпыз деп ешкім де оқуды тастап кеткен жоқ. Өйткені жұтқын тілеуінен гөрі білімге құштарлығымыз артығырақ еді».

Қаныш та – сондай жарау құрсақ, көңілі сергек жастардың бірі. Басқа студенттерге қарағанда, оның тұрмыс күйі өлдеқайда көтеріңкі. Алғашқыда ат басын тіреп түскенімен сыпайылық ойлап пәтер іздей бастағанда, Усовтың үй іші, әсіресе Екатерина Филимоновна үзілді-кесілді қарсы болып:

– Қаныш, «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген... Пәтер іздеп өуре болма, бір бөлмеміз оқу бітіргенше сенікі, – деген.

Азамат соғысының ауыртпалығы күйзелткен ескі қалада пұлыңа тамақ тауып ішу оңай емес. Оның үстіне, оқытушылардың ай сайынғы жалақысы уақытша тоқталған мезгіл, көпшілігі жергілікті өкімет орындары тағайындаған көмек қорымен күнелтеді. Михаил Антоновичтің профессорлық үлесіне өз үй ішімен қоса, қартайған анасы мен тетелес қарындасы да қарап отыр. Соған енді Қаныштың қосылуы – амалсыздық шарасы. Бір тәуірі, үйі кең, институт ауласындағы профессорлар корпусында, бір бөлмесін дербес еншісіне беріп қойды.

*«Жабдықтау жоспарының қатаң нормасына сәйкес Том студенттеріне биыл 700 паек бөлінді... – депті губерниялық «Красное знамя» газеті 1922 жылғы 7 ақпандағы санында. – Сібірдің азық-түлік комиссары Калманович жолдастың мархабатты жәрдемі арқасында жоғары оқу орнында жұмыс істейтін қызметкерлер мен жұмысшылар үшін қосымша 420 паек, ал стипендиат-студенттерге 300 карточка берілді. Әмбе қаладағы студенттердің 60 пайызына мемлекеттік стипендия төленбек...».*

Технология институтының кен факультетінде 1921 – 1922 оқу жылында 589 студент білім алыпты. Бұған студент саны үш есе көп университет жастарын қосыңыз. Ал Тимирязев политехникумы, педтехникум және медицина училищесінде қаншама шәкірт оқиды?! Әрине, өкімет сол жылы арнайы тағайындаған 700 паек «Сібір Афинасына» білім іздеп келген, үнемі ашқұрсақ жүретін неше мың студенттің оннан біріне ғана жүрек жалғарлық көмек. Мемлекет стипендиясының сиқы анау. Газет зор қамқорлық дегендей ишарамен дабыралай жазып отырған арнайы паек болса, үшінші курсқа іліккен, оның да өте жақсы оқитын ат төбеліндей азақ тобына тағайындалған...

Кен факультеті төрт түрлі мамандар әзірлеген: геология, кен қазу, металлургия және маркшейдер инженерлері. Бес жылда факультет түлектері техникалық білім негіздерін түгелдей оқып, таңдаған мамандығын меңгеретін пәндермен түбегейлі шұғылданады. Инженерлердің қат кезі, технология институтын тамамдаушыларға «кен инженері» деген әмбебап диплом берілген.



Кен факультеті 1901 жылы ашылған. Тұңғыш деканы һәм ұйымдастырушысы – Владимир Афанасьевич Обручев. Сол кезде ғұлама ғалымның Сібір өлкесін түбегейлі зерттеуімен, Орта Азияға жасаған ғылыми саяхаттарымен есімі дүниежүзіне мәшһүр болған шағы. Кен департаментінде көп жылдар бойы жерасты байлығын іздеумен шұғылданған кәнігі геолог жаңа факультеттің оқу бағдарламасына сол күндегі политехникалық институттардың дәстүр, тәжірибесіне ұқсамаған үлгімен мүлдем жаңаша жобалайды: теориялық курстарды мейлінше азайтады; оның есесіне практикалық сабақтарды көбейтеді және олар кеніштердің өзінде өтуге тиіс; кейбір пәндердің оқылатын мерзімі де ауысады, мәселен, Санкт-Петербургтің тау-кен институтында төртінші курста оқылатын «Жалпы геологияны» Обручев бірінші семестрде жүргізеді. Сол заманның білгір мамандары Янышевский, Лаврский, Тове сияқты атақты инженерлердің кен департаментіндегі келелі қызметтерін тастап, Сібірде еңбек етуге, ұстаздық жұмысқа ауысуы – факультет деканының ынтасы...

Өз ойын әрдайым ашық білдіретін қайсар профессордың еркін саясатының үнемі жүзеге асуы – сол күннің қатаң цензура жағдайында төзгісіз жайт. 1912 жылғы студенттер ереуілінің ерекше өршіген қарсаңында шәкірттерін қорғап, жандармерияға ашық түрде наразылық білдірген В.А. Обручевті оқу министрі Л.А. Кассо ұстаздық жұмыстан аластауға бұйрық берген.

Бір жылдан соң, оның орнына сол қарсаңда ғылым магистрі атағын алған М.А. Усов тағайындалады. Өлбетте, Михаил Антонович сүйікті ұстазы көп жыл тірнектеп сомдап, қыруар еңбекпен етене еткен ғылыми мектеп дәстүрін одан әрі дамытып, жаңа белеске көтереді. Практика сабақтарын бұрынғыдан да көбейтіп, тау-кен өндірістерімен байланысты тіпті күшейтеді. Нәтижесінде, әр студенттің кенішке иә зауытқа барып, бірнеше ай еңбек етіп, қайтып келген соң кафедрада есеп беруі – болашақ инженер үшін дәстүрлі міндет. Демек, Қаныш оқыған кезде Сібір геологтері мектебінің озық өнегесі кемелденген деңгейге жеткен.

– Геология – тарихи ілім. Тұжырымдап айтқанда, ол жер қыртысының құрылысы мен заттық құрамын, қозғалысын, даму тарихын, қазба байлықтардың жаралу, орна-

ласу заңдылықтарын, солардың қуат-көлемін зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы. Жерді планета санайтын астрономдар да бақылайды. Физикалық дене ретінде физиктер де зерттейді. Ал геологияның міндеті – бұлардан гөрі өзгеше... – деп бастар еді профессор Усов алғашқы дәрісін.

Аудитория мұздай суық. Кеудесіне қозы терісінен тігілген жылы көзекей, оның сыртынан қалың күпі киіп, сеңсең елтіріден тігілген жағасын көтеріп отырса да Қаныштың бойы жылымайды. Сөйтсе де, тақта алдында тұрған профессордың аузына аңыра қарап, бір сөзін зая жібермеуге тырысып тыңдап отыр. Кей сәт естігенін дәптеріне тез-тез жазады. Біраздан соң жаураған қолы икемге келмей қалады, студент жігіт бірақ қайыспайды. Екі қолын бір-біріне тез-тез ысқылап, кейде жеңіне тығып жылытып алады да, қайтадан жаза бастайды.

– Жоғарыда біз геологияны жер туралы жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы дедік. Енді оның қандай тарамдардан тұратынына келелік. Бірінші, «Далалық геология»...

Тақтадағы түрлі түсті карта мен схемаларға қадала қарап отырып Қаныш алуан-алуан ойға беріледі. Туған жерінің кескін-келбетін төсіндегі нуы мен суына, шөп түгіне орай айырып, таулы-тасты, жазық не ойпат деп қана танитын бұрынғы қарабайыр ұғымға қазір қылау түскен, оған енді өзгеше көзбен, өзгеше түйсікпен қарайды: асқар тау, шексіз жазық, толқыған көлдер өз-өзінен жаралмапты; шөл де, көл де табиғаттың жай ғана болмысы емес, неше ықылым замандар жұмысы екен; жеті қат тереңде қаншама жұмбақ сырлар жатса, көз алдындағы ойлы-қырлы жер бедерінде де соншама құпиялар бар; қарауыл төбешік пен қыран ұя салған биік шың арасы қаншама алшақ тұрса, қатар жатқан екі түсті тастың бір-бірінен айырмасы одан да қашық...

Технология институтының студенттері қызыға тыңдайтын тілмәр лектор Усов қана емес. Металлургия пәнін сол кездің өзінде есімі Одаққа әйгілі білімпаз В.Я. Мостович оқыса, физика кафедрасын дарынды жас ғалым В.К. Кузнецов басқаратын (кейіннен академик, Еңбек Ері атанып, әлемдік физика ілімін дамытуда зор жаңалықтар ашқан ғұлама). Ал университеттің физиология кафедрасына атақты А.А. Куляб-

ко жетекшілік етеді. Ол болса, өлген адамның жүрегін клиникада тұңғыш рет қайтадан соқтырған ірі дәрігер. Ботаника курсы Оңтүстік Алтайға жасаған саяхаттарымен атағы шыққан профессор В.В. Сапожников оқиды.

*«Ол кезде дәріс тыңдау – бұгінгідей міндетті емес, студенттердің өз еркіндегі шаруа, – деп еске алады Томдағы жастық шағын Таисия Кошкина. – Біз университетке, олардың студенттері технология институтына келіп, атақты профессорлардың дәрісін тыңдаймыз... Мұндай алмасулар студентті рухани байытып, жан-жақты білім беретін. Яки жер қыртысын тану ілімі ғана емес, ғылымның әр саласын тыңғылықты ұғынуға септігін тигізеді. Тек соны білуге ынтаң болсын!..».*

*«Қаныш Сәтбаев қарапайым, мінезі біртоға шәкірт еді, оның білімге зор ынтасын бірден байқадым, – деп куәлік етеді геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор В.А. Хахлов. – Арнаулы әдебиеттерді оқуға ол ерекше құмар болды, көбіне кешкі уақыттарда шұғылданып. Бірде мен оған кафедрадағы кітапхананы қарап шығуға кеңес бердім. Одан соң Вальтердің «Шөл даланың түзілу заңдары» деген кітабын оқуды тапсырдым. Кітапты қайтарған кезде ол маған көптеген сұрақтар қойды. Өйткені Қазақстанның өзіме мәлім бөктерінде жер бедерлерінің қалайша пайда болғанын енді ғана түсінген сияқтымын» дегені есімде...».*

Осылайша, шәкірт шақтың естен кетпес қызық та қиын күндері зулап өтіп жатыр. Алғашқы емтихан сессиясы да аяқталды. Қаныш қысылған жоқ, тек күн-түн отырып, тиянақты түрде шұғылдануға тура келді. Қаныштың көңілін күпті етіп, жүрегін діттей беретін – кеудедегі дерті. Бетіндегі қызыл шырай күзде-ақ жоғалған. Қазір жағы сидиып, ұрт еті сылынып қалғандай күрт түсіп кетті. Жүзі де қуарып, сүйектенген шөптей өң-сөлсіз реңге көшкен. Суық аудиторияның зардабы, тамақ та қырдағыдай емес, әлде кітапханада көп отырғанның салдары? Ал қыс ортасы ауғалы жөтел қосылып, қорғаншақ көңілін тұқыртып барады...

Ақыры төсек тартып жатып қалды. М.А. Усовтың өтінішімен науқасты қараған университет профессоры, терапевт М.Г. Курлов шәкірттен сырқатының жай-жапсарын жасырған жоқ.

– Дертіңе шипа бірден-бір амал – тыныштық, таза ауа, күшті тамақ, дәру қымыз. Мұнда өткізген әрбір күннің үлкен қатер екенін ескертемін, жас жігіт...

Бұлардың бірде-бірі Томда жоқ, ауылда. Ауыл болса аяқ жетпес қашықта. Қайтуға көңілі дауаламайды. Қайтпасқа бірақ шарасы да жоқ. Мұндай білім ордасы, өнегелі орта, зиялы қауым, Усовтай ғұлама ұстаз, ғазиз жандар өзіне қайта кезіге ме? Өлде, дерті жеңіп, сырылдаған өкпесі мүлдем сөне ме?.. Жо-жоқ! Қайтып оралғың келсе, мұрат еткен білім қайнарынан мейірің қанғанша сусындау үшін де тезірек кету қажет!

Сол күнде ту шалғайдағы ауылға жету де оңай емес-ті: бірден-бір сенімді қатынас – теміржол. Алайда Семей мен Том арасында ешқандай жолаушылар пойызы жүрмейді. Ділгер жолаушылар кәдімгі жүк вагондарына аяқ артады. Жолшыбай екі жерде пойыз ауыстыру керек – бірі Тайга, екіншісі – Новониколаев стансыларында.

Қаныштың бірге оқитын жолдасы Омар Толыбаев шарқ ұрып жүгіріп жүріп, Семейге тура баратын вагон табады: жүк тиелген кәдімгі пульман; соның бір бұрышынан науқасқа орын тиді; тіпті ойлағаннан артық шықты деуге болады – ортаға «буржуйка» пеш орнатылды; бір жетіге жетерлік отын да тиелді... Бірақ жүрер сәтте Михаил Антонович: «Науқасты жалғыз жіберуге болмайды, қасына студенттердің бірі ерсін, жол шығынын мен көтеремін!..» деп наразылық білдіреді. Сүйікті профессордың, факультет деканының сөзін жерге тастауға бола ма? Қаныштың курстас достарының бәрі де қол ұшын беруге тілек білдіріп, аяқастынан талас туып қалды. Ақыры, ешкімнің көңілін қалдырмау үшін жеребе тастауға тура келді. Ол Володя Домбровскийге түседі. Наурыздың бас кезінде екі студент сапарға шығады. Бір аптадай жол жүріп, көп бейнет шегіп, жүдеп-жадап, ақыр аяғында Семейге жетеді.

\*\*\*

Жазғытұрымғы көк соқтаға ұрынбай ауылына жетіп алғаны пайдаға шықты, келе-ақ сыралғы дертпен күрес басталды: ерте құлындаған бірлі-жарым биелердің сүті де, дәмді ас та науқастың аузында; көшу мен қоныс қамы,

мал баққан ауылдың тірлік қарекеті де Қаныштың жолына байланған. Ақыры, екі-үш айдан соң науқас жігіттің бетіне қызыл жүгіріп, жүзі нұрлана бастады.

Тезірек сауығуды мұрат етіп, бұл жолы өз ауылынан ешқайда шықпай, өлеумет жұмысына да араласпай, отауында жан күйттеп тыныш жатады. Өлбетте, жай жатқан жоқ. Томнан ала келген ғылыми кітаптарды құныға оқумен шұғылданады. Құштар көңілі бірақ соған тояттамайды, алыста қалған жаңа достарын, күн сайын табиғат құпиясын ашқан білім ордасын аңсайды. Небәрі алты-ақ ай жанасыпты, мардымсыз мерзім. Соның өзінде көрген-білгені қаншама! Зер сала қараса – біраз ілімнің басын шалған, ең бастысы, геология негіздерін танып, өз бетінше ғылыми әдебиеттер оқуға жарарлық тағылым алған.

*«Бір күні Қанке аға мені станицаға жұмсады. Екі-үш салт атпен, арба да ала бардық, – деп куәлік етеді ғалымның туысы Тәрмізі Имантаев. – Ертерек келіпміз, бір аптадай күттік. Қайтып кетуге ерік жоқ. Өйткені Қанкең «Усовсыз қайтпа!» деп шегелеп жіберген. Содан бір күні күткен қонақтарымыз да келді: Михаил Антонович әйелімен және екі профессор орыс үйішімен, жиыны алты адам, Семейден бастап келген өзіміздің Кәрім ағай...».*

*«Усов деген кісі арықтың тарамыс қатпасы, ұзын бойлының да шаршауды білмейтін біржосын тынымсызы, – деп өңгімелейді Нұрлан Қасенов сол күндерді есіне алып. – Екінші келгенінде денсаулығы күйлі болып, бір күн тыныш жатқан жоқ. Қасындағы екеу де дүние оқуын тауысқан дөй кісілер, аты-жөндерін ұмыттым. Әйелдері үйде жатады, күні бойғы ермектері – ұйқы мен кітап, өзен жағалап гүл теру. Ал күйеулерінде дамыл болмайды: тау-тас кезеді; күрек-қайлаларын көтеріп жүріп, жер қазатын көмекшілері – біздің ауылдың жігіттері. Қанкежанды да қастарынан бір елі тастамайды... Әй, сол жазда біз шықпаған бұл өңірде тау қалды ма екен? Нияздың биік шоқылары, Әулиетас, сонау Қалмаққырған, Үкілі, Жыланды... Осылардың бәрінің басында Усов қалдырған белгі қазықтар бар...».*

Қадірлі қонақтардың демалыс уақыты бітіп, үйлеріне қайтатын болды. Қаныш та жылы жаққа ұшуға өзірленген құстардай мазалансын: ыстық жар құшағы; тілі шыға бас-

таған тұңғыш перзенті – сүйкімді Ханиса; тыныштығын бағып, құлдық ұрып отырған туған ауылы, қимас үлкендер; бәрінен де жатса-тұрса уілеп, бір жалғыздан кенжесінің саулығын тілеген қарт әкесінен оқуға аттануға рұқсат сұрау...

– Бір жылға кеңшілік береміз, студент шырақ. Ауылыңда қалып денсаулығыңды күйтте, – деп Томнан келген ұстаздары өз шешімдерін сот үкіміндей кесіп айтты. – Имантай ақсақалға сөйтеміз деп уәде беріп қойдық, қадірменді қартты сыйлау керек. Бұл – бір. Екінші, Томның тұрмыс жағдайы өлі түзелген жоқ. «Сақтансаң – сақтаймын!» дегенді ұмытпа, Қаныш шырақ. Ал өз курсыңнан кейіндеп қалмау жайын бізге қалдыр. Институт ректоры, профессор Н.В.Гутовскиймен бұл жайында өзіміз келісеміз...

Сөйтпеске амалы болмаған. Тиісті оқулықтар мен құралдарды ұстаздары дайындап береді. Оларды ауылына жеткізіп алу – студенттің өз міндеті. Тыңғылықты дайындалса, екінші курстың теориялық бағдарламасын осында жатып-ақ меңгеруге болады. Практикалық сабақтарды, әрине, келесі жылы институтқа оралғанда өтеді.

Өңгіме осымен тамам болып, Усов серіктерімен суық Томға қайтты. Құстар жылы жаққа... Қанаты қайырылған қырандай еріксіз ділгер болған шәкірт шарасыз тағдырына бойсұнып ауылында қалды. Қолынан бірақ кітап түспейді, ұйықтаса да соның біреуі жастығының астында жатады. Бұрынғыдай серуенге елігіп саят құруға, ауыл қыдыруға да ынталы емес. Көшпелі ауылдың мезі тірлігіне, мал күтіп, шаруа жайлауға икемі бұрын да шамалы болатын. Ал қазір?..

Сол күндерде ол өзінің ғана емес, туған ауылының, ел-жұртының тірлігіне де көз жүгіртіп, қиялға да ерік беретін. Қазан төңкерісі жаппай теңдік жария еткенімен, қазақ сияқты замана көшінде кенжелеп қалған халықтар тұрмысына нендей өзгеріс әкелді? Қазақ ауылының тірлігі баз баяғы қалпында – жаз жайлауға көшеді, қысты әр жерге тарыдай шашылған ескі қыстауда өткізеді: қыр елінің бүкіл тіршілігі осы – алдындағы азын-аулақ малдың, ертеңгі қоныстың қамы, дала түгінің шығымы, өріс жайы... Не деген ауыр тірлік, сорлы өмір?!.. *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым. Ұстарасыз аузыңа тұсті мұртың»* деп Абай хакім айтпақшы, қашанға дейін тірлік, мұратты төрт

түлік мал қамына байлап күн кешеміз? Қашанға дейін қазақ халқы көшпелі тіршілікпен күнелтеді? Отырықшы болған елдер, өне, қандай қиырға шығып кетті, өздері қайда қалды? Жоқ, ертелі-кеш көшуден тыйылмай, біздің халыққа өнер де, өсу де жоқ. Бұл жайды, обалы не, газеттер жазып-ақ жатыр. Оқыған азаматтар соған үн қосып, кейбірі үлгі көрсетіп, өз ауылдарын отырықшы тұрмысқа көшіріп жатқандары да бар деседі. Абай балалары қалаға жақын жерден қыстау алған. Мұхтар Әуезов пен Абайдың немере інісі Даниал Ысқақұлы бір топ түтінді Шыңғыс сыртына, Бақанас бойындағы шұрайлы жерге көшіріп апарған. Қалашық салып, өзеннен су шығаратын арық жырғызыпты, сірә, егін салуды машық етпек. Бұл енді, отырықшы жұрт болудың алғышарты...

Қаныш та өз ауылының үлкендеріне сыпыра көшуден тыйылуды, шаруаға қолайлы сулы, нулы қоныс тауып, жөндем қыстау салып, мектеп ашып, отырықшы ел болуға үгіттеп бағады. Қарт әкесі де, болыстық мансаптан құтылып, кәперетіп басқаруға көшкен ағасы Бөкеш те ұтымды ақылға қарсы болмайды. Ақыры, күзге таман қажыға қарасты екі ауыл жетпіс жылдай уақыт өздеріне құтты қоныс еткен Айырықты тастап, төр жайлаудағы жері құйқалы, суы мол, егін салуға қолайлы Шабақай өзенінің кең қолтық жағасына көшіп келіп түпкілікті қоныстанады.

\*\*\*

Қазақ елі де сол өзгерістен шеткері қалған жоқ. Халық жаппай сауаттануға көшті. Бірнеше қалаларда мұғалімдер техникумы ашылды, КИНО («Киргизский институт народного образования») аталған институт дүниеге келді, екі ауылдың бірінде бастауыш мектептер мен «Саужой» курстары жұмыс істейді. Ғасырлық ұйқыдан оянып, зымырап бара жатқан уақыт көшінен қалыс қалмай, заман үрдісіне ілесуге ұмтылған қалың елдің білім алуға жаппай құлшынған талап-ниетіне қарап көңіл қуанады. Бұл болса, Қаныштай білімпаз жастардың оқу соңында жүргенде ертелі-кеш ойлаған арман ісі. Енді соны ауылда жатса да көңілге түйіп, көзімен көріп қуанып отырғанда, қалайша тып-тыныш бақылауға болады? Жоқ, жата алмады, денсау-

лығы оңалған соң-ақ, бүкілхалықтық өрлеу туғызған өрелі іске хал-қадерінше қолғабыс етуге бел байлады. Осы жайында бізге мәлім мәнді дерек: бір жарым жылдай уақыт өз ауылында жан күйттеп жатқанда ол институттағы оқуына дайындықпен қоса, А.П. Киселевтің жұртқа мәлім оқулығы негізінде қазақша «Алгебра» жазуға кіріскен; нақтырақ айтқанда, бұрын бастаған жұмысын әрі қарай дамытып, қыруар еңбек жасаған; Кирреспубликаның Халық ағарту комиссариатымен келісу үшін Орынборға екі мәрте барып қайтқан...

«Оқушылардың алдына таратылып отырған кітап 1919 жылдан былай басталып, одан бері әртүрлі толастар арқылы созылып келіп, 1924 жылдың күзінде аяқталып отыр. Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болды. Қай пән болсын, әсіресе есеп пәндерінде әрбір ұғымның жобасы мен атын әрі ықшам, әрі дәл түрінде тауып отыру – аса керекті және ауыр нәрсе... Кітап ішіне кірген пән сөздерінің бәрі де Орынбордағы Білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп отыр. Сөйтсе де, мұндағы алынған терминдердің бәрі де тиісті ұғымдарға үйлес келеді деп кесіп айтуға болмайды. Өйткені тұңғыш нәрсенің іші мен тысы мүлтіксіз, мінсіз және пішінді болып отырмайтындығы мәлім... Қазақ елінің ана тіліндегі мектептерге келсек – ...оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі шәкірттерді толық қанағаттандырады деп айтуға болмайды. Оған түрлі себептер бар, – дейді Қ.И. Сәтбаев «Алғашқы қазақша алгебра» оқулығының «Сөз басында». – Оқытушылар күшінің тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған маңызды ғылыми кітаптардың жоқтығы... Жоғарыдағы кемшіліктердің бәрін бір күнде, не бір жылда оңай жоғалтып жіберуге болмайды. Бұл үшін әлі де болса кемінен он не жиырма жылдық уақыт мезгілі және тынымсыз еңбек керек болмақшы».

Шынында да математика пәні сол кездегі санаулы қазақ мектептерінде жүрдім-бардым оқытылады. Өр мұғалім өз түйсігінше, көбіне орысша оқулықты өзінше аударып түсіндіретін. Есеп терминдері қалыптаспаған, әркім өзінше қисындастыратын. Нақ осы жайт, ауылдық жерлерде тұңғыш ұйымдасқан қазақ мектептерінің басындағы қиын хал,



бөрінен де төл оқулықсыз бұл шаруаның тағдыры шешілмейтіндігін түсіну, біздіңше, «Алғашқы қазақша алгебраның» дүниеге келуіне түрткі болған.

Қаныш Имантайұлының дербес мұрағатында оқулық қолжазбасының екі нұсқасы сақтаулы (Екіншісі – латын әрпімен жасалған көшірме, ұзынша кесілген түрлі түсті қалың қағазға жазылған, көлемі – 1642 парақ, ал араб әрпімен жазылған алғашқы нұсқа – 700 бет шамасы). Екеуі де, біздің пайымдауымызша, Қ.И. Сәтбаевтың жиырма бес жасында сұңғыла білімпаздығымен толғанып, қолынан шыққан қазақша тұңғыш «Алгебра» оқулығы, сол құралдың «Сөз басында» айтылғандай, «шәкірт тұрмысының түрлі қиыншылықтарымен дамылсыз алысып жүрген күрес үстінде туған», соған қарамастан, жөндем үлгіде жазылған ең алғашқы ғылыми еңбегі.

Ғалымның жеке мұрағатында Академиялық орталықтың білім кеңесінің «Алғашқы қазақша алгебраны» үш мың дана етіп басып шығару ісін мақұлдаған қаулысы (620 істің 141-беті) сақталған: *«Азамат Сәтбаевтың қолжазбасы екінші басқыш мектепке арналған алгебра оқулығы болып табылады. Ол қарапайым, түсінуге оңай тілмен жазылған. Есептері мен мысалдарының көбі қазақ тұрмысынан алынған. Материалдарының орналасуы екінші басқыш еңбек мектебі бағдарламасының талабына толық сай...»*.

Алайда кітапты жарыққа шығару беймәлім себептермен кешеуілдеген. Қолжазба тапсырылған жылы-ақ Ташкенттегі «Қазмембаспасына» жіберілген, 1926 жылдың 3 тамызында Халағарком «Сәтбаевтың алгебра оқулығын 3 мың дана етіп басып шығару» туралы арнайы бұйрық шығарған. Бірақ соның кітап болып жарияланғанын көрген я қолына ұстаған жанды біз білмейміз. Академик Қ.И. Сәтбаевтың дербес мұрағатында сақталған бұл туынды жайындағы ең соңғы дерек: «Латынша көшірушіге! Қызыл һәм қара сиямен істелген бұл жазбалардың ішіндегі өзгерістерді (өшіру, түзету сияқтылар) мен өзім қарап, дұрыс деп таныдым (менің өз қолыммен жазылған). Сондықтан оларды сол өзгерген күйінде көшіру керек. Қ.И. Сәтбайұлы 6.III.1928...» деген ескертпесі.

\*\*\*

Қар жөңкіле көшіп, сәуірдің жылымық күндері туғанда (1923 ж.) Қаныш Имантайұлы Шабақай өзенінің жағасындағы жаңа қыстаудан қиырдағы Том шәріне аттанады. Қазына жолындағы бекеттер мен жәмшіктердің сыры мәлім болғандықтан, сенімді серіктер ертіп, қосалқы ат алып, төте жолмен Семейге туралай бет түзейді...

Келген бетте-ақ шәкірт екі курстың қарыздар болған емтихандарын тапсырып, күрделі ілімнің қым-қуыт жыңғылынан сүрінбей өткен. Демек, ауылында болған біржарым жылда тыңғылықты дайындалған. Ең ғажабы, өкпе ауруының аса қатерлі ашық түрін үшінші мәрте жеңіп шыққан жігітті ұзақ қарап, ауыр кінәраттан құлан-таза арылғанын байқаған профессор М.Г. Курлов пен білікті дәрігер С.А. Адамов өздері ерекше тәнті болған жағдайды медицина тарихында сирек кездесетін құбылыс деп бағалап, бас шайқасады (шынында да, содан былай Қаныш Имантайұлы бұл дертпен біржола қоштасқан).

Қаныш қайта оралған қарсаңда қаланың тұрмыс күйі едәуір түзелген-ді. Базарда іздеген затыңның бәрі бар. Тек қаражатың болсын. Институт пен университет аудиториялары да жылына бастапты: қажет отынды жаз күндері студенттердің өздері дайындаған; қыс бойы кезектесіп от жағатын да солар. Қыздар болса, асханада кезекшілік етеді. Нәтижесінде, асханадан күніне бір мезгіл ыстық тамақ ішуге болады.

Қаныш бұл жолы Усовтардың дербес бөлмесінен бастапты, Белинский көшесіндегі 5-үйден пәтер жалдайды.

Екінші курстың соңында геология бөлімінің студенті кәсіби тәжірибеден өтуге тиіс. Қаныш болса, бірінші курстың да бағдарламасын түгендеген жоқ. Демек, екі курс үшін әлдеқандай бір барлау партиясында ұзағырақ жұмыс істеу қажет. Осы жайында ақылдаса келгенде профессор Усов Қанышқа геолог Русаковтың есімін атады.

– Михаил Петрович – сіздің даланы түбегейлі зерттеп жүрген білімпаз геолог. Туған жерінің қиырында жұмыс істеуге әзірленіп жүрген жас маманға, тегінде, бұл кісіден көп нәрсені үйренуге болады. Сөйтіңіз, Қаныш. Русаковтың партиясына тезірек жетіңіз. Ол қазір Қарағанды – Ақбұйрат

маңында, Нұра, өлде Сарысу жағасында. Жолшыбай ауылыңа соғасың. Байғұс өкеңнің де ұйқысы қашып, қамығып жүрген шығар-ау?

1949 жылы жария еткен естелігінде М.П. РУСАКОВ жиырма алты жыл бұрынғы кездесу жайында мейлінше тәптіштеп сыр шерткен:

*«1923 жылдың шілде айының жайдары күндерінің бірінде Бесшоқыда отырған біздің партияға боз атты екі жолаушы келіп, геолог Русаковты сұрайды.*

*Сол екеуінің бірі Қаныш Имантайұлы еді... Баянауылдан бізге дейін кем дегенде төрт жүз шақырым, серігі екеуі сонша қияннан күн-түн жүріп, жолшыбайғы ауылдардан кен іздеушілерді сұрап, ақырында қиыр даланың күнбатыс түкпірінде зерттеу жүргізіп жатқан барлау партиясын іздеп табуы – таңғаларлық табандылық.*

*...Геологиялық ізденіске арналған әрі мыс және басқа кен орындарын барлау жұмысы күні-түні тоқтаусыз жүрді. Томда геология ғылымының теориясына шұқшия үңілген жас Қаныш енді тау жыныстары мен кен өзектерінің жер қойнында өзара орналасу жұлгесін, чудь халықтарының ескі қазбалары мен ашық жатқан кен көздерін ертелі-кеш зерттейтін болды. Біз тоқтаған жер геологиялық сипаты жөнінен өте-мөте қызғылықты өңір еді: Үлкен Қызылтас су торабының негізгі арналары – Шерубай, Нұра, Жамға және Сарысу өзендерінің аңғары...*

*Геологиялық саяхаттар кезінде Қаныштың жер, су, тау аттарына ерекше көңіл бөліп, мән бере қарайтынын мен бірден аңғардым: мына тау неліктен бұлай аталған, осы атау жер бедерімен үйлесе ме немесе қандай тарихи оқиғалар соған себеп болған?.. Сөйтсем, қазақ халқы тауды, жотаны иә әлдеқандай өзекті қалай болса солай атай салмай, сол жердің жағрапиялық ерекшелігін дәл және әдемі бейнелеп, өзге де теңеумен даралап, тіпті есте қалғандай етіп өрнектеп береді екен. Мұның себеп-сырына мен бертінде түсіндім...*

*М.А. Усов жас Сәтбаевтың табиғаттану іліміне, әсіресе жер туралы, оның даму тарихын, құрылымын білуге құмарлығын бәрімізден бұрын аңғарды... Кінәмді мойындаймын: сонау қиырдағы Баянауыл даласынан Том шәріне білім іздеп кел-*

*ген қарапайым қазақ жігітіне оның соншама уақыт пен назар бөліп, баласындай бауырына тартып, ертелі-кеш жалықпай шұғылданып жүргеніне мен сол кезде таңданатын едім».*

Қыркүйекте технология институтының оқу залдары дабырлаған жастарға толады. Бәрі де көңілді: жазғы демалыстан оралған; өндіріс орындарында мамандықтары бойынша жұмыс істеп, өнер шыңдаған; қалталары да құр емес – кем дегенде қыстың ортасына дейін алаңсыз оқуларына жетерлік қаражат тауып қайтқан... Өйтпесең жағдайың мүшкіл: институттың шағын стипендиясы оралымға келмейді; сол себепті шәкірттердің көбі жазда ғана емес, қыста да көмір түсіріп, ағаш кесіп, әртүрлі көтерме жұмыстар алып күнкөріс жасайды. Қаныш болса, ауыр еңбекке жарамайды. Сондықтан да оның бар үміті – елден келетін көмекте. Көбіне сұрайтыны – сүр ет, қарындаған сарымай, ақша... «Бір жылы Керекуден азық жібердік. Сүйегі сылынған жылы-жұмсақ сүр ет еді, – деп куәлік етеді ғалымның туысы Өбутайыр Зейінов. – Бейнетімізді қайтейік, сәлемдемеміз жолшыбай қолды болып, орнына ағаш жаңқасы барыпты. Қанкенің соған: «Бізде тамыздық мол, тамақ аз» деп жауап жазғаны есімде». Демек, қиырдағы Томға мезгіл-мезгіл азық жеткізіп тұру да оңайға түспеген... Кейіннен бірақ ауыл көмегінен бас тартуға мүмкіндік туады. Оның жай-жапсарын біз Семей мұрағатынан таптық: шеткері қалаларда оқитын қазақ жастарына арнаулы қаржы бөлу туралы губаткомының стипендия комиссиясының 1925 жылғы хаттамасында Мәскеу, Ленинград, Қазан, Омбы және Том қалаларында білім алушы отызға тарта жастар аталған. Қаныш Сәтбаевтың есімі бесінші ретте жазылған. Жылына ол губерния комитетінен 420 сом мөлшерінде көмек алып тұрған. Оның үстіне, неше жылғы еңбегі «Алгебра оқулығы» баспаға беріліп, қаламақысының несиесі қолына тиіп, шала-пұла «байып» қалған...

Семейде шығатын губерниялық «Қазақ тілі» газеті 1926 жылғы 28 сәуірдегі санында Қаныш Сәтбаевтың «Том қаласындағы ұлттар кеші» деген хабарын жариялаған:

*«...Қазақ өлеңдерінен «Екі жирен», «Бір құн көшіп дүние» (айтушы – Ғалымтай Сәтбаев), «Қараторғай», «Еркем» (айтушы – Омар Толыбайұлы) шырқалды. Декламацияға Мағжанның «Тез барам» (айтушы – Ғазали Сәтбаев) өлеңі*

оқылды... Сауықта айтылған әндердің бәрін нотаға түсіріп, дыбыс үндестігін (гармония) Александров дейтін шебер профессор жасап берді. Әншілердің бәрі де әндерін рояльға қосылып айтты (буряттардан басқасы). Өлең сөздері орындар алдында жиналған жұртқа орыс тілінде ұғындырылып отырды. Декламацияларға да осы жол қолданылды. Кешті тамашалауға жұрт көп жиналды...».

Технология институтының студенті Қаныш Сәтбаевтың университет кітапханасындағы карточкасында қазақ даласы туралы орыс зерттеушілерінің бұрынды-соңғылы жазған ғылыми еңбектері молдап тізіле бастады: П. Паллас, В. Радлов, П. Мелиоранский, И. Веселовский, Г. Потанин және басқалардың әр жылдары жазған жазбалары, саяхат күнделіктері, түрлі зерттеулері. Сірә, сол ізденістің әсері болар, Қаныш Имантайұлы ғұмырбаяндық жазбаларында: «Сирек қолжазбалар бөлімінен Едіге туралы ескі аңыздың Шоқан Уәлиханов жазып алған 3 түрлі нұсқасын көріп, қызыға таныстым. Солардың бірін, әрине, Шоқан нұсқасын, 1927 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан жеке кітапша етіп жарияладым...» делінген.

Студент жігіттің құмар ісі әртүрлі, соның бірі – жан дүниенді рухани байытатын меншік кітапхана жинау. Анығында, бұл әдет оған өз әкесі Имантайдың шығыс ақындарының асыл мұраларын ұқыптап сандықта ұстаудан бастау алған. Сол әдет енді «Сынықтан басқаның бәрі де жұғады» деген тағылымға сай, Қанышқа да ауысқан. Тек оның көбірек қаузайтқыны – ғылыми әдебиеттер, әсіресе геология саласындағы кітаптар – К.И. Богданович, И.Н. Мушкетов, В.А. Обручев, Г.Г. Семенов-Тянь-Шанский еңбектері, Д.И. Менделеев сынды орыс ғылымының мақтаныштарымен қоса, сол жұрттың «Алтын ғасыр» әдебиетін сомдаушылары – Белинский, Писарев, Добролюбов, шетел классиктерінен – Вольтер, Анатолий Франс, Шекспир, Диккенс, Гейне, Шиллер шығармалары. Философиялық ой теңізіне сүңгітетін ғұламалардың да бірталай шығармаларын Қаныш Имантайұлы студент кезінен құмарта жинаған.



**Берілген тапсырмаларды орындаңдар.**



**1-тапсырма.** Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы туралы жазылған тұстарды оқып, композициялық талдау жаса. Бала Қаныштың мінез ерекшелігі туралы айтып бер.



**2-тапсырма.** Роман-эссенің жанрлық табиғатына байланысты ерекшеліктерін айтып беріңдер. Романдағы деректілік туралы өз ойларыңды талдау түрінде дайындаңдар.

Романның жанрлық ерекшелігі	Романдағы деректілік мысалы	Біздің пікіріміз



**3-тапсырма.** Қаныш Сәтбаев кездескен тарихи тұлғалар кестесін толтырыңдар.

Романдағы тарихи тұлға	Романнан мысал	Қанышпен қандай байланысы болды?



**4-тапсырма.** Топта талдап, кестені толтырыңдар. Хрестоматияда берілген романның үзіндісін пайдалануға болады.

Топтар	Роман бөлімдерін талдау	Романнан мысалдар, үзінділер келтіру
1-топ	Қаныштың балалық шағы	
2-топ	Қаныш танысқан тұлғалар	

<b>3-топ</b>	Қаныштың ұстаздары	
<b>4-топ</b>	Қаныш оқыған оқу орындары	
<b>Роман идеясы туралы ортақ пікір тақтасы</b>		



**5-тапсырма.** Үзіндіні тыңда. Қаныш Сәтбаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кездесуіне мән бере отырып, олардың әңгімелері не туралы болғанын өз сөзіңмен айтып бер. **Уақыты – 10 минут.**



**6-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, терминдер мен жер-су атауларын теріп жаз. Олардың мағынасын түсіндір. **Уақыты – 15 минут.**



**7-тапсырма.** Роман-эссенің берілген үзіндісінен автор бейнесін анықта. Автор мен кейіпкер қарым-қатынасын білдіретін сөздерді жаз.

Жалбыраған кекілі ұйпаланып маңдайын жапқан, қоңыр көзі кісіге томсырая қараған, құлағы қалқиғандау, тәмпіш мұрын, талдырмаш бойлы аққұба бүлдіршін ересек балалармен бірге дайындық бөлімінде отыр. Өлсін-өлсін айналасына жаутаңдап аңтарыла қарайды, бұл жерге қалайша тап болғанына таң сияқты. Балалардың кішісі болғандықтан оған тағанның алдыңғысы тиген (әрине, ол кездегі ауылдық мектепте парта болмаған, көпшілігі үстелге де жарымаған). Құла тайдың құлағынан әрең көрініп, жұдырықтай Қаныштың мектепке келе жатқан кейпі де бір тосын қызық. Қаршадай болып осынікі не азап деп жаның ашығандай...



**8-тапсырма.** Роман үзіндісін оқып, сұрақтар дайындаңдар. Дайындаған сұрақтарыңды сыныптастарыңның басқа жұптарымен бөлісіп, кестені толтырыңдар.

Сұрақтар	Үзінді	Басқа жұптың жауабы



**9-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдаланып, «Қаныш арманы» деген тақырыпта шағын шығарма жаз.

**Денсаулық, оқу, ғылымды игеру, қазақ ғылымы, ұлттық ғылым, кен байлығы, жер қыртысы.**



**10-тапсырма.** «География» пәні бойынша оқыған жер қыртысы туралы деректерді пайдаланып, өзің тұратын елді мекеннің жер бедері туралы шағын зерттеу жүргіз.



**11-тапсырма.** Хрестоматияны пайдаланып, Қаныш Сәтбаевтың өмірінің соңғы кезеңі туралы айтып бер. Ғалым қазақ ғылымының дамуына қандай үлес қосқан? Ғылымның қай салалары бойынша зерттеулер жүргізген?



**12-тапсырма.** Ақпараттық дереккөздерін пайдаланып, академик Қаныш Сәтбаев туралы материалдар жина. Қаныш Сәтбаевтың қазақ ғылымына қосқан үлесі туралы ғылыми мақала жаз.



**13-тапсырма.** «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесінде көтерілген мәселені талдап, шағын эссе жаз.



**14-тапсырма.** Романдан Қаныш Сәтбаевтың мінез ерекшелігін білдіретін тұстарын теріп жазып, баға беріңдер.

Үзінді	Қаныштың мінезі	Менің ойым...





**15-тапсырма.** Романда көтерілген негізгі мәселелерді талдап, көркемдік құндылығына баға бер. Шығармада кездесетін мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің мағынасын түсіндір.



**16-тапсырма.** Қаныш Сәтбаевтың романда көрінетін қырларын теріп жазып, талда.

Қаныш						
Өнші	Күйші	Әдебиетші	Математик	Геолог	Ғалым	Басшы



**17-тапсырма.** Романда кездесетін ғылыми терминдерді теріп, «Физика», «Математика», «География» және т.б. пәндерде өткен терминдермен салыстыра отырып түсіндіріңдер.



**18-тапсырма.** Медеу Сәрсекенің Қаныш Сәтбаевтың өміріне байланысты жазған басқа да еңбектерін пайдалана отырып, роман-эссеге әдеби сын жаз.



## ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ



«Парасат пайымы» тарауында жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі, Талапбек Сұлтанбековтің «Көшпелі алтын» ғылыми-фантастикалық әңгімесі және Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңімен танысамыз.

Тарауда берілген шығармалардың жанрлық түрлері әр алуан. Алайда бұл шығармаларды байланыстыратын орақ дүние – адам жанының парасаттылығы мен кемелдігі, биікке ұмтылуы мен болашаққа деген зор сенімі.

### АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА

(1965 жылы туған)



Кемелбаева Айгүл – жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург. 1965 жылы 21 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Құндызды ауылында дүниеге келген. 1982 жылы қазақ орта мектебін бітіріп, 1984 – 1987 жылдары КазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. 1989 – 1994 жылдары Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институтының проза бөлімін әдеби қызметкер мамандығы бойынша тамамдаған. 1983 жылы «Жалын» баспасының республикалық жабық конкурсында балалар әдебиетіне арналған II жүлдені, 1997 жылы М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы құрметіне жарияланған шығармашылық конкурста III орынды, 1998 жылы Жастар одағы мен Журналистер одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығын иеленіп, 2000 жылы Сорос Қазақстан қорының «Қазіргі заманғы қазақстандық роман» атты конкурсының жеңімпазы атанған. 2001 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Баспасөзде 240-тан астам әдебиеттану мақалары, эссе, аудармалары жарық көрген. «Жетінші құрлыққа саяхат» (1986), «Тобылғысай» (2001), «Мұнара» (2003) атты прозалық және «Мәжнүн жүрек» (2013), «Сөз хикмет» (2016) әдебиеттану-эссеистика кітаптарының авторы.

2005 жылы Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі бойынша түсірген (реж.Б.Шәріп) «Күнә» атты фильмі, сонымен қатар «Сұлтан Оразалин», «Сүлеймен Есқараев», «Жиёмбет жырау» деректі фильмдері жазушының кино саласындағы кесек туындылары саналады.



## ШАШТЫ

(әңгіме)

*Тұлпардың тұяғы таптағанда даланы,  
Аспан алты, жер жеті ойран-асыр болады.  
Фирдоуси*

*В этом мире, где счастье – пустая ложь,  
Лишь одно без обмана – хребет коня.  
Сеитназар Сеиди*

*Көшпенділер – құм тәңірлері.  
Али Акташ*

*Бабалар біздің шежіре жазып қалдырған.  
Қасымхан Бегман*

– Қай ноғайсың?

Екеуі қоста оңаша қалғанда жөн сұрасты. Жас бала айшылық алыс жолдан барымтаға түскен қыпшақ жылқысымен қоса айдалып келген. Түрікпен Өмударияны бетке алып, Сыр бойы қыпшақтан алған қалың жылқыны дүркірете қуып, күн-түн жортқан ат үстіндегі сергелдең он бір жасар оғланды дереу есейтіп тастамаса да, қапелімде азат басына түскен қыл бұғауды тосырқап, тілі байланып, жан ұшырған.

– Аға, біз қыпшақ, атам аты – Ерторы, әкем аты – Құлпейіс, анамның сүт кенжесі – Кенжебекпін, – деді бала көзі жасаурап, мөлтең қағып.

– Балам, сен мені жылқышы ата дерсің, – деді қазақ шал түсі жылып, – Құдай аламанға кезіктіріп, таландыға бір түскен екенсің, бекер жаси берме. Ай-Күн жарықсыз болмас.

Ат құлағында ойнап өскен қыр баласы сол қырғын күнгі мың жылқысын қорыған қыпшақтың шетінен сүйекті, сай тасындай ірі, сом білегі тізеден келетін үш ер-азаматының қасында шоқайып, өзі тіленіп, ат арқасынан түспей қойған. Қырық қаралы теке түрікпен\* жер астынан шыққандай, жусаған жылқыға андыздай тигенде аз қыпшақ сүйірленіп, найза кезене, қарсы шабуылға қасқая ат қойды. Ешбірі тірі қалмасын білген, өлсе, жастығын ала өлмек. «Жал-жал құм арасына қаш! Қалың жыңғыл, сексеуілді панала, тез тығыл, жотадан ассаң, жау таппай қалар, құтыл, бауырым!» – деп бірі артына қарайлай бере, Кенжебекке жанұшыра айқайлаған.

Кенжебек астына мінген дегдар тұяқты жануар қиқу тиіп, құйрық-жалы нөсердей құйылып, дүр сілкінгенде желдей ескен мың бас жылқыдан үркіп, кісінеп салды. Ойдым-ойдым құм арасы жылқы жаюға қолайлы болғанымен, ат күрмеліп, шаба алмайды. Бала ішіне шоқ түскендей, айнала үшеуін, батыр ағаларын ажал сұмға қимай, көн садағын қолға ала ұмтылды. Омыраулай қарсы келген жалбыр бөрік дәу түрікпен ат үстінен қарғадай баланы жұлып кеп алды. Ұрыста жазым болып, қосақ арасында бекерге өлмесін деп, ол баланы алдына лақша өңгере салды.

Жылқы күзеткен арыстай үш жігіт ұрыста өліп, Ерторының немересін табын-табын жылқымен қоса теке түрікпен олжалап, күнбатыс еліне айдап әкеткенін естігенде, тұсауы кесіле сала ат арқасына мінгізген қыпшақ елі ұлардай шулап, қатындар дауыс сала, бет жырта жылап, аһ ұрып қала берді.

– Қай ноғайсың? – деп сұрады бала іркілмей.

– Қаңбақша ауып, тамырсыз дедектеген мен бір қаңлы.

– Қаңлы ішінде қай аталық? – деді бала ересек адамша сыр тартқысы кеп.

– Тегін сұраған жат болмайды. Қаңлы десем, көгім қазақ дегенім, қарағым. Бабам азан шақырып қойған есімімді, сүйегімді жариялап айтпай-ақ қояйын. Сен сұрама.

Кенжебек жалшы шалдың ататегін, руын дәл атауға құлықсыз екенін, батпандай құпия қайғысын нұры тайған көзінен ұқты. Өйтпесе, тұқымы асыл болса, астындағы атына өз тайпасын қосақтай айтуға шалт қазақ нәсілінен ғой.

– Ат басы мен ер басы қайда қалмайды, – деп күрсінді шал.

Ошақтағы от жалын кеміп, көлеңкелер бұға қалғандай, жатаған сексеуілге айналғандай елестеді.

– Сен, қарағым, алаңсыз ұйқыңды қандыр. Түнгі күзет мына менікі, атаңдікі, – дегенде жылқышының дауысы ерекше жұмсарды. – Тасқұл атаң жалғыздық сүрейге әбден еті өлген.

Ол қыпшақтың еркек баласын жортуылшы топ олжалап әкелгенде қатты тіксінді. Кенжебек теке түрікпенге тұтқынға түскелі қолына құрық ұстатып, жылқы бақтырды. Бала қасындағы үзеңгілес серігі қазақ болып шыққанына әкесін көргендей қуанды.

Ұзамай Кенжебек жаңа тірлігіне үйрене бастады. Түрікпен жылқысы шетінен аққу мойын, тік сирақ, бойы биік келеді, аяғын қаз басқанда ерен бекзат жануар болар ма, соны көргенде арқасы қозды. Бұрын көз үйренген қыпшақ, адай, алаша, шекті жылқысының шомбал мүсіні қораш сезіліп, шоқтығы биік, сымбаты көркем текежаумыт тұқымды жылқы малсақ ұлдың көзіне оттай басылды.

Теке түрікпен бегі Атажан байдың мол жылқысын иен түзде жалғыз бағатын Тасқұл қасына қарындас бауыр келгелі арқаланып, ат үстінде ыңылдап өлең айтады. Екеуі аңдуыл сырт көзден таса тілдеседі.

– Текежаумыт, ерсары, фөклен, салыр тайпалары бір-бірімен қыз алыспайды, жиырма төрт ата түрікпенде қазақ рулары сияқты алыстан, жеті рудан асырып құдаласу салты жоқ. Қатын-қыздарын қызғыштай қориды. Қазақ пен түрікпен өзара шабысу, аламаннан екі жағы да ешқашан айныған емес. Оғыз-қыпшақтан бергі көрген тірлік, жылқы алу, қатын-қыз, бала-шаға олжалау. Шекті-шөмекей қазақтың ұсақ шоқылығы, жалпақ жон Арқаға апарып Орта жүзге сататын қыз-келіншек түрікпен тыстан жаулап әкелген жесірлер, бұл құма\* мұңлықтардың құны құл базарында арзан. Айырбас саудаға жәуміт тайпасы жүреді. Олар парсы патшасына бағынады. Фөклен – бес қаруын асынған жауынгер ел. Түрікпен ноғай мен жетіруды жиі шапты. Қазақ руларынан түрікпенмен жиі соқтығысатын найзасының ұшы алтын Кіші жүз байұлында адай елі. Адай біресе теке руымен, біресе жәумітпен алыс-беріске икем, көбіне шабысып, аз мезет табысып та жүреді. Қос дария бойында ежелден қыпшақтар түрікпенмен араласып, бірге көшіп-қонып жүруші еді. Құла түзде кебін-

сіз қалғаны бар, тігерге тұяқсыз қалғаны бар, оғыз-қыпшақ тұқымы бүліншілікте жан алысып, жан берісіп, ауыл, оба\* барымта, қанды соғыстан запыс болса мейлі, бұл дағдыдан ешқайсысы жаңылған емес.

Сыр бойына жиі шабуылдайтыны текежаумыт. Қой үстіне қайдан бозторғай жұмыртқалайды? Қазақылық заманнан үш жүз бір ту астына біріксе, ер түрікпеннен бөлек, өр Алтайдан Еділге өтіп, қырғидай тиген құба қалмақтан, Ысық көлдің\* арғы жағынан жөңкіліп тиісетін жауынгер тайпа қырғыздан, ормандай көпір орыстан, сірә да жеңілмес еді.

Тасқұл шал айтқан сөзі қарғадай Кенжебектің көкейінде байыздап қалсын деп Сыпыра жыраудай түптен толғанды. Құлпейістің кенжесі өз елінен тоналған қалың жылқыны бағуға жегілді. Түрікпендер жылқы мен баланы әуелде мықтап күзетті. Атажан бай жылқысын алпыс жыл бойы үзбей бағатын көрі қазақтың қасына қарғадай ұлды қосып берген. Жылқышы шалдың жанынан екі елі қалмайтын ақтөс қос төбеті бар.

Жыл – он екі ай өткенде, Кенжебек, жылқышы ата бір күні бай үйінен таңдаулы құлындарға беретін түйе сүті құйылған месті әкелгенде көзі шырақтай жанып, алағзып келгенін бірден ұқты.

Түрікпен мен қыпшақ тойында көшпелі салт бойынша ат шаптырып, балуан күрестіреді, бәйгеге үйірімен жылқы, сан бас түйе, тайтұяқ күміс тігіледі. Атажан бай елінде болатын үлкен той, ат бәйгеге қос тұлпарын қосу үшін атбегілігі сыннан өткен қарт қазаққа баптауды бұйырған екен. Жылқышы иесінің небір жүйрік атын талай мәрте жаратып, олжа салып жүргеніне алғаш рет жүрегі атқақтап, өлердей қуанды. Бұрын бәйгеден аты озса, бай ризашылығын жомарттықпен білдіргенде селт етпеуші еді.

– Құланның қасуына, мылтықтың басуы, бұл Құдайдың бұйрығы, аруақ жебеді, – деп таси сөйледі Тасқұл. Шал анандан қайта туғандай күрт өзгеріп, құшырланып сала берді. Тұйық судай тұнжырап тұратын шегір көзіне от толып, жасынша жарқ етті. Бала қарт жылқышының оқыс өзгерген мынау мінезін әсіре атқұмарлығынан деп ұққан.

Бірде жеті қараңғы түнде ғадетте құс ұйқылы шал баланы ұйқысынан шырт оятып, ошақтағы шоқтың жылт-жылт еткен табында қарсы алдына отырғызып қойды. Кенжебек

көзін аша алмай, аузын аша есінеп, ұйқы қысып, түк түсінбесе де, есін ептеп жиып алды. Қай қуыстан суырып алғанын, жылқышы шал оң иығына бөрінің бас терісін тұтас қалдырған көкшулан терісін жауып алыпты.

– Шырағым, сын сағатың туды, ал көзіме тік қара, сөзіме бақ! – деп бұйыра сөйледі жылқышы. – Түрікпеннің атқұмарлығы атаң қазақпен тең. Бәйге десе, екеуі де ішкен асын жерге қояды. Түрікпен ежелден марғау далада тежеусіз құландай өскен ер қазақты қарақшы, бүлікші, тентек көреді.

Бөрі көсемі абадан болар, бөрі күшігі бөлтірік болар, бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екеніңді мынау құмдағы мимырт елге мықтап танытар күн туды! Ежелден қоныстас теке түрікпен бұл тойды әсте ұмытпас, жадынан өшпес таңбалы етеміз!

Кенжебекке жылқышы шал құдды жер қайысқан әскермен жалғыз соғысуға даяр хас батырдай ерек көрінді. Айтқанын қалт жібермей тыңдап отыр.

– Бұлар да қазақ сияқты көбінесе басы жаугершілікте бірігетін алтыбақан алауыз ел екені рас. Тайпалары өзара дұрдараз болғанымен, түрікпен – тегінде асыл текті мәрт халық. Бірақ соғыстан түскен жетім-жесірді аямайтын қатал заңды қай халық болсын ұстанады. Сенің құның бұлар үшін тышқақ лақ ғұрлы жоқ. Тұтқынға түсу – көшпелі рулар үшін қарғыс таңбалы, көк соққанмен тең. Жат жарылқамайды. Сондықтан мына сені, еркек баланы өлсе аямайды. Қоқан, Хиуа бектері қазақтан қыз салық алып басынады. Түрікпен салты қазақ сияқты, ұлы қатынын текті тұқымнан айттырып алады, күшік қатынын жесірден алады. Жетім қыз болса, малдыға кішілікке береді, анасы көгі бөтен болса, одан туған ұл бала есіміне «құл» деп жалғайды. Таза қанды түрікпеннен шатаны солай айыру үшін.

Бала тез тігіркеніп, қорқып кетті, үкідей дөңгеленген көзіне шүпілдей үрей толды. Үлкен кісі нені меззеп отыр? Мұны түрікпен бектері ат құйрығына байлап өлтірейін деп жатқандай түспалмен орағыта сөйлегені несі?!

– Атажан қос жүйрігінің біріне шабандозға сені шаптыратынын көрі жүрегім сезеді.

Шал көкейіндегісін айтқанда Кенжебектің тынысы кеңіп сала берді. Е, е, теке түрікпен де – қазақ сияқты обал-сауапты білетін ел, тірі жан иесін беталды өлтірмейді.

Бұл түйелі көрші ауылға түйе сүтін меспен әкелуге барған сайын түрікпен шешелер дәмді асқа тойғызып, жетім-жесір, құл бала көріп, іштей мүсіркейтінін талай басынан кешті. Түрікпен жылқысына түйе сүтін береді.

– Кенжебек, жас та болсаң, бас болар сәт келді. Теке түрікпен «Өр түлкі өз құйрығын мақтайды», – деп айтады. Текежаумыттың айтулы бектері, бай-бағланы өз жүйрігі озғанын күтіп, жарысты есі шығып қызықтайды. Бөйгенің ең қызған шағында кертағыдай бұл қазақ бүлікшіл, өлермен халық екенін көрсет, менмен текежаумыт бектеріне атасын таныт! Сол сәт менің есіл өткен қайран өмірімнің құны толық ақталғаны! Қарағым, бұл тойда сен тәуекел деп бел буып, еліңе қашасың!

Бала бауыр басып қалған жылқышы атасының бағанадан бері нені көксеп, нені айтқысы кеп қомданып отырғанын енді айқын ұқты. Не дерге сөз таппай қалды.

– Неге үндемейсің? – деп сұрады шал жарықшақ дауысы тарғыл шығып.

– Ей, ағатай, айташым, сен мені тыңдашы. Мен қашсам түрікпендер момын аңша аулап, тарпаңдай қайырып өкеп, шырқырата ұстап алады ғой!

– Тұлпар дүбірі сені қиянға шырқатып әкетеді. Қазақ шығарсың! Жылқы атасы керкұлан, жылқы аяқты мал, арқасына бір қонсаң, аруақ жебейді, құстай ұшып, желдей есесің. Сырдың суы сол сәт сирағыңнан келмейді, ұлым. Мұратың тек қашу болсын. Ат асылы теке түрікпенде, ендеше, тақымыңа Ақсақ Темірден бергіде қызылбастың мәртебелі өмірлері мінген қас жүйрік тиеді. Азаттыққа бәс тігуге ықтиярсың ба, ұлым?

Кенжебек алғидың шөлінде, қиян-қия елсіз жолдың қауіп-қатерлі уытын жұдырықтай жүрегімен ауыр сезінді. Басын изегендей болды.

Көрі-жас екі қазақ қостан шыққанда көктегі ай тола бастапты. Жалшы шал тарамыс мойнын созып, көк аспанға телміре қарады.

– Е, балам, бағың бар сияқты, жазмыш жазуын қарай гөр! Анаң сені ай толғанда толғатып тұған екен. Шашты-түкті дүние сипаты жарқырай туып келеді, о, тоба, шебер Тәңірі жолыңды оңғарайын деп тұрғанын қара!



Кенжебек аңтарылып, көкке көз тікті. Кәдімгі түнгі аспан, жұлдыздар баданадай анық, ай сүттей жарық. Жылқышы ата нені мегзеп, қандай игі нышан көргенін ол түйсінгісі кеп кетті.

– Шашты-түкті дүние сені адастырмас, толған ай – алтын қазығың. Түнгі дегдар даламен көк бөріше жортарсың. Тақырбас таз түндердің шеті кетіліп бітті. Әулие пірің – Баба түкті Шашты Өзиз қолдасын, жылқы пірі – Қамбар ата қолдасын, қысылтаянда қырық шілтен ғайып ерен кезіксің! Ешқашан алақан жайып, бата берген жан емен. Батамды бердім! Темірқазықты жадыға мықтап тұт, шөмішті шоқ жұлдыздар илайым оң жолға салады. Оразалы құтылар, бейнетті тұтылар.

– Жылқышы ата, нені айтасың? Шашты-түкті деген кім?

– Бұрынғы көнекөз жұрт көкірегі ерен көркем еді, толған ай көрсе шашты, жазғы сәуле құйылса түкті деп жатушы еді. Алпыс жыл бұрын бабамнан естіген сол сөз санамда жарқ ете түскені тегін нышан емес.

Бала есінеуі жиіледі, ары қарай сөз тыңдауға зауқы соқпады.

Ертесінде жылқышы шал Кенжебектің үкі көзінен кертәбан бір үмітсіз торығудың жылт еткен белгісін көріп жаны ерен құлазыды. Оның қорқып, тайсақтауын іштей жазғыра алмаған. Бірер күнде баланың еңсесі түсіп кетті. Айшылық алыс жолды ат соғып, суыт жүріп келген балаға жыл озғанда иесіз, азықсыз, жападан-жалғыз жер түбіндегі еліне бас сауғалап, қашып баруы үшін жалаң төуекел қылу аз. Көзсіз ерге лайық әрекетке баруға жас бала дайын емес сияқтанды.

– Жылқышы ата, мен ойласам... қашу михнаты тым қиын сияқты, – деп күмілжіді Кенжебек көзімен жер шұқылап.

– Ез болуды пір тұтпа, шырағым. Темірді қызған кезде соқ. Өзекті жанға бір өлім деп елге тарт. Есің барда елің тап!

– Айшылық жер, жер түбі, құм керуендегенде былтыр бейнетін әбден көрдім, жылқышы ата. Бірақ онда көппен бірге болдым. Аң-құс, қарақшы, алақшы\* бар...

– Түрікпен «Қорқытқа көр қазба» дейді. Мен айтамын, Қорқытқа көр қазылсын, уақыты келсе даяр тұрады! Қайда барсаң, Қорқыттың көрі десе несі бар? Көрге кіргенше көре-рің аз болмайды, қарағым. Маңдайға, лаухил тақтаға\* жа-

зылған өлшеулі жас бар. Тікқұлақ көкжалдан несін қорқасың, төңірі текті түркі-көк бөрі тұқымы емей, сен кімсің?! Тұрлаусыз өскен құландай қыпшақ қаныңды сатпа!

Жылқышы лаң тигендей атын шалт тебініп, шаба жөнелді, қос тау төбеті қапталдаса зымырайды. Ол табын жылқының ортасына тартты. Кенжебек оның соңынан ерді. Тасқұл ата наразы, мұның шалаширақ балапандай әлсіздігін қомсынып, жан алқымынан ашу қысқанын айтпай білді. Шіріген жұмыртқа, шүрегей, көк жасық дейді-ау. Бала қасына келген соң жылқышы шал мұны көзіне ілгісі келмей, тілсіз қалды. Күн қаққан өңі өрт сөндіргендей түтігіп алған. Мұның шалыс, қорқақ пиғылы дауасыз жараның аузын тырнаған тәрізді. Тек жылқышы атасы бек риза болу үшін бала қашуға бекінді, өлсе, шейіт болар, өлмесе, тірі қалар.

Түн ауа жылқышы қосқа қайтпады. Кенжебек оның қасынан екі елі қалмаған.

– Түрікпеннің аламандығы қазақтың барымтасынан садаға кетсін, – деп ауыр күрсінді жылқышы шал. – Ноғайлы нәсіл тек жылқы олжалайды, сейілхан\* жорықта мал-жанды түгел олжалайды. Екеуі адал ас ішсе, Құдай аштан өлтірердей, құртқа\* дүниеге құнығып, өзара жорық, құмда керуен тонаусыз күн көре алмайды. Бақауыл\* болудан бұлар өсте жерімейді.

Оғыз-қыпшақ – ежелден шығандай бергенмен, түп нәсілі бір халық. Ұлы жүз қаңлы, жалайыр, шапыраштыда, Орта жүз тобықтыда теке руы бар. Қарақойлы руы қыпшақта бар, түрікпенде бар. Байұлында шеркеш, түрікпен ішінде шеркез руы бар. Өлімде кете, түрікпенде кете руы бар.

Ісі қазақтың Құдай сүйген қылығы жоқ. Ала жылан аш бақа, ала тілеу ондырмасын бек біледі. Қара қыпшақ Қобыланды батыр Ақжол биді өлтірген соң арғын-қыпшақ айырылған. Кетелер кектесіп, адайдың бір ауылын шауып алады, адам шығыны көп болды. Өлім мен байұлы, бертінге шекті тату болмады. Мұндағы түрікпен отын жағып, бесігін тербеткен, бірақ туған елін өлсе ұмыта алмайтын қаны қазақ жесірлер жылап айтқан құса-шер, шежіре естір құлақ керең болмаған соң көкейге жетеді.

Сырт дұшпанға сыр алдырып, елін зар еңіретіп, есесі кете бергені өз руы десе, астамсып кететін, қит етсе, атасын құдайдан зор көріп, тепсінген көр надан, менмен, жекпе-жек-

шіл, есерсоқ батыр атаулының кесірі. Мұндайда алақтап ажал іздеп ұрынғыш, алабас бураша шабынған ұрдажық есер еркек, даукес тентекке обал жоқ, бірақ қайран аналар мен қабырғасы қатпаған, ұядағы балапан, ұялас күшік, көзін ашпаған бала-шағаның соры. Оның несін айтайын?! Тісімнен тіріде шығармасын дейтін сұрқия сөзді айтқызғалы тұрсың сен маған.

Кенжебек жалшы шалдың әлемтапырық дауысынан қарадай шошынды. Шегір көзінен жаңбыр жаумайтын қу мекіен шөлдегідей тамшы жас тамбағанмен, жылқышы ата жаны егіліп жылап тұрғанын біле қойды. Зәресі ұшып, басын шайқады. Айтпай-ақ қойса екен деп тіледі.

Жалшы шал басындағы ақ жүн қозы бөрігін жұлып алды. Баскімін Кенжебектің аяғының астына лақтырып тастады. Селдір шашы аппақ құдай екен. Қаһарлы хан алдына келіп, «Алдияр, дат!» деп тұрғандай мұнысы несі?!

– Есіңе мені бір жаман құл, Тасқұл деп алғайсың. Ертең қашпасаң, құлақ кесті қара құлдан бетер сорақы боласың. Мына сенің жасыңда тұтылдым. Уызымнан жарып, бал жалап өскенімді қайтейін?! Ат тұяғы басқан жер шапқын, жылқы мінген елдер соғысып, жылқы өсірген халық шабындыға көп түседі екен. Аттанып шыққан түрікпен аламанда тұтты. Ойдағы ауылыма оқыстан жау тиді, қазанды қақ айырды. Қазақ пен текежаумыт, екі жағы барымтада бірдей о жар. Біздің рудың бас көтерер ерлері Жетісу, Теңіз\* асып, бұғы қырғыздан\* жылқы әкелуге кеткен кезіне килікті. Кілең қатын-бала, көрі кемпір-шалдан бөлек найза ұстайтын ерлерден азғана топ қалған, жасанған дұшпан қырып салды. Жас қыз-келіншектер мен қорғансыз балаларды алғыншылар қоймен қоса айдап әкетті. Кебенек киген тірлік у татып, тұтқыннан қашып кетуге тағдыр еш қоспады. Талай әрекет қылғанмен, қолға түсе бердім. Арқамдағы дүренің іздері – содан қалған белгі.

Жылқышы шал басы салбырап, ұзақ үнсіз отырып қалды. Іштегі шерін, асқан құпиясын ақтаруға батпайтын сияқты.

– Он үште отау иесі деген. Ер жетуге аз қалғанда, Құдай кешпес бір кепке ұшырап, өлгім келді. Кісіге айтуға арланатын қорқау сөз еді. Құлдық кепіеті ұрмасын деп мына саған айтпасқа еш амал жоқ. Тәңірінің бұйрығы айтқызып тұрға-

нын қара. Түрікпендер бір күні қатын-қыздарымызға қарап қояды деп мені ата мал сияқты, қошқардайын тарттырып жіберді. Содан бергіде Азбанқұлмын!

Жылқышы шалдың иегі кемсеңдеп кеткенін көрген сәтте, бала аһ ұрып, оны арқасынан құшақтай алды.

– Келісті бозбала болып өсіп келе жатқаным қаралы құсаға ұласты. Не ер емес, не қатын емес, арадан шықтым, тірі өлікке айналдым. Баяғыда отқа табынып, маздатып шырақ жағатын бір елдің әмірші, бектері сарайында шырайлы күндер ұстайды, сол сұлу күндерін бақтыруға еркектіктен айырған басыбайлы қарауыл өтек ұстайды деп естуші едік. Түрікпен парсыға бізден гөрі бір табан жақын жатқан ел, сынықтан басқаның бәрі жұғады, сұмпайы зорлықты жұқтырған көрінеді.

Ең қиямет тұсын айтқаннан соң, жалшы шал біртүрлі жеңілденгендей, жаншылған қалпынан арылып, дауысы қайта өзгерді.

– Құлдан да бір сөз дейді қазақ. – Жылқышы енді айбат шеге сөйледі. – Бұқаға туған күн бұзауға туады. Бұқаны өгіз, айғырды ат, бураны атан қылу заты – Құдай қарғаған запыран зорлық, жаратылысқа қиянаттың көкесі. Қарғадай болсаң да көзіңдегі қос үрейді көрген соң түңіліп, сұрықсыз сұм кепті баян қылдым. Естіген құлақта жазық жоқ. Бекіту үшін айттым. Мені аяма, өзіңді ойла. Құлақ естігенді көз көрер. Қорықсаң Құдайдың көрінен, мына мен ұшыраған ықтиярсыз зауалдан қорық.

– Жылқышы ата, қашуын қашармын, бірақ мен қайтар жолды анық білмеймін. Әмудариядан өте алмасам өлдім ғой. Жау қолына қайта түссем, осы күніме зар болып, озандап қалармын.

– Мен шешекемнен ноғай-қазақ болып туғаным рас болса, байкемнің бөйгеге түсер құнаны нағыз құмай, қаракөк тұқым, аузымен құс тістейді. Мен баққан тұлпардан бір кінәрат табылар.

Жылқышы шалдың үні сенімді шыққаны сонша, бала үңіліп, оның бетіне қарады. Оның езу тартып күлгенін алғаш көрді.

– Ұлым, ат арқасында тіп-тік тұзу отырғаныңды талай мәрте байқадым. Шап айылын қатты тартып мін. Аттан түскенде босатып отыр. Түн баласы ақ маяның жолына қарап жүресің. Темірқазықтан жаңылма, ұзақ сапарда бағдарың – сол.

– Жылқышы ата, ақ маяның жолы қайда? – деп елең етті бала.

– Текежаумыт құс жолын солай атайды. Ойсылқара түлігі – түйені пір тұтқан көшпелі тайпа болған соң, құмға төзімді малды қастерлейді. Оғыз бабамның түп ұрпағы ғой. Оғыз бен қыпшақ тайталасқан, оғызды қыпшақ еңсерген, ел еңіреген жерлер, өне.

– Жылқышы ата, күндіз тығылып жатсам, қуғыншылар ұзатпай, ұстап алмай ма?

– Кезеуілші жау іздеген жасақтар кездесуі мүмкін. Әуелі жаратқан Құдай, сосын әулиеге, пір Бекетке сыйынып, тарта бер. Сайтандай сап етіп, айшылық жерден торғауыт құба қалмақ жортуылдайтыны болады. Сол жоңғар-ойратқа ұрынғаннан сақтағай! Хиуа әміріне бағынған қарақалпақ жолықса, бір ноғайдың нәсілі, Мүйтен би ұрпағымын деп айт. Аузыңа түскен бір қазақ рудың атын айта бер, албан, найман, қоңырат, керей, кердері, табын, үйсін аққойлы, ысты қарақойлы, жалайыр, жетіру, ашамайлы, қанжығалы, шанышқылы, таракты, бессары, қыпшақпын де мейлі, қарақалпаққа бөтен болмай шығасың.

Жылқы әулие, әулиеге тапсырдым! Есті жануар ғой, құла түзде жалғызбын деме, серік болады. Құладан ұшпас шөлден өтесің, араннан бетер көрінер. Өлмеген құлға несібе мол екенін білгенде, Құдайыңа құлшылық қылуды үйренесің әлі. Түрікпен байдың мың жылқысын бағып, мұнда бойкүйес қала берсең, онда тірі емес, әлі санатындасың.

Жылқышы шал бие саууға түйе мойнақ ыдысты ұстап сыртқа шығып кетті, бие байласа алабай иттер иесін қорғаштап бір бүйірде жатады. Кенжебек шал бие сауғанда жылқымен күбірлеп тілдесетінін байқаған. Қыпшақ ауылда биені кілең ерлер сауатын.

Кенжебек кимешегінің жиегіне зер жүгірткен үлкен шешесі тегенеге құйып, қайың ожаумен бал қымызды ағаштан ойылған тостағандарға толтыра құяр мезетін көз алдына елестеткені сол, көзінен бір тамшы жас ыршып түсті. Шірікін, апасының көк бешпентінің өңіріне бетін бір басып, иісін иіскер күн туса!

Тасқұл үйірлі биені сауып болған соң, сүтін сабаға толтырды. Кенжебекті ертіп құмға бет алды. Бәйгеге баптаған қос жүйрікті жетекке алды. Бала жон арқасымен сырт көз-

ден именіп барады. Түрікпендер мұның түп ойын арқасынан оқып қоярдай қуыстанды. Бірақ ешкім бұл екеуін қалт жібермей қадағаламайды. Өйткені алпыс жылда жылқышы түрікпен болып, бұларға әбден сіңіп кеткен. Барар жер, басар тауы жоқ, от жаққан жері жоқ тексіз құл санайды, осы елдің бір шерлі жетіміндей көреді.

Қазақ шал жал-жал құмға жылқыны аунатты. Бала жылқышы атасынан көргенін істеді. Шөлейтте өскен теке түрікпен жылқыны суға шомылдырмай, құмға аунатады. Құм судан бетер қапысыз тазалайды екен, жылқы түгі жылытырап кеткенде Кенжебек қайран қалды. Бейнетқор атасы мал жайынан білмейтіні жер астында.

Кенжебек бала ата ақылымен күндегі екі кесек таба нанды жемей кептіріп, жолазыққа дайындаған. Тобарси кепкен майлы құртты бір дорбаға салды. Шал оған құмдақта аңқанды аңызға кептіріп, өлердей шөлдесең таңдайыңа салып, құрт сор, атыңа азыққа қойдың шикі құйрығын кесіп, бір тілімнен бер деп үйретті.

Өзге ел таң ұйқысын өлсе қимас өлара шақта тірлік қылатын жылқышы шал өзі бағатын көкбурыл тұлпардың құйрығынан қыл суырып, бір талымен көзге көрінбес қылып, тілінің түп жағынан байлап тастаған. Кенжебек көкбурыл жылқы қыш оттықтағы жемнен, судан қалып, бабында жаратылмасын айтпай-ақ ұқты, жылқышы сыбырлап, оған не істегенін айтты.

– Қарағым, Кенжебек, бөйгеге өзің баққан жүйрікпен шап, саған әбден үйренді, иісіңді алды. Тілерсегіне қарашы, көсіле шапса жаңылмас, омырауы даладай емес пе, өкпесі өшпейді. Жол азығыңды, қой құйрығын сырт көзге көрінбейтін қылып сал. Ат айдаушы секем алып, бұл не деп сұраса, аттың жемі дерсің. Тұсау жіпті ұмытпа. Бөйге айналма болатын болды, оңайға соқпайды. Ат тізгінін ердің басына үш орап ал. Үш айналғанша, тізгінді жіберме, ат тері шықпаса булығып қалады. Төртінші айналымда ердің басынан бір орамын ағыт. Бөйгені қызықтаған бұқара ел бар. Сол түрікпен ішінде кімдер бар да, кімдер жоқ. Халық алдында дағарадай бөріктері қоқырайып, қаздай тізілген ақсүйек текежаумыт бектері, бай-мырзасы отырады. Дәл сол тұсқа келгенде, атаң қыпшақтың ұранын айқайлап, қиқу салып өт!

– Ойбас! Ойбас! – деп қатты дауыстап жіберді қаршадай бала көзі шоқтай жанып.

Жылқышы көзі шырадай жанды. Түрікпенқұл атанып, жалшылықта ғұмыры өткен кегі бір сәтте қайтқандай өңі нұрланып, арқасы босап сала берді.

– Бес күн жалғанда ешкімнен қаймықпай, ақ алмастай жарқылдап өткен азат ерлерге бас иемін. Боқ дүние мені менсінбеді, түгінім болмаған соң боқ дүниені мен алмадым. Кенжебек, шырағым, мынау жас күнімде елсізде адасқан дәруіш жыршыға тигізген септігім үшін риза пейілмен жомарттық жасаған түрікпен бегінен алған ерекше құнды тартуым еді. Қаңғыбас жыршы тірі жанға қылдай зияны жоқ, ел сүйетін арқалы ақын екен. Диуаналықпен ел адақтап, хисса-жыр айтып жүргенде шөлде қаңғып әлесің ғой дегенімде, мен Көроғлымын, дәруіштің пірі Қожа Хафизден нем артық деген сөзі ойымда. Мойнағы күміспен күптелген тобылғы қамшы енді сенікі.

Жылқышы шал ата салтымен бала елге аман жетсін деп Кенжебектің қолына күмістелген қамшы ұстатты. Қосқа кіргізіп, бір итіне ырымдап, тоқым жауып қойды.

– Дыбысың шыққан соң, атыңның басын бұрып, бір Құдайға сыйынып, мен сілтеген Темірқазық тұсы қайдасың деп қасқая тарта бер.

Бәйгеге отыз ат тігілді. Кілең таңдаулы жүйріктің үстінде бір-бір бәйге бала, тұрымтайдай жеті жасар, он жасар арасы, барлығы ұшар құстай қомданып отыр. Аттылы болудың бағын айт. Кенжебекке ерді жылқышы шал жөке ағашынан жасап берген...

Төртінші айналымда Кенжебек күбірлеп сыйынды: «Я Тәңірім жар бол, аруақ қолдай гөр! Бұл өңім бе, түсім бе?! Текежаумыт тұлпарым, жануарым, құмайым, атаң суын\*, анаң сүттей боз бие шығар, жылқыда өт жоқ, қанат бітіп, құстай үш!»

– Ойбас! Ойбас!

Қыпшақ ұлдың дауысы күн күркіреп, аспан қарс айырылғаннан бетер дүйім елді селк еткізген. Ізінше өлгі өктем үн жарық дүниеге жарықшақ түсіріп, астан-кестен, алай-түлей қылды. Тек көп ішінен арзу қылып, дұға айтқан қазақ шалға Кенжебектің жас дауысы аңқып естілген. Түрікпендер қым-қуыт шулап қоя берді. Бәйгеге шапқанда қыпшақ нәсілі

қалған жиырма тоғыз оғыз баладан еш айырмашылығы жоқ еді. Ұран салған соң қаршығадай ұл басындағы жалбыр бөрікін жұлып алып, жерге лақтырды. Бөрік ішінен басына ақ шүберекті маңдайын баса орап алыпты. Адаймен жиі шабысатын текежаумыттың ызалы көзіне өлгі орамал адайдың ақ туындай елестеп кетті.

Қыпшақ ұл ат басын бұрып, шеңберден шығып, еліне баратын тұсқа нысаналай, жұлдыздай ағып барады. Үстіндегі бала қаңбақтай болған соң, құнан жылқы қиналмай, қолтығын жаза құстай ұшады.

Кенет қашқан баланың көзіне анадайдан күн сәулесінен жаһұттай жарқыраған дөңгелек бір зат түскені. Кенжебек ат бауырынан сыпырылып құлап түсердей кілт еңкейіп, жерден бірдеңе ілгенде жылқышы шалдың қырағы көзі ұясынан шығардай, алақтап кетті. Ол айдаладан іліп алған керемет затын қойнына салды, шабысын қайта түзеді.

Ат жарыс адыра қалды. Ат жарыстан соң тойлы ел ит таластырмақ еді. Ересек түрікпен көбі атқа қонып, шығандап кеткен қашқынды жаппай, жабыла қуып берді. Ө дегеннен ұшқыр шабатын аттар жақын, жанай келді. Жүрегі су етсе несі бар. Кенжебек бауыр басқан жылқышы атасын қимай егіліп барады. Қоштасарда оның: «Мені көрдім деп ешкімге айтушы болма. Мен – бір желге ұшқан қаңбақ, солған тамырмын. Өлсем обал жоқ, өлсем, Балқан тауда сүйегім қалады», – дегенін еске алып, жүрегі қан жылады.

Кетерінде бұл: «Жылқышы ата, туып-өскен жеріңді айт, туыстарыңды іздестірейік, қаңлы ішінде кім боласың? Кіші атаң кім?» – десе, шал басын шайқады. «Ежелден біздің қазақ нәсілін жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руын мүсәпір құл жасырады. Тегімді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң, тексізден нем артық?!» – деп ширыққан. Ол сүйекке масқара таңба түсті деп қорланған соң, атасын жасыруға мәжбүр. «Бұрын періштелер мені ылғи өліге санап кететін. Расымен тірі өлік едім. Атаңа нәлет қу тірлік. Жыланды үш кессе, кесірткедей өлі бар. Тірлігімнің ендігі мұраты – бір сенің елге аман-есен жеткенің. Сонда мына мен өлерде артымда басқан ізім, кіндігімнен жаралып, бел балам болмаса да, азат рухым, мұрагерім, атустарым қалды деп білемін».



Баланың көзінен жас парлады, жанашыр атасын енді қайтіп көрмейді-ау. Түйе шекпен жаңбыр өткізбейді деп жылқышы шал шегелей айтқанын жадына мықтап тұтты.

Дария тасығандай, сел ағызғандай сұрапыл күй кешті. Өттең, қапы дүние.

Қас жүйрік қыпшақ ұлдың тақымында кеткенде түрікпендер жер саба-лап қалды. Ер қанаты – аты өлсе, адамнан кем көрмей, көр қазып жерлейтін;



ең асыл тұқымының жалын тірі жанға сипатпай, ерен құпия сақтайтын; қисапсыз қазынаға айырбастамас, антқа берік текежаумыт, ата мал айғырын өлсе сатпайтын; астындағы атын жанынан, қойнындағы қатынынан артық көретін; айтулы батырлары ұрыста өлген атының басын ардақтап биік тауға қоятын, тұлпардан айырылуды өлімнен кем көрмейтін қайсар қазақ, түбі ер түрік оғыз-қыпшақ нәсілі жылқы десе еліріп, шалық шалғаннан бетер есі кетеді.

Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, бір дене, бір жанға айналып кетеді. Қашса – құтылады, қуса – жетеді.

Қуғыншы жасақтың аттары қатты шабыстан қызғаны соншалық, бүйірлері солықтап, өлердей болдырып, мойнынан қан шықты. Бір қашқын мен жүз қуғыншының арасы қозыкөш жер қалған.

Япыр-ай, рақымы күшті бір Құдайдың күдіретін айт! Құлдыраған қыпшақ ұл жер мен көкті қоса орай озып барады. Кенет жаңбыр жауып, күн ашылса, кемпірқосақ құбылып түссе, бала атымен аспанға өрмелеп кетердей көрінеді.

Құс ұшпас құла түзде жер-көкті тұтас шаңға ораған ордалы құлан кезікті. Аспанды қақ бөліп құйын тұрғандай жойқын үдерген құландар екі ортаны жара ұрымтал тұстан киліккен. Үйірдің алдында басы қазандай ірі айғыр құлан жер қайысқан салт аттыларды көргенде қас-қағымда осқы-

рынып, қалт тұра қалды. Айғыр құлан тұяғымен жер тарпып, танауы делдие, иегіне өскен түгі сойдып, көзі қанға толып, адыраңдай басын кекжитті. Сол замат оның соңына ерген үйірі, мың бас табын құлан қоса шалт тоқтаған. Жердегіні көре қоймайтын өткір көзі биіктегіні қалт жібермейтін айғыр құлан ащы дауыспен қатты кісінеді.

Өмір мен өлім арасы мың құлан. Қияндағы Жайық бетке су іздеп шұбап бара жатқан мың сан тұяқ көсіліп, селдей жөңкіліп келеді екен. Өлі тыныштық бұған маңғаз дала кенеттен тіріліп, жон арқасы жыбыр-жыбыр қозғалып, айдалаға маңып, құлан тайпа қопарыла көшіп барады. Көсем құланның ащы кісінеуін бұйрат қырқалар асқан қыпшақ ұл естіген жоқ, қарғыстай тым ащы дауыс қарсы жолыққан жүз түрікпеннің құлағын жарды.

Көбі уыздай бала қуғыннан құтылып кеткенінен гөрі, керемет тұлпардың көз алдында ұрланғанына іштері удай ашыған. Тек бірен-саран долы дұшпан шабандоз баланы ұстаса, итше тепкілеп, ителгі теуіп құлатқан қаздай жүнше түтер еді. Қиқуласқан көп ішінде әбден қаны қайнаған бір өлермені бар еді. Құлан қағынан жерісе, су таба алмай шөлде өлер. Тоқсан тоғыз түрікпен ер қалжырап, ат басын бұрып, кері қайтты. Соңғы қуғыншы шөлде адасып, өлудің аз алды, запы болып, еліне түтігіп оралған.

Атажан байдың үлкен ұлы үйіне келе, қазан төңкеріп тастады. Түбі шикі құл қазаққа сенген бейқам әкесіне дүлей наразылығын сөйтіп білдірді.

Біраз түрікпен суық қаруын асынып, жылқы қосына оралған қазақ шалдың соңынан жауар бұлттай түйіліп жетті. Атажан бай жирен атына жайдақ міне сап, ілесе келген. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында. Момын, бейбіт жылқышы асау тарпаңдай мінез көрсетіп, міз бақпақ түгілі, оң иығына қасқыр терісін жамылып, анталаған құн сұраушыны именбей қарсы алғанын көзімен көрді. Өзін айыпты санап отырған ол жоқ. Алпыс жыл табыннан шашау шығармай, жылқысын ерен адал баққан егде қазақтың шегір көзіне көзі түскенде Атажан бай ыза-ашуы күрт басылып, табан астында өзгеріп шыға келді. Ол жалшысына ләм-мим демей, кері шегінген.

Шабандозға шығарған құл баланы отандасы еліне қашырып жібергенін әуелден баршасы ұқты. Ер екен. Түрікпен

бай есігіндегі құлақ кесті құлды сол сәт қимас бауырындай сезініп, жүрегі алапат сыздап кетті. Ұлдарын атқа баулыған, жыл – он екі ай ат арқасынан түспей, жылқысын баққан адал қазақтың өзіне ерекше қымбат жан екенін бай сезінгендей, кенет алай-түлей күй кешті.

Атажан әлекедей жаланған ерегескен топқа жылқышысын жазалатқан жоқ, олар тым құрыса, Тасқұлды сабап кеткісі келген. «Бас жарылса, бөрік ішінде», – деді бай.

Атажан ертесінде қос атқа қоржын артып, өр қазаққа азаттық беруге бұйырды. Ер-азаматты шексіз құлданғанына Құдайдан сөйтіп рақым сұрағысы келген. Айтулы ердің соңындай, оның бір жат қылығын кешпесе, өзін несін мұсылман санайды. Теке руы бір жүйрікті жоғалтса несі бар екен?!

Жылқышы селт етпеді. Атажан бек оның еліне кетер ойы жоғын біліп, ішіп, жылып, қуанды. Аттан түспейтін Тасқұл бақса, Қамбар атадай жылқысы дүр сілкініп бірдей жусайды, енеден туған бір құлын өлмейді.

Жер төсін тесердей дүрсіл бөсеңдеп, аспан мен жерді шаңға көміп, маң далада қыпшақпен бірге көшетін жабайы құлан үйірі түрікпенді шын бөгеді. Қалтиған бір суырды көргенде Кенжебек астындағы құнанын обалсынып, шабысын тежеуге мәжбүр болды. Жылқышы ата құлағына құя берген сөзі көкейінде сайрап тұр: «Тұлпарың шаршамайды, нысаналы жас мал, көктей жүйрік, талмай шаба береді, бірақ сақ бол. Зорығып кетіп, мұрнынан қан кетіп құласа, сол жерде тұяқ серіппей, жан тәсілім етті дей бер».

Кенжебек еңкейіп, бас сүйегін терімен қаптап қойғандай қазмойын атының тер мен тұяқтан ұшқан қою шаң көміп, үйелеген екі көзін жанқалтадағы орамалымен сұртті. Тұлпарына ерік беріп, басын бос жіберді. Тәңіріге, әулиеге алғыс жаудырды. Жылқы тектес түз тұқымын жанын аманат қылып, қатерден безген қарға бойлы балаға құтқару үшін жіберген! Желкілдеп ту көтеріп шыққан қыруар әскерден, ұлы қорғаннан үдере көшкен мың тұяқ тағының несі кем болды?!

Бір бабасы Құлан қыпшақ еді, оның құлан қағына жергектеліп туғаны туралы аңыз тегін болмады. О, Құдая, тағдырға сызылған бұл бір іс болды, адам айтса нанғысыз. Құлан қыпшақта ел қорғаған көзсіз батырлар көп деуші еді. Теңіз айрықта бағзыда қыпшақтың елбөрілі руы жаулаушы

моңғол қолымен шайқаста өліспей беріспей, қаза тапқан. Жұлдыздай қыпшақтың бұрынғы өткенінің өлген аруағы ма екен, елес болып көзге көрінген? Бұл тылсымға бала сенер-сенбесін білмеді. Біреу айтса, әй, еш сенбес еді.

Сырдарияның батысын орап жатқан Қызылқұмнан өту қылкөпірден өтуден кем түспейді. Бөрілі арқылы өтіп барады. Қашқанда жын соққандай кідіруге, көз ақы алып, іліп өкетуге мәжбүр еткен гауһардай жарқыраған затты қойнынан алып қараса, қола жиекті алақандай қолайна екен. Күн нұрымен шағылысып, алтындай жарқыраған айна керуен тартқан сарт саудашыдан түсіп қалған-ау. Бала түк түсінбей риясыз күлді.

Кенжебек жылқышы ата ақылын мұқият ойға алумен суыт жүре берді. «Біреулер көрстанда өлік қойып жатпаса, жолда кездескен мүжілген, мүлгіген моладан қашпа. Саған қастық қылғанды көк соқсын деп қарғадым. Жолда бейіт кездесе, өулие деп ұқ. Тәңірі жарылқасын! Сен мынау Ұлы Даланы билеген қыпшақтан тудың. Аруақ қонып, киік көшкен айтақыр далада Құдай сақтаймын десе сақтайды. Қашқанда екі көзің алдыңда, екі көзің артыңда болсын. Жеті қараңғыда, балам, иен түзде сейілші, жын-сайтан жүреді, үйірімен пері көшеді. Бөгде кейпіне еніп, құбылып кездесуі мүмкін, бастан кешкенмін. Жалғыз-жарым жолаушы бейбаққа қауіп-қатер аз емес. Шибөрідей торуылдайтын үрейді күміс қамшымен қу, саспа. Шибөрі дауысы қиямет, адам сияқты, бірде сайтанша күліп, бірде бақ етіп жылайды. Қатты шошынған сәтінде күбірлеп дұға оқи бер, түнде тұсаулы жылқыға жақын ұйықта. Тілсіз демесең, жылқыда мін болмайды, ес болады. Жолда арқан тапсаң, соны шеңберлеп ұйықта, бүйі, жылан шақпайды».

Бала бөрі құрсақ айшылық алыс жолда жападан жалғыз жортты. Қу медиенде басына құс қонбаған балбал тастар кезіксе, үміті маздайды. Шаң аралас боран соқса, ат басын жабумен орады. Алып шыққан ер азығы үш күнде таусылды. Құрғақ ауа шаңдақта өбден болдырған аты шөлге шыдаса екен. Кенжебек көк суды ылғи түсінде көріп, ерні кезеріп, жаны аңсады. Айдын көлдер мен ағын өзенге дүниеде не жетер?! Шіркін, көк су, көк су! Ең тұщы, мөлдір суды шөлі қанғанша ішсе, фәниде арманы болар ма!

Жылқысына өсімдіктен андыз, изен, жусан азық. Жылға тапқанда, бала өзі қаталап өліп бара жатса да, әуелі тұлпарына азғана су ішкізді. Жылқышы ата балаға шөл қысқанда жылқыға суды көп ішкізбе, бұл тұқымы төзімді мал, аз суға шөлі қанады, аз-аздан бөліп суғар деп үйретіп қойған.

Жылқышы қосына Құдай айдап кез қылды, тірі жан жоқ, иен екен, аспа ілмек мосыда қақпағын ашса бір қазан ет пісіп тұр. Кенжебек бұл қостың иесі қоңырат руының жылқышылары екенін ұқты, төсеулі жылқы терісінің таңбасын көрді. Көк Тәңірі түрікті жаратқалы жылқышы қосында өткен-кеткен жүргінші жүрек жалғап, тойып ас ішуі үшін ылғи ет асулы тұруы бұлжымас Дала заңы екенін біледі. Ілулі тұрған ескі бөрте бөрікті басына рұқсатсыз киіп кетті, әуелі қоржын жамылып жүрді, аптаптан қорғайды.

Иісі хош аңқыған Сыр бойында қара үйде егін егіп отырған он түтін қарақалпақтан ас ішіп, қоржын толтыра азық алып, тіке аттанды. Киік, қарақұйрық аулауға арқасында асынған көн садағы жоқ. Ордалы киік, бөкен шұбап жүреді. Елге тақағанда қамысты айна көлдер көбейді. Тек қаранор маса жабылып, шыбын-шіркей қанын сорды.

Құмдауыттан сарала қаздың інге салған ұясын таяу көрді, қаласа тұзақпен ұстар еді. Сарала қаз етін ел жемейді.

Қаптаған дуадақ түнде жүреді, бұлдырық мол. Сыр маңы топырақ құнарлы, сексеуіл, жыңғыл түбі топ-топ қырғауыл екен. Қарақұйрық көп. Су құртындай балығын көлшіктерден қолмен ұстап, отқа қақтап жеді. Баяғыда ауылда мазақтап, бір адамды «Бақа жеген Итемер» деп ел күліп отырғаны бекер екен. Аш өзегін балықпен жалғаған. Бақырға су қайнатса, бір уыс тарыдан бөртпе жасап, уыстап асайды.

Кенжебек кіндік қаны тамған қыпшақ ауылына жарты күншілік жер қалғанда, жолда тауып алған найзасына ту көтерді. Кездігімен теке тұлпарының жал-құйрығынан бір тұтамын түбінен кесіп, қыл шашақ ту жасап алды. Еліне ту көтеріп кірді. Қиянда қалған тілекші жылқышы ата осы кейшін көрсе деп ырымдап істеген.

Қыпшақ Торымайғыр ауылына сол түні қаңғып екі дуана келді. Жұмбақтап, сәуегей сөз сөйледі. Түнімен тақуа қарт көз ілмей, намазын үзбей, таң атқанша дұғамен құлшылық жасады. Таң арайланғанда дуана ақсақалды шырт ұйқыдан

ояты: «Байеке, тысқа шығып қарашы, өлгенің тіріліп, өшкенің жанды», – деп айтты.

Атасы шығып қараса, бір жыл бұрын жылқымен ұрланып, жоғалып кеткен немересі Кенжебек астындағы құнан жылқысын белдеуге байлап жатыр екен. Баланың қалың шашы иығынан асып, жалбырай өсіп, арқасын тұтып жапқан, күн жеп, тер сіңген киімі әбден тозған. Атасы ақсары өңі тотығып, әбден қап-қара болып, күнге күйген ұлан немересін үкідей дөңгелек көзінен айнытпай танып, көрі көзінен жасы ағып, бас салды.

Торыайғыр қонақасыға тай сойғызып, айнала елді асқа шақырып, екі дуананы құлай күтті. Қырықтың бірі Қыдыр, әулие көріп, арып-ашып оралған балама бата бер деп құдайы мейманнан сұраған.

Тілекші дуана: «Шашың өлең шөптей қаулай өсіп, еліңе шашты болып келдің, Алла Тағала жар болып, ұрпағың шашындай көп болып, өсіп-өнсін! Әумин!» – деп алақан жайып, іркілместен бата берді.

Кенжебек еліне таянған соң, бір күн нәр татпады, ас батпады, шала құс ұйқылы, арып-ашып, өлердей зорығып келген. Бата жасалған соң бала алдына келген ағаш астаудағы майлы еттен арпадай асап-асап жіберді. Сосын мейірі судай тасыған, айналып-үйірілген анасы құйған жас қымыздан бір аяқ жұтып, іргедегі құстөсекке жантайып, қалғып кеткеннен үш күн, үш түн ұйықтаған.

Ол сүйікті тұлпарының мойнына меншіктеп, қос өліп қыпшақ таңба басты. Көкейіне жылқышы ата жарықшақсыз айтқан: «Бұл түрікпенбоз – Төңірі қалауымен енді қыпшақбоз болады», – деген дуалы сөзі түсті.

Жеңгелері ұл баланы сол мезеттен бастап Шашты атап кетті. Өз Тәуке хан тұсында шоқбелдеу\* таққан Шашты айтулы азамат болып, аты ел аузына ілікті. Жорықта қол бастады. Баяғы теке түрікпенді шауып, қыруар жылқысын қайтарып алып, түрікпеннің сұлу қызын қоса әкелді. Екі қосағынан Шашты төрт ұл көрді.

Ерторының немересін түрікпеннен аман келтірген қас тұлпар Қыпшақбоз қаза жетіп өлгенде, жігіт ағасы болған Шашты алғандарына жоқтау айтқызып, шиге орап кебіндеп көмді. Бәйбіше, тоқалы бет жыртып, дауыс салып жылағаны,

Қыпшақбоздың қасиет, мәртебесін өлеңге қосып, жоқтағаны естіген елдің көкірегінде тұнып қалды.

*Сейітназар Сейди\** – орыс тіліне аударған Н. Вольпин.  
*Али Акташ\** – қазақ тіліне аударған Бауыржан Жақып.

**Құма\*** – күң, шапқыншылықта қолға түскен әйел.

**Оба\*** – түрікпен ауылы.

**Ысық көл\*** – Ыстықкөл.

**Алғи\*** – елсіз алыс жер, қатерлі жол.

**Алақшы\*** – миф. кісі өлтіруші, ажал.

**Лаухил\*** – тағдыр тақтасы.

**Бақауыл\*** – әскерді жабдықтаушы, олжа бөлуші.

**Сейілхан\*** – қазақ түрікпенді кейде солай атайды.

**Құртқа\*** дүние – опасыз қу дүние.

**Теңіз\*** – Балқаш көлі.

**Теке түрікпен\***, **бұғы қырғыз\*** – ру аттары.

**Суын\*** – теңіз жылқысы.

**Шоқбелдеу\*** – асыл тасты белбеу.



### Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** Өңгіменің сюжеттік-композициялық жүйесіне талдау жасаңдар. Идеясын анықтап, топта талдаңдар.

1-топ		2-топ		3-топ	
Басталуы	Байла-нысы	Шарықтау шегі	Шиеленісі	Шешімі	Аяқ-талуы
<b>Идеясы</b>					



**2-тапсырма.** Өңгіме кейіпкерлеріне мінездеме бере отырып, образдың жасалу тәсілін талдаңдар.

Кейіпкер	Шығармадан үзінді	Мінез ерекшелігі	Жинақтау/ даралау



**3-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап беріңдер. Топта өздерің де басқа топтарға сұрақ дайындап қойыңдар.

Сұрақ	Жауап	Басқа топқа дайындаған сұрақтарымыз
Өңгіменің оқиғасы қандай елді мекенде болған?		
Бала қандай жағдайда тұтқынға түсті?		
Жылқышы ата баланың елге қашуына қалай көмектесті?		
Не себепті баланы ауылында Шашты деп атады?		



**4-тапсырма.** Берілген үзіндіні талда. Жылқышы ата Кенжебекке не себепті көк бөрі туралы айтып отыр? Оның өзі иығына неліктен бөрінің терісін жамылды?

Қай қуыстан суырып алғанын, жылқышы шал оң иығына бөрінің бас терісін тұтас қалдырған көкшулан терісін жауып алыпты.

– Шырағым, сын сағатың туды, ал көзіме тік қара, сөзіме бақ! – деп бұйыра сөйледі жылқышы. – Түрікпеннің атқұмарлығы атаң қазақпен тең. Бәйге десе екеуі де ішкен асын жерге қояды. Түрікпен ежелден марғау далада тежеусіз құландай өскен ер қазақты қарақшы, бүлікші, тентек көреді.

Бөрі көсемі абадан болар, бөрі күшігі бөлтірік болар, бөрі анадан сүт емген қыпшақ тұқымы екеніңді мынау құмдағы мимырт елге мықтап танытар күн туды! Ежелден қоныстас теке түрікпен бұл тойды әсте ұмытпас, жадынан өшпес таңбалы етеміз!



Кенжебекке жылқышы шал құдды жер қайысқан әскермен жалғыз соғысуға даяр қас батырдай ерек көрінді. Айтқанын қалт жібермей тыңдап отыр.



**5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, әңгіменің композициялық жүйесіндегі орнын анықта. **Уақыты – 10 минут.**



**6-тапсырма.** Берілген диалогті тыңдап, диалогке қатысушы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері мен олардың әңгімелеріндегі негізгі ойды анықтаңдар. **Уақыты – 10 минут.**



**7-тапсырма.** Шығарманың композициясына талдау жасаңдар, жылқышы ата образын жинақтау және даралау тұрғысынан талдап, баға беріңдер.

Жылқышы ата	
Жинақтау	Даралау



**8-тапсырма.** Берілген үзіндіден көріктеу құралдары мен айшықтауларды тауып талдаңдар. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңдер.

Қыпшақ ұлдың дауысы күн күркіреп, аспан қарс айырылғаннан бетер дүйім елді селк еткізген. Ізінше әлгі өктем үн жарық дүниеге жарықшақ түсіріп, астан-кестен, алай-түлей қылды. Тек көп ішінен арзу қылып, дұға айтқан қазақ шалға Кенжебектің жас дауысы аңқып естілген. Түрікпендер қым-қуыт шулап қоя берді. Бәйгеге шапқанда қыпшақ нәсілі қалған жиырма тоғыз оғыз баладан еш айырмашылығы жоқ еді. Ұран салған соң қаршығадай ұл басындағы жалбыр бөркін жұлып алып, жерге лақтырды. Бөрік ішінен басына ақ шүберекті маңдайын баса орап алыпты. Адаймен жиі шабысатын текежаумыттың ызалы көзіне әлгі орамал адайдың ақ туындай елестеп кетті.

Қыпшақ ұл ат басын бұрып, шеңберден шығып, еліне баратын тұсқа нысаналай, жұлдыздай ағып барады. Үстіндегі

бала қаңбақтай болған соң, құнан жылқы қиналмай, қолтығын жаза құстай ұшады.

Кенет қашқан баланың көзіне анадайдан күн сәулесінен жаһұттай жарқыраған дөңгелек бір зат түскені. Кенжебек ат бауырынан сыпырылып құлап түсердей кілт еңкейіп, жерден бірдеңе ілгенде жылқышы шалдың қырағы көзі ұясынан шығардай, алақтап кетті. Ол айдаладан іліп алған керемет затын қойнына салды, шабысын қайта түзеді.



**9-тапсырма.** Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Мінезі	Өңгімеден үзінді
Жылқышы ата		
Кенжебек		
Атажан		



**10-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын өңгіме құрастыр.

Жылқы, жаугершілік, барымта, тұтқын, бөйге, тұлпар, туған ел.



**11-тапсырма.** Өңгімеде айтылатын оқиғаның тарихи уақытын анықта. Қазақ және түрікмен қарым-қатынасы туралы шағын хабарлама дайында.



**12-тапсырма.** А. Кемелбаеваның хрестоматияда берілген «Ереймен мен Ақынай» өңгімесін оқып, сюжетін баяндап беріңдер.



**13-тапсырма.** Өңгіменің өзің таңдаған бір кейіпкеріне хат жаз. Хатта кейіпкердің басқа кейіпкерлерге деген көзқарасы туралы сұра.



**14-тапсырма.** Шығармада баяндалатын жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтау ерекшеліктеріне (ұлттық дәстүр, ұлттық намыс, аманат т.б.) талдау жасап, әдеби эссе жазыңдар.



**ТАЛАПБЕК СҰЛТАНБЕКОВ****(1930–2007)**

Талапбек Сұлтанбеков – қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының және спорт журналистикасының негізін қалаушылардың бірі, жазушы-журналист, кинематограф. Алматы облысы Ақсу ауылында туған. Алтынсарин атындағы (Мамания) орта мектебін күміс медальмен, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірген. Өкесі Сұлтанбек Берсүгіров – ақын Ілияс Жансүгіровтің немере інісі.



1953 – 1995 жылдары Семей облысының Абыралы ауданында және Алматы облысы Қаскелең ауданында мұғалім болып еңбек еткен. 1955 – 1970 жылдары Алматы облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі «Жетісу») газетінде жауапты хатшының орынбасары, республикалық «Білім және еңбек» журналының жауапты хатшысы, бас редакторы болған. 1970 – 1985 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында қызмет істеп, 500-ден астам көркем фильмді қазақ тіліне аударуға қатысқан. 1985 – 1991 жылдары Бүкілодақтық «Киноцентр» бірлестігі қазақ бөлімшесінің директоры болған.

Талапбек Сұлтанбеков – «Дойбы ойыны», «Шахмат ойнай білесің бе?» (1959), «Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ» (1967) атты көмекші оқу құралдарын жазып, еліміздегі осы спорт ойындарының дамуына үлкен үлес қосқан қайреткер. Сонымен қатар жазушының «Көшпелі алтын» (1964), «Лұқпан Хакім» (1966) ғылыми-фантастикалық әңгімелер жинақтары, «Мидағы жазу» повесі мен «Профессор Созақов», «Темір еліне саяхат», «Түс», «Хат», «Жүрек тулайды...», «Ғажайып планета», «Қара музыка» секілді әңгімелері жарық көрген.

2010 жылы Алматыда «Талапбек Сұлтанбекұлы. Үстаз. Қаламгер. Қайраткер» деп аталатын кітап жарық көрді. Бұл кітапқа жазушының әр жылдары жазылған көркем шығармалары, зерттеу еңбектері, сұхбаттары, жеке мұрағатындағы кейбір қолжазбалар және ғылыми-көпшілік салаға қатысты әдістемелік ұсыныстары топтастырылған. Кітапты құрастырушылар – Алдияр Сұлтанбеков пен Шоқан Сапаралы.

**Фантастика** (грекше «көзге елестету өнері» деген мағына береді) – әдебиеттің өмірді қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры.

**Ғылыми фантастика.** Ғылыми-фантастикалық әдебиетте ғылым мен техниканың болашағы, адамзаттың табиғат сырларына тереңірек үңілуі өмірдегідей тартымды суреттеліп, басты идеясы ғылымда негізі бар, бірақ әлі іске аспаған жаңалықтармен ұштасып жатады.

## КӨШПЕЛІ АЛТЫН

(ғылыми-фантастикалық әңгіме)

### Таудағы от

Арқарлы тауының қия жартасты бір төсінде, шырқау биікте арқардың бір шағын үйірі түнеп жатыр еді. Тау тағылары жатқан кішігірім алаңның бір жағы – тік шаншылған күз да, екінші жағы – кеудесі аспанмен астасқан ақ сәлделі шың. Сәлденің жырымдалып, сүрленіп, кеберсіп жатқанына қарағанда көктемнің жылы лебі шың төсін де еркін шарпи бастағанын көруге болады.

Жаңа аяқтанған қозыларын бауырына алып төрт-бес аналық арқар күйіс қайырып, бейхабар тұрған. Олар секем алар нәрсе бұл маңда жоқ сияқты. Жиырма қадамдай жерде шың бауырына тығыла, биік жартас үстінде бейнебір тас мүсін сақшы құлжа тұр. Сырт қарағанда тастан өсіп шыққандай ай мүйізді, өр кеуделі сақшыны жансыз ба деп те қалуға болар еді. Төңірек тым-тырыс, тымырсық. Тау төсін аймалар таңғы самал да ұйқыда. Тек қана бұл өңірді бетке алып, баяу жылжып келе жатқан қою қара бұлт шың кеудесін құшып, айқара торлап алыпты. Оның қою шүйкесін жырта әредік-әредік от қамшы найзағай көрініп қалады.

Бір кезде сақшы селт ете қалады. Оның алдыңғы аяғы сықыр етіп, екі құлағы елең ете түсті. Тасты тарпып, оқырып жіберіп еді, тыныш жатқан үйір қалың арша арасындағы жалғызаяқ жолымен шыңды өрлеп, жосып берді. Бірақ сақшы кешікпей тоқта дегендей белгі берді. Үйір ошарылып қалды. Еңісте, тау бұлағы сылдырап ағып жатқан бүлдіргенді

сайды өрлеп, жерден сәл-пәл көтеріле, толықсып, балқып бір от кетіп бара жатты. Арқар аяқастынан пайда болып, біртіндеп алыстап кеткен отқа біраз үнсіз қарап тұрды да, қатты пысқырынып алып, қайтадан тыныштық белгісін берді.

\*\*\*

...Сәмен тау ішіндегі малшы ағасының үйіне қонаққа барған-ды. Совхоз орталығынан отыз шақырымдай жердегі мал отарына ол сенбі күні келіп, оқудан қалмас үшін совхозға дүйсенбі күні таңғы бесте шығып кетті. Астында жүрдек торы айғыр. Асығыс келеді.

Сәмен Шыңбұлақ сайынан желе жортып өте бергенде кенет астындағы торы осқырынып жалт берді. Аяқастынан үріккен аттың жалын құшып қалған ол әнтек құламай қалды. Тізгінді күшпен тартып, торыны әзер тоқтатып, артына бұрылғанда тұла бойы түршігіп, шошып кетті. Қараса, сайды құлдилай жалт-жұлт етіп бір от келе жатыр екен. Үлкендігі аттың басындай. Балқыған қызғылт-сары. Жер бетінен бір метрдей биікте ешбір сүйеусіз, ешкімнің көтеруінсіз қалықтап жүріп келеді. Жол-жәнекей ұшқын ұшып түсіп жатыр.

Бұл не деген керемет! Сәмен аузын ашып аңқиып тұрды. Қозғалуға дәрмен жоқ. Торы құлағын қайшылап, жер тарпып шегіне береді. Сәменнің ойына бір кезде атасынан естіген ескі аңыз түсті.

Көшпелі алтын! Бұл көшпелі алтын ғой! Ол ой түкпірін қазбалап, есіне аңызды түсіре берді.

...Бір кедей жігіт болған екен. Ол түнде ұйықтап жатса, үйіне көшпелі алтын кіріпті. Ол жалма-жан орнынан тұрып, алтынды қумақ болады. Сөйтсе, алтын «аяғын» сытыр-сытыр «басып» кірген есігінен қайта шығып кетіпті. Жігіт артынан қуа шығады. Алтын жайлап жүріп отырып, үй артына кетеді. Жігіт жан қалтасынан кездігін алады да шынашағын тіліп жіберіп, кетіп бара жатқан алтынның үстіне бір тамшы қан тамызады. Сөйтсе, алтын сатыр-сұтыр етіп жарылыпты да жерге сіңіп кетіпті. Жігіт үйден күрек әкеліп жалма-жан жаңағы жерді қаза бастайды. Белуардан қазғаннан кейін бір қоңыр тасқа паналаған ат басындай алтын көріпті. Соншама мол қазынаға кенелген жігіт содан кейін байып кеткен екен дейді аңыз.

Не істеу керек? Аңыздағы сияқты қуайын ба, әлде қайда барар екен, бақылайын ба? Осы екі сұрақ Сәменді не ары, не

бері жібермей арпалыстырып тұр. Бірақ ғажап көрініс оны күтпеді. Алтын сайды құлдилап келді де, суға еңкейе құлап тұрған жақпар тасты айнала беріп, ғайып болды.

Сәмен көп аялдамады, алтын қонған жерді белгіледі де қызыл арайланып келе жатқан таңды бетке алып, ауылына тарта жөнелді. Бір қызығы, ол алтын ел аузында аңыз болған Шайтантау жақтан шығып еді...

\*\*\*

«Сәмен көшпелі алтын көріпті» деген хабар Қоскөл орта мектебінің оқушыларын түгел дүрліктірді. Балалар тұрмақ мұғалімдер де таңғалды. Сәменнің көргені не болды екен бұл? Өлде бір ғажап құбылыс па, елес пе?

«Қорыққанға қос көрінген ғой, Сәмен өтірік айтады» десті кейбіреулері. Хабар ауыл адамдарына да тарады. «Көшпелі алтын» туралы аңыз қайтадан жаңғырып, үй-үйді кезе бастады. Әркім әр саққа жүгіртіп айтты.

– Жарықтық кісі көзінен ұялады деуші еді, оны мыңнан біреу ғана, басына бақыт қонатын адам ғана көреді екен. Сірә, Ақшал ұстаның баласы бақытты болар, – десті қариялар. Кейбір діни адамдар: «Ол көрінген шайтанның оты, қайта Сәмен аман қалған ғой», – десіп те қалды. Өуелі Сәменді көргендердің ішінен алтынның қалай көшетіндігін түсіндірмек болғандар да табылды. Олардың айтуынша, алтын жердің үстінен емес, астымен көшеді екен. Ал жер бетінен көрінетін алтынның нұры мен сәулесі, яғни буы ғана десті. «Алтынды сәуле жоғалысымен қазу керек. Күн аралатуға болмайды. Ол бір орнында жатпайды, көшіп кетеді», – деп те соқты.

Сәмен жасынан зерек, сезімтал бала еді. Ол ғылыми көпшілік журналдар мен кітаптарды құныға оқып жүретін. Бірақ өз көзімен көрген бұл жұмбақ құбылыстың сырын бас қатырып, қанша ойлағанымен шеше алмады. Оның шын алтын екеніне сене алмады. Жердің астымен болсын, үстімен болсын, әйтеуір алтынның көшуі жай алыпқашты аңыз ертегі сияқты. «Алтын көшті деген не сұмдық?! Мүмкін емес» деп топшылады ол. «Ал сонда менің көргенім не? Нұр ма, сәуле ме, от па? Егер осы үшеуінің бірі болса, жерді қазып не ғылам?»

Сәмен аз күн қалған каникулды күтті. Ондағы ойы бұл сырды ашуға алаңсыз кірісу еді...

### Шайтантауға сапар

Қоскөл совхозының тұрған жері – айналасы тау, сай-салалы алқап. Совхоздың ортасынан тау өзені – Шыңбұлақ ағады. Суы онша мол болмағанмен, арнасы кең әрі ағынды. Сондықтан да үнемі ақ көбік болып, мөңкіп жататын әдеті бар.

Сәмен осы табиғатты: тентек өзенді айнала қоршаған тауларды өте жақсы көруші еді. Ол шықпаған биік, ол барып қайтпаған үңгір бұл маңайда жоқ деуге болады. Бірақ ел аузынан естіген сиқырлы Шайтантауға бір барып қайту – оның көкейіндегі ең зор арманның бірі. Шайтантау барып келе қоятын жақын жерде емес. Сондықтан да оған көлікпен немесе басында қонып қайтатындай болып екі-үш күнге ерулеп шығу керек.

Әйтеуір бір барармын деп жүрген Сәменді «көшпелі алтынмен» байланысты соңғы оқиға мүлдем желіктіріп жіберді. «Бару керек, жылдам бару керек» деп шешті ол.

Тағатсыз күткен каникул да келіп жетті. Сәмен көп қарайламай, саяхатқа сапар шегуге бекінді. Бұл туралы тек ең жақын жолдасы Қажытайға ғана бір жолы сыр шертіп көрді. Ол: «Ойбай, мені де ала кет», – деп жік-жапар боп жабыса кетті. Сәменге керегі де осы еді. Ешкімге білдірмей, жасырын баруға екеуі уәделесіп те қойған.

Сапарға Сәмен мен Қажытай екі күн қамданды. Үй іштеріне, басқа да жолдас-жораларына еш сыр білдірмей жүріп, екі-үш күндік азықтарын жинады. Оны ауыл сыртындағы бір жақпар тасқа апарып қойды. Мектеп лабораториясынан үлкейткіш шыны, компас сұрап алды. Оның үстіне, екеуі екі мылтық сайлады.

Міне, жол жүрер мезгіл де туды. Үй іштеріне олар мал отарындағы Сәменнің ағасының үйіне қонаққа барып қайтпақшы болғандарын айтты.

Шайтантау қойнауы елсіз, күнсіз, иен шатқал, малшылар да қонып көрген емес. Етегі қып-қызыл қорым тас. Ал оның шырқау шыңына бұл уақытқа дейін тірі пенде аяқ басып көрмегенге ұқсайды. Жұрттың айтуынша, тек қана байларды конфискациялау тұсында қашқан-пысқан ұры-қарылар тығылып жүретін үлкен-үлкен үңгірлер бар дейді тау басында.

Елді мекеннен әрі қашық және кісі қызығарлық дәнеңесі жоқ болғанмен, бұл таудың ражап құпия сыры ел аузында

талай аңыздар тудырған. Шайтантау деген ат бұған тегін берілмепті. Мал қарап шыққан талай жылқышылар бұл таудың басынан, етегінен жарқылдаған оттар көрген. Екінші бір ғажабы, тау оншалықты биік болмаса да бауырына бұлттар шөгіп жатады екен.

...Шайтантау балаларды меңіреу де бұйығы әрі сұсты қарсы алды. Сәске түстің күні көк жүзін сызып келіп, тауды торлаған қою қара бұлтқа еніп бара жатыр. Бұжыр қабаттары әйнекше жылтыраған өткір қия жартастар сорайып-сорайып, ала көлеңкеленіп тұр. Сәмен мен Қажытай таудың шығыс жағынан келіп өрлей бастады. Беталыстары – алыстан қарайып көрінген шағын үңгір. Оларды таңғалдырған бір жағдай құмдауыт етекте шыны сияқты түтіктер көп екен.

– Қалай деп ойлайсың, Сәмен, – деді бір кезде Қажытай, – жартас қабатының шыныға айналуы, мынау түтіктер ненің әсерінен пайда болуы мүмкін?

Бұл сұрақ Сәменді де тұртпектеп келе жатыр еді. Ол өз ойының түкпір-түкпірін қазбалап, жауап іздеуімен өуре.

– Мен білсем, – деп бастады ол сөзін, – бұл түтіктер жоғары температурада қызған құмнан пайда болған. Ал анау жартас... – Ол сөзін аяқтай алмай, аңырып тұрып қалды. Өйткені осы кезде түнерген бұлттың арасынан сатыр-сұтыр етіп сытыла түзу сызықты бір оқ атылып еді. Ол Шайтантаудың шоқтығы көтеріңкі бір биік жартасына келіп соғылады да, жарқ-жүрқ етіп жалаңдап әп-сәтте ғайып болды.

– Көрдің бе? Шындығында мынау әйнектердің пайда болған себебі жоғарғы температура екен ғой. Қарашы, жаңағы найзағайдың оты қалай жалт ете қалды? Ол келіп мына тасқа соқты ғой. Негізінде, найзағайдың температура-сы құм мен тасты балқытатындай өте жоғары. Ол кәдімгі электр қуатынан жүздеген есе артық.

Сәмен мен Қажытай жақпар тас астынан қарайып көрінген үңгірге төтелеп асты. Үнсіз, жеделдете басып, ұшып келеді. Айнала мүжілген қызыл тас, күйген топырақ. Жаңбыр бір тамып, екі тамып тұр. Түнерген қара бұлт от ұшқындатып қаусырмалап келе жатыр. Тау желкесінен әредік-әредік күн күркіреп қояды. Екеуі үңгірге жеткенде жауын да сіркіреп жауа бастады. Айнала төңіректі бұлт басып кетті. Үңгір таудың нақ ұшар басы болмағанымен, ең биік найза тастың иек



асты түбінде екен. Үңгірге аттап кірместен бұрын алдымен келе жатқан Сәмен мылтығын оңтайлап қолына алып алды. Кім білсін, бұл тауда өзирге бәрі де құпия сыр ғой. Қалай дегенімен мылтық көңілге медеу әрі айбат сияқты.

Үңгірдің кіреберіс аузы еңселі әрі жарық екен. Бірақ түп жағы түпсіз тұңғыық сияқты қапқара. Арттан найзағайлы бұлт пен жаңбыр құған екеуі қараңғы үңгірді көріп, алғашында сезіктенген кейіпте біраз кі-



біртіктеп қалды. Бірақ көп тоқтап тұрған жоқ. Үңгірдің аузында жоғарыдан салбырап тұрған қызыл тасты паналап отыра кетті. Жаңбыр сол кезде бір-екі рет сатырлата төгіп жіберді де, кенет басыла қалды. Бұлт тап төбеден күркірей бастады. Аспан аунақшып, тау сілкінгендей естіледі. Жарқылдаған найзағай біресе неше тарам болып сатырлап, кейде оқша атыла зуылдап, көктің жүзін айқыш-ұйқыш тілгілеп, ойранын салып жүр. Бірақ бір ғажабы осы құбылыстың бәрі тек Шайтантаудың үстінде ғана сияқты. Нақ өші бардай-ақ жанталаса арпалысады. Кенет күннің күркіреп кеткені соншалық, үңгір үстіндегі жартас қақ жарылғандай жаңғырып, тау ышқына қозғалғандай болды. Сәмен Қажытай жаққа қарап еді, еріксіз шошып кетті. Оның қап-қара қайратты шаштары тікенше көтеріліп, жасыл от лаулап тұр екен.

– Сәмен, сенің басыңда жап-жасыл от жарқылдап тұр ғой, – деді үрейленіп. Сәмен енді түсінді. Бұл таудың атмосферасы аса күшті электрленген болды. Ол өз-өзінен тоңазып қалтырап барады. Аузына темірдің таты сезілгендей, құлағы шу. Көз алдында дөңгеленіп кемпірқосақ оттары жылтырлап өтіп жатыр. Сәмен мен Қажытай еріксіз бұға қалды.

Шайтантаудың апшысын қуырып жіберген сол бір долы табиғаттың ашуы осы бізге келмеді ме екен деген ой сол сәтте екеуінде де оралып еді. Табиғат қанша долданғанымен, олар мылтықтарын құшақтап бүрісіп отыра берді. Мұрындарына жүрек айнытар қоңырсыған, күйген иіс келіп отыр.

Ол көзін жұмып, жасыл нұр ойнаған үңгірдің ішін елестете бастады. Көз алдында бейнебір жаны бар алтынға толы ін келді. Үлкендігі аттың басындай созылып, аунақшып, дөңбекшіп жатыр олар. Қозғалып, жыбырлап, жорғалап жүр. Кейбіреулері тыныш жатыр. Қалықтай ұшып, ін арқылы сыртқа шығып, қайта кіріп жүрген қызық жәндіктер іспетті. Кенет бүйірінен Сөмен түртіп қалды.

– Қажытай, ау, Қажытай! Ананы қарашы. Ана сұмдықты қара, – деді ол. Қажытай көзін ашып жіберіп еді алғашында сенбей қалды. Қараса, бағана өздері жүріп кеткен жазықта үңгірден екі жүз метрдей жерде тастардан бір метрдей көтеріліп қызыл-жасыл от кетіп бара жатыр. Жаңағы елес пе деп қалған Қажытай көзін уқалап-уқалап жіберіп қайта қарап еді, жоқ елес емес, нағыз от, от көшіп бара жатыр оның алдында!

– Көшпелі алтын! – деп айқалап жіберді ол. Сөмен оның аузын баса қалды.

– Тсс... Үніңді шығарма. Үркітіп аларсың.

Сол кезде балалар отырған үңгірдің үстіндегі жартастағы да сатыр-сұтыр ете қалды. Найзағай түскендегідей дыбыс естіліп, олар қарап отырған жазықта екінші бір от пайда болды. Екеуі демін ішінен алып, айран-асыр болып отыр. Ө, дегенше болған жоқ, түсініксіз гүрсіл қайта қайталанып, үшінші, содан кейін төртінші от пайда болды. Бәрі де бір бағытта және біркелкі қашықтықта сап түзеп кетіп барады. «Қандай керемет! Қандай сұлу көрініс! Бірақ мұнысы қалай?» деп ойлады Сөмен. Найзағайдың разрядталуы, яғни бойындағы зарядтың тарқауы бұлт пен бұлт арасында немесе бұлт пен жердегі бір зат арасында болушы еді ғой. Жартастың разрядталуы деген не сұмдық! Ол бағанадан бері болып жатқан жағдайды өзінше сарапқа салып, біршама түсініп отыр еді. Ал мына жағдай оны мүлдем шатастырып жіберді...

### Үңгірдегі сыр

Бұл көрініс Сәменге ой салды. Адамның қатысуынсыз мүмкін бе осылай болуы? Егер мүмкін болмаса, мынау не? Табиғатта осындай құбылыстар болып жататыны, бәлкім адам баласы, біздің ғалымдар білмейтін шығар? Олар қиял тербеткен осындай ойлардан, алған әсерден серпіліп үлгергенше болған жоқ, кенеттен екінші бұдан да үрейлі бір оқиғаға душар болды. Екеуі бір-біріне қарасып, орындарынан тұра бергенде, үңгірдің ішінен күңгірлеген адам сөйлегендей дыбыс естілді. Сәмен мен Қажытай құлақтарын түріп шошынып тұра қалысты. Сол кезде үңгірдің түкпір жағында тұрған дәу жалпақ тас шайқалып ашылды да, жұпыны киінген бір адам шыға келді. Қолында көтеріп алған шағын темір жәшігі бар.

Үстінде көнелеу комбинезон, басы жалаңбас. Селтиген сары шаштары үрпиіп-үрпиіп бұйраланып тұр. Шегір көздерінде аса таңданғандық белгісі бар. Балалар тіл-ауыздарынан айырылып, аңырып қалыпты. Екі-үш секунд үнсіздіктен кейін әлгі адам сәл-пәл қызарып кетті де, таза орыс тілінде сөйлеп қоя берді:

– Бұл не сұмдық! Қайдан келдіңдер? Жерден шықтыңдар ма, көктен түстіңдер ме? Кімсіңдер сендер?

Сәмен үндемей тесірейіп тұр. Қажытай оның құлағына сыбыр ете түсті.

– Мен, мен білсем тап осы шпион! Ол осылай деді де, шегіншектеп барып мылтығын көтеріп алды. Адам күліп жіберді.

– Тұра тұр, балақай, меніңше бар ғой, дәл қазір кімнің шпион екені белгісіз, шындығына келсек, шпион мына өздеріңсіңдер. Бұл – сынақ полигоны. Рұқсатсыз келу – нағыз қылмыс. Сондықтан мен сендерді тұтқынға алам.

Ол осыны айтты да керегедегі бір тастан телефонның трубкасын жұлып алды. Түсі суық. Балалар бір жағы қорқып, екінші жағы өз адамымыз ба деп қуанып тұр.

– Алло, алло мен НП-3-тен сөйлеп тұрмын. Сералы Әйтиевич пе? Кешірім өтінемін сізден. Мен Галузо ғой. Мына НП-3-те сіздің бір-екі туысыңыз келіп тұр. Қалай деп бұйырасыз? Жаңағы сынақ кезінде үңгір алдында болыпты. Батырларың жаман қорыққан ғой деймін. Не істейін бұлармен?

Трубкада анық дауыс естіле бастады.

– Қайдағы туыс? Қазір қалжыңдасатын уақыт емес қой, – деді біреу арт жағынан.

Галузо шын екенін, бір-екі бала келіп тұрғанын айтты.

– Онда тез ішке кіргіз!

Галузо трубкины орнына қойды да, балаларға бұрылды.

– Ал, достар, бұл орын – маған ғана тиесілі орын. Менен басқанын мұнда тұруға қақысы жоқ. Дереу ішке кіріңдер, – деді.

Сәмен мен Қажытай дәу қара тастан аттап ішке кіргенде ғажайып кең залға тап болды. Залдың керегелері кесек-кесек қызыл тас. Төбе жақтан да сарайып тастар шығып тұр. Олар бұл залдың бұрын үңгір болғанын аңғартқандай. Дегенмен қатпар-қатпар керегенің арасынан шоқ-шоқ болып ақшыл түсті жанып тұрған сан алуан неондық шамдар үңгір ішін ерекше нұрға бөлеп тұрған сияқты. Залдың табаны да қызыл тастан текшеленіп қаланыпты. Бірнеше кішкене есігі бар, айқыш-ұйқыш труба оранған түрлі шкаласы, телевизиялық экрандары бар зор аппарат тұр. Аппараттан төбеге қарап екі труба кетіпті. Сол жақта және төрде өзара жалғасқан ұсақ-ұсақ кабиналар тұр. Бір кабина қызыл от шашып лап-лап етеді. Залда ешкім жоқ. Күн күркіреп, жауын жауған, қатерлі найзағай ойнаған елсіз тау ішінен кез болған бұл үңгірге екеуі бірдей таң.

Сол кезде оң жақ бұрышта тұрған үлкен қызыл тас жөңкеріле козғалды да ар жағынан жарық бөлме көрінді. Ішінде көк киімді екі адам отыр. Екеудің бірі қазақшалап:

– Қонақтар, төрлетіңдер, келіңдер мұнда, – деді. Аң-таң болған балалар аяқтарын сүйрете басып, шағын тас бөлмеге енді. Бөлме іші лабораториядан гөрі демалыс кабинеті сияқты. Төр алдында аласа төрт-бес қара үстел. Екі жағы диван. Оң жақ тас керегеде үлкен телеэкран көрінеді. Ауыр жасыл шашақтары бар перде тұрулі. Үйдегі барлық заттар осы бір үңгір ішіндегі қызыл тасқа үйлесіп тұрғандай. Бөлме ішінде қызылды-жасылды күңгірт сәуле тұнып тұр. Тас кереге мұқият қашалған. Тек әр жерінен сүйкімді формалы тастар шығарып, нақыштап қойыпты. Кейбіреуі – орындық, енді бірі табиғи кітап сөресі. Кітап сөресінің мыспен ернеуленген қалың әйнегі бар екен. Ішінен түрлі мұқабалы он шақты кітап көзге шалынды. Бір жақ бұрышта тастан үңгіп жасаған зор шам тұр. Алдарында биік дөңгелек үстел.

Жарық дәл сол үстелдің үстіне шұқшиған. Үстелде өлдеқандай схемалар, ұшы шығарулы қарындаштар. Бөлменің табаны көдімгі тас паркет. Үлкен үстелдің оң жағын ала аппақ металдан істелген жіңішке труба төмен қарай кетіпті. Шама-сы астында подвал бар сияқты. Үңірейген, бірақ сұлу ойылған тесіктен көкшіл түсті нұр шыққандай. Анда-санда жарқ етіп бұрқылдап жоғары шығып жатыр. Бірақ бу емес, түтін емес. Дүниеде барлық бояудан құралған өзгермелі сәуле сияқты көрінеді.

Сәмен мен Қажытай қаққан қазықша қадалып, табалдырықтан аттай бере тұрып қалды. Еріксіз бөлме ішін шолады, алдарында отырған екі адамға қарайды. Қазақ өзін Сералы Әйтиевті деп, қасындағысын Борис Михайлович Бежев деп таныстырды. Әйтиев жасы отыздар шамасына келген, ұзын бойлы қараторы адам екен. Қайратты қара шашын спортшыларша шолақ алдырыпты да, бір жағына ғана тарап қойыпты. Мұрны қоңқақ, көзі қысықтау біткен. Бір қараған адам бет-аузы ісіп тұр ма деп қалардай. Үстіне киген көк резеңке комбинезон құйылыса жарасып, дене мүсінін айрықша сұлу етіп тұр. Бір әдеті алдында отырған адамға бір көзін сығырайтып күлімдеп сөйлейді екен.

Бежев – орта бойлы, арықтау, ақсары адам. Көзі үлкен. Селдір, майда шашы төбесіне жабысып, кең ақ маңдайын өте ерекшелеп тұр. Мұрны – сүйір, ерні – жұқа. Кісімен сөйлескенде кірпік қақпай, тесірейе қарап отырады екен. Сәмен мен Қажытай алғаш кіріп келгенде, Бежевтің қадала қараған осы көзінен тайсалып, шошып та қалып еді. Балалар жайласып отырғаннан кейін Әйтиев жөн сұрай бастады. Екеуі әлгінде ғана пікір алысып, бір нәрсеге келісе алмаған адамдай тұнжыраңқы отыр. Әйтсе де, есіктен кірген екі ұяң балаға қызықтай, еркелете қарағандай.

Сәмен оларға өзінің от көргенін, көшпелі алтын туралы ел аузындағы аңызды баяндап берді. Шайтантауға келгендегі мақсатымыз осы сырды ашу деп түйді ол ең ақырында. Әйтиев пен Бежев күлімсірей отырып үлкен ынтамен тыңдады. Бежев басын шайқап, таңғалғандай кейіпте. Ал Әйтиев тағы да айта түссе деп отырғандай.

– Иә, содан кейін, иә, ал келдіңдер, содан кейін алтын іздедіңдер, – деп күле береді Әйтиев.

– Бұл бір қызық нәрсе екен, – деді Бежев. – Аңыздың өзі де кісі ойландыратындай. Болған оқиға екені де даусыз

сияқты. Сендердің көріп, қуғындап келгендерің расында да көшпелі алтын, – деді ол көзін қысып қалып.

Сәмен мен Қажытай екеуіне кезек қарап бойлары енді-енді үйрене бастады. Сәмен суырылып алға шықты да:

– Біз осы жөнінде көбірек білгіміз келеді. Бізге ұрыспайсыздар ма? – деді.

Мұны естіген Бежев орнынан тұрды да Әйтиевтің оң жақ иығына қолын салып күле сөйледі.

– Біз екеуміз жақсы ғылыми талас үстінде отыр едік. Оның, әрине, маңызы үлкен. Бірақ мына қонақтардың ойда жоқта келіп қалуы да біз үшін және олар үшін де маңызы зор ғой. Енді сен уақытыңды бөл. Балаларға бәрін түсіндір. Кім білсін, бір кездерде бұлардан дарынды физиктер шығар, бөлкім.

– Әрине, әрине, Борис Михайлович. Менің есіме өзімнің осылай бір тау кезіп кеткенім түсіп отыр. Сіз онда төменге өзіңіз бара беріңіз, – деді Әйтиев.

Бежев балаларды тағы да жайдары жүзімен шолып өтті де, басын изеп ілтипат көрсетті. Өзі ақ күміс трубадан ұстап подвалға түсіп кетті. Төмен түсе бергенде балалар байқап қалды. Ол жасыл нұрға оранып, костюмі құбылып кеткен еді.

– Мына адам – физика-математика ғылымының докторы Борис Михайлович Бежев. Ол бұл лабораторияда Мәскеуден келіп істеп жатыр. Ал мен Алматыданмын. Екеуміздің де мамандығымыз атмосфералық электр төңірегінде, – деп таныстырып өтті Әйтиев. – Сендер атмосфералық электрдің биіктаулық лабораториясында отырсыңдар. Ал енді, әңгімеге кіріселік. Ол Сәмен мен Қажытайды көк-жасыл диванға отырғызды да, өзі тас орындыққа жайласты.

– Сендердің тауда көргендерің, әрине, көшпелі алтын емес. Оның сырын осы тауға келгеннен кейін-ақ түсінген боларсыңдар, – деді Әйтиев. – Ол – көдімгі найзағайдың бір түрі. Оны орысша «шаровая молния» дейді. Біз мына өзіміз отырған биіктаулық лабораторияда жұмбақ сыры көпке дейін белгісіз болып келген осы көшпелі найзағайдың сырын ашу жолындамыз. Алдымен лаборатория ішінде, кейінірек көдімгі табиғи түрінде жасауды игердік. Соның өзінде осындай найзағайдың бірнешедеген түрі бар екен.

Электр туралы, оның оң және сол зарядтарының бар екендігін және олардың бірін-бірі тарту, тебу қасиеттері жөнінде өздерің білесіңдер. Найзағайдың табиғаты атмосфералық

электрде жатыр. Өзіміз күнде аяғымызбен басып жүрген жер және оны қоршаған атмосферада электрдің адам игілігіне жаратылмаған орасан зор қазынасы бар. Мұның өзінде жердің үстіңгі қабатының көпшілік бөлігі сол зарядпен зарядталған. Өздеріңе мәлім, найзағай қарама-қарсы зарядтардың арасында ғана болады. Ол үшін жерден биік оң зарядталған дене болуы қажет қой. Оның рөлін көдімгі жауын бұлтты атқарады. Ауа үйкелісінің әсерінен бойына оң заряд жинаған бұлт онысы шекті мөлшерден асып кетсе, жердегі қарама-қарсы заряды бар бір затқа (қарсы зарядтардың бірін-бірі тарту заңдылығы бойынша) өз бойындағы жиған-тергенін таратып береді екен. Ал ауа өзі тұрған жағдайында электр тогын өткізбейді емес пе?! Міне, осы кезде атыс басталады. Бұлт өзінің зарядын шоқтап, алыстан ұшқын атқызып жеткізеді. Мұны бұлттың разрядталуы дейді. Разрядталу кезінде найзағайдың оты көрінеді. Шар найзағай, міне, осы разрядталу кезінде электрленген ауада кейбір жағдайларда ғана пайда болады.

Бұдан кейін Әйтиев балаларды залға шақырды. Зал тебіреніп, гүрілдеп, ерекше жан бітіп тұр екен. Олар дәу аппараттың жанына келді.

– Мынау, – деді ол балаларға, – совет техникасының ең соңғы табыстарының бірі – «Молния – 6» аппараты. Бұл аппараттың найзағай зарядтарын жасайтын және оны өз бойында шоғырлап ұстап тұрып, табиғи түрде атмосферада пайда болған зарядтарға күшті әсер ете алатын қабілеті бар. Бұл аппарат мәселен, осы маңдағы атмосферада пайда болған электр зарядтарын тарта алады, яғни бейнебір жайтартқыш рөлін атқара алады. Аппараттың өзінің ішінде де қарсы мөндес зарядтар бар. Олар өз потенциалын бейне бір сағат маятнигі сияқты аударып-төңкеріп ұстап тұрады. Разрядталмайды.

– Сендер атом туралы біраз білетін шығарсыңдар, – деді Әйтиев балаларға қарап. – Мәселен, әрбір атомның электрондық қабаты, ядросы болады. Электрондар сол зарядты да, ядро – оң зарядты. Мұның өзінде ядроны құрайтын протондардың да өңшең оң заряд екені белгілі. Бірақ олар бірін-бірі теуіп кетпей қалай тұр? Міне, осы ғылым алдында тұрған бір проблема еді. Бұл ғылыми жұмбақ осы электр зарядтарының кейбір қасиеттерінде болып шықты. Біздің лабораторияда осы жұмбақ сырдың ең негізгісі ашылды. Сол себепті де, біз найзағай аппаратын құра алдық. Бұл аппаратпен жай тарту

үшін біз алдымен найзағайлы бұлттардың заряд мөлшерін есептейміз. Олардың жиналып шоғырлануына әсер етеміз. Атмосфераға шоғырланған қуатты зарядтарды осы аппарат арқылы алыстан жетелеп тек мынау сендер отырған тауға келіп разрядталатын етеміз.

Енді мына трубаларға қараңдар. Бұл трубалармен арнаулы компрессорлар арқылы келетін ыстық, суық ауалар, буға айналған су жүреді. Ауа бұл машинаның ішінде өте күшті ағыстарға түсіп, атмосферадағыдай үйкеліс жасайды. Электр зарядын тудырады. Біз ол зарядтарды ауамен қосып аспанға шығарамыз. Қолдан найзағайлы бұлт жасаймыз. Бұлттарды басқара аламыз. Ауа таудың бір жақ бүйірінен келіп кіріп, екінші жақ бүйірінен зарядталып аспанға көтеріледі. Күн сайын өтетін ауа көлемінде есеп жоқ шығар.

Әйтиев балаларды залдың ең бір түкпіріне алып келді. Түкпірде жалтыраған екі тас аппарат тұр. Аралары 50–60 қадамдай.

– Мынау, – деді ол біреуін көрсетіп, – аспандағы бұлт, ал анау жердегі бір зат деп біліңдер. Қазір осы екі аппарат арасында разрядталу процесі жүреді.

Әйтиев орта тұстағы кнопкалы қалқанға таяп келді де, бір түймені басып қалды. Сол сәтте труба ішінен гуілдеген дыбыс естілді.

– Мен, – деді Әйтиев, – анау аппаратқа оң зарядты ауа жіберіп жатырмын. Қазір заряды шекті мөлшерден асқан соң, ол келесі қарсы заряды бар аппаратқа разрядталуы тиіс.

Сәмен мен Қажытай Әйтиевке тығылды. Бір кезде гуіл тоқтады. Бірінші аппараттың орта тұсынан жылтылдап от көрінді де, сатыр-сұтыр гүрілдеп көдімгі найзағай оты атылды. Балалар таңғалып, тамашалап қалған. Әйтиев екінші кнопканы басты. Сол кезде тағы да гуіл естілді, жаңағы көрініс қайта қайталады. Бірақ алғашқыдай емес ерекше. Сатыр-сұтыр етіп атылғанда, түзу сызықты найзағай отынан жұдырықтай бір от жұмарланып келіп домаланып түсті. Құлағанмен ол жерге жеткен жоқ. Қалықтап ұшып тұрып қалды да, бір кезде Әйтиевке қарай жүрді. Сәмен мен Қажытай үрейлене қарап, әрең тұр. От қалықтап он метрдей жақын келді де, бірте-бірте көмескіленіп барып ауаға тарап кетті.

– Бұл – өздерің көрген көшпелі алтынның ең оңай жасалатын түрі. Мұның сиқыр дәнеңесі жоқ. Бар болғаны ол энергиямен зарядталған көдімгі ауа ғана. Түзу сызықты



найзағайдың разрядталуы кезінде ауаның бір кішкентай көлемінде иондану және диссоциация процесі жүреді. Диссоциация процесі кезінде ауа молекулалары жеке атомдарға ыдырайды. Ал иондану кезінде нейтрал атомдар өз бойына электр зарядын алады екен. Бұл екі процестің үздіксіз жасалып, бойында қуат сақтап тұруы үшін өте мол энергия керек. Мұндай көшпелі найзағай сол себептен де көп өмір сүрмейді. Сонымен бірге көшпелі найзағайдың осы лабораторияда жасалған қуатты түрі де бар. Ол найзағай ауада пайда болған кезінде көп өмір сүреді. Ішкі атомдық ыдырауға түсіп, мол энергия бөледі. Оны әуелі табиғаттың өзі тудырған шағын атом бомбасы деуге де болады.

Әйтиев балаларды кабинетке алып келді. Бет әлпеті «ал қалай ештеңе ұқтыңдар ма?» деп тұрғандай. Сәмен мен Қажытай кабинетке өте риза болған кейіпте мәз болып кірген. Екеуінің жүріс-тұрысы батыл. Енді кабинеттің бұрыш-бұрышын аралап еркін жүр.

Әйтиев жаңа ғана айтылған біраз ғылыми деректерді өздерінше қорытып түсінсін деді ме, балаларды қалдырып, тысқа шығып кетті.

– Мен қазір келемін, сендер сөйлесіп отыра тұрыңдар, – деді ол.

Балалар біраз уақыт тым-тырыс отырды. Тек бір-біріне қарап күлім қағады.

– Көрдің бе? – деді Сәмен Қажытайға. – Алтын іздейміз деп жүріп мынандай тамаша лабораторияға душар болдық. Бәсе, өзім де ойлап едім. Қанша болды екен, бұлардың келгеніне?

– Менің ойымша, – деді Қажытай, – мынандай лабораторияны салуға және жұмыс істеуге төрт-бес жыл керек шығар.

– Пәлі деген. Біздің ғылым үшін лаборатория құру қиын болып па? Көшіп келеді де, орныға салады, – деді Сәмен.

Екеуі төр алдында тұрған экранға келді. «Не болды екен бұл? Мүмкін осы телеэкран арқылы көшпелі найзағайдың жүріс-тұрысын көріп отыратын шығар?» Сәмен қара көздеріне ой жіберіп, Қажытайға қарай қалды.

– Қызық. Менің ойыма бір тамаша идея келіп кетті. Мұндайда Архимед болса ғой, «эврика» деп тұра жөнелер еді. Сен осы Тунгус тайгасында 1908 жылы болған апатты білесің бе? Ғалымдар соның сырын әлі аша алмай жүр ғой.

Сәмен өзін-өзі үлкен ғалымдарға ұқсатып дауысын қоңырлата маңғаздана сөйледі. Қажытай оның бұл мінезін ұнататын-ды. Тесіле қарап құлағын түріп қалды.

– Мәселен, кейбір ғалымдар оны аспаннан келген метеорит дейді. Ал Қазанцев, Ляпунов сияқты фантастар оны космосаралық кемеге де жорыды. Ол тайгаға сан мәртебе экспедиция да шықты. Мәселен, бірнеше экспедицияның бастығы болған Кулик тайгаға түскен метеорит деп дәлелдемек болды. Енді біреулер ол апатты жердің құйрықты жұлдызбен, яғни кометамен соқтығысуы дейді. Біреулер соңғы кезде оны мұз метеорит деп жүр.

Сәмен жүріп барды да Әйтиевтің орындығына отырды. Өзі үндемей Қажытайдан бірдеме күткен адамша көзін сығырайтып үнсіз қалды.

– Сонда не, сенің ойыңша мұның бәрі дәлелденбеген гипотеза да, ол басқа бір зат болғаны ғой? – деді Қажытай.

– Міне, міне, менің ойым да – осы. Ойлауымша, сол Тунгус тайгасының үстінде табиғаттың өзі тудырған атом бомбасының жарылысы болған. Мүмкін, сол осы қазір біз көрген көшпелі найзағайдың үлкен түрі шығар?

– Иә, дейді-ақ екенсің. Көшпелі найзағай жаңа өзіміз көргендей болса, ол бар болғаны газ ғана емес пе?! Ал Тунгус үстіне түскен зат қозғалып, ерен жылдамдықпен ұшып жүрген. Әуелі оның Тунгусияға түсердің алдында жерді екі-үш рет айналғанын бір француз астрономы көрген дейді ғой.

Сәмен берілгісі келмеді.

– Несі бар олай болса? Мен тек найзағайдың өзі деп тұрған жоқпын ғой. Шындығында, ол мұз болуы мүмкін. Жер атмосферасына келіп киліккен кезде, күшті үйкелістің әсерінен ол жанып, газға айналған. Оның бойында термоадролық реакция жүрген. Тайга үстіне келгенде ол жарылған. Бұл құбылыс, міне, осы көшпелі найзағайдың сырына өте ұқсас.

Сәмен дәлелмен жеңдім бе деген адамша орнынан тұрып қоқиланып қойды. Осы кезде даладан Әйтиев кірді. Балалар ерегестерін тоқтатып, оның аузына қарады.

Сәмен енді өзінің ойлары жөнінде ақылдасқысы келді. Ол сұрақты алыстан орағытты.

– Ағай, сіздердің осы ғылыми жұмыстарыңыз қандай нәтиже, қандай пайда береді елімізге? – деді ол.

– Өте дұрыс сұрақ, – Әйтиев көзін қысып жымыды да диванға қайта отырды. – Ғылымға беретін бірінші пайдамыз, әрине, адам еркінен тыс табиғатта пайда болып жататын орасан мол электр қуатын кәдеге жарату, екінші – найзағайлы бұлттарға құрық салып, оны адамның дегеніне жүргізу, үшінші – көшпелі найзағайдың қуатын пайдалану. Өздерің көрген жаңағы оттың температурасы алғаш пайда болғанда бес мың градусқа жуық болды. Осындай найзағайлар жарылғанда оның жарылу күші кәдімгі мылтық дәрісінің күшінен 50–60 есе артық. Ал ішкі атомдық ыдырауға түсетін найзағайдың қуаты бұдан жүз есе мол. Қаншама қуат, қандай тегеурін жатыр десеңші оның бойында! Көне, қалай? Бұларды оп-оңай қолдан жасасақ, оның қуаты бізге үлкен пайда бермей ме?! Тағы бір қызықты жағдай, жер бетіндегі электр зарядтарының ионданған ауамен әсерлесуі. Мұның да кейбір сырлары ашылуға жақын. Ол кезде біз электр тоғын бір жерден екінші жерге сымсыз жеткізудің мүмкіндіктерін табамыз.

– Тағы бір сұрақ, – деді енді сөзге Қажытай араласып. – Қалай деп ойлайсыз, осы көшпелі алтын туралы аңызда негіз бар ма, жоқ па?

Әйтиев көзін қысып тағы күлімдеп кетті.

– Әрине, алтын көшпейді. Бірақ аңызда негіз бар. Мәселен, бізден бұрын да басында найзағай ойнап келген Шайтантау – осы бір жақпар тастар темір рудалы кварциттен тұрады екен. Ал алтын кварцитті кендерде болады ғой. Біз зерттеп қарап едік, таудың астынан көп алтын таптық. Бұл алтынға бізді нұсқаған найзағай. Сонымен бірге аңыздағы жігіттің де алтын табуы мүмкін. Бәлкім, ол ішкі магмадан теуіп үстіңгі қабатқа дейін ағып келген магнетитті өзекшеге (жилаға) тап болған шығар. Кейде ондай өзектерде де алтын кездеседі. Магнит өрісінің әсерінен көшпелі найзағай мүмкін сол жерде разрядталған шығар. Жігіт қазып жіберіп бұрыннан жатқан алтынға тап болған ғой...

– Жаңа мына Сәмен Тунгус апатын да осы найзағай негізінде туған атомдық жарылыс деп қалды. Оған сіз қалай қарар едіңіз? – деді Қажытай Әйтиев бола бергенде.

– М-м-м... Қалай деуге болады мұны. Ол жерде атомдық жарылыс болғаны айқын. Және найзағай негізінде де болуы ғажап емес. Найзағай дегеніміз – зарядтар тебісі, тартысы болса, солай болмағанда қалай болады?

Өйтпиев Сәменге қарады.

– Сен өзің көп оқып, әуелі гипотеза ұсынғандай түрің бар ғой. Азамат! Екеуің де азаматсың. Өрдайым міне, осылай ойлап, қиялдап жүрген жақсы болады. Сендердің бұл лабораторияға келіп қонақ болғандарыңа біз де өте қуаныштымыз. Менің айтқан әңгімелерім далаға кетпеген сияқты.

Сол кезде есік ашылып бөлмеге Галузо енді.

– Жолдас Өйтпиев, машина келіп тұр. Балаларды қайтару керек шығар, – деді.

Сәмен мен Қажытай көп қарайлаған жоқ. Лаборатория тұрғындарымен жылы қоштасып, тез жүріп кетті. Жүрдек ГАЗ – 69 жүйткі жөнелді. Артта бұлтқа оранған найза тасты Шайтантау қол бұлғап кала берді...

Шайтантау бұлыңғырланып алыстап ұзай бергенмен, Сәменнің басындағы қиял қайта толысып, өресі кеңі бергендей. Оның басына көшпелі найзағай туралы нақтылы әрі берік тұжырым орнап қалған-ды. Иә, көшпелі найзағай тектен-тек пайда болмайды. Оның негізі, оны тудыратын бір себеп болуы ықтимал. Ол қандай себеп? Ол ма, ол – аспаннан күн сайын жауып тұратын миллиондаған метеорит түйіршіктер. Олар болмаса көшпелі найзағай да тумайды.

Не себепті осы көшпелі найзағайлар Сібір жақта көп? Жердің экваториялық немесе азиялық бөліктерінде ол өте сирек кездеседі. Оның да жауабы бар. Өйткені Жердің өзін-өзі айналу жағдайына қарай атмосфераның қозғалысы да әртүрлі ғой. Жердің қушық жағында атмосфера көп қозғалады. Қою болады. Сол себепті де, ауамен ілесіп, ол жаққа метеорит көп жауады.

Сәмен өз қиялынан өзі тамаша қуанышқа бөленгендей үлкен ләззат алды... Осы кезде арт жақтан гүрс-гүрс жарылыстар естілді. Балалар машинаның терезесіне таласа бастарын сұғып, тағы да бір ғажап көріністің куәсі болды. «Көшпелі алтындар» бірінен соң бірі қаздай тізіліп үлкен жарғасты беттеп барады екен. Алдыңғылары тасқа жете бергенде сатыр-күтір дыбыс естілді де, сол маңай түгел қопарылып түсті. Бұлар тауды үңгіп жол салып жатқан құрылысшы «көшпелі алтындар» болатын.



## Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** Өңгімені сюжеттік-композициялық желісі бойынша талдап, идеясын анықтаңдар. Өңгімеде қандай ғылым саласы туралы айтылады?



**2-тапсырма.** Өңгіме бөлімдері бойынша сюжетін талда.

Өңгіме бөлімі	Негізгі кейіпкерлер	Оқиғасы
Таудағы от		
Шайтантауға сапар		
Үңгірдегі сыр		



**3-тапсырма.** Өңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер. Жинақтау мен даралау арқылы кейіпкерлерге қандай мінез ерекшеліктері берілгенін айтыңдар.

Кейіпкер	Жинақтау	Даралау



**4-тапсырма.** Топта өңгімеде көтерілген мәселелерді талдап, еркін тақырыпта шығарма құрастырыңдар.



**5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, табиғат суретіндегі көріктеу құралдарына талдау жасаңдар. **Уақыты – 15 минут.**



**6-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, ғалым Әйтиевке сұрақ дайындап қойыңдар. Дайындаған сұрақтарыңды сыныптастарыңмен бөлісіп талдаңдар. **Уақыты – 15 минут.**



**7-тапсырма.** Өңгімеде автор өз сөзін қай жақта баяндайды? Автордың ғылым мен техникаға байланысты ойларын талдаңдар.



**8-тапсырма.** Үзіндіні талдаңдар. Шынайы ғылым мен көркем әдебиеттегі ғылымның ұқсастығы мен айырмашылығын «Физика» пәні бойынша саралап беріңдер.

Бұл – өздерің көрген көшпелі алтынның ең оңай жасалатын түрі. Мұның сиқыр дәнеңесі жоқ. Бар болғаны, ол – энергиямен зарядталған кәдімгі ауа ғана. Түзу сызықты найзағайдың разрядталуы кезінде ауаның бір кішкентай көлемінде иондану және диссоциация процесі жүреді. Диссоциация процесі кезінде ауа молекулалары жеке атомдарға ыдырайды. Ал иондану кезінде нейтрал атомдар өз бойына электр зарядын алады екен. Бұл екі процестің үздіксіз жасалып, бойында қуат сақтап тұруы үшін өте мол энергия керек. Мұндай көшпелі найзағай сол себептен де көп өмір сүрмейді. Сонымен бірге көшпелі найзағайдың осы лабораторияда жасалған қуатты түрі де бар. Ол найзағай ауада пайда болған кезінде көп өмір сүреді. Ішкі атомдық ыдырауға түсіп, мол энергия бөледі. Оны әуелі табиғаттың өзі тудырған шағын атом бомбасы деуге де болады.



**9-тапсырма.** Әңгімені Медеу Сәрсекенің «Жетінші толқын» хикаясымен салыстырыңдар.



**10-тапсырма.** Т. Сұлтанбековтың «Ғажайып планета» әңгімесін хрестоматиядан оқып, сюжетін баяндап беріңдер.



**11-тапсырма.** Әңгіменің идеясын талдап, ғылыми негізіне сипаттама бер. «Заманауи қуат көзі» тақырыбында әдеби эссе жаз.



**12-тапсырма.** Ғылыми-техникалық еңбектерді негізге алып, әңгіменің сюжетін талдап, әдеби сын жаз.



## ОРАЗАҚЫН АСҚАР

(1935–2019)

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағына қарасты Мүкей Қаратас деген жерде дүниеге келген.

1955 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келіп, 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп шығады.

1996 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының және Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері.

Шығармалары: «Тұңғыш» (1964), «Мейірім» (1975), «Жеткіншек» (2005), «Өріп – дыбыстың таңбасы» (2005), «Дербестік дес бергенде» (2006), «Мерекелер» (2007), «Алтын абдыра» (2007), «Елеулі елу ертегі, жебедей жетпіс жұмбақ» (2007) тағы басқалары.



## ШЕТТЕ ЖҮРГЕН БАУЫРЛАРҒА

Шетелге кетсеңдер де бауыр басып,  
 Құтты орын тепсеңдер де ауырласып,  
 Атажұрт шақырады тұқымым деп,  
 Құшағын байтақ дала, тауың да ашып.  
 Бөленіп онда бәрің байлық, баққа,  
 Тіпті ие болсаңдар да атақ-даңққа,  
 Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа,  
 Бұрыңдар көшті атамекен жаққа.  
 Қазағың жетті ежелгі арманына,  
 Жағдайдың қарамаңдар бар-жоғына,  
 Ілінбеу үшін елдік бірлік керек,  
 Ешқашан енді ешкімнің қармағына.  
 Уақытша көрсеңдер де қиыншылық,  
 Мың артық күн кешуден қорқып-бұғып,  
 Қожа боп өз жеріңде, өз еліңде  
 Не жетсін тер төгуге соны ұғып.

Астында өз аспаның, өз туыңның,  
 Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның,  
 Қандастар, қапы қалма, орны бөлек  
 Күнде өз әнұраныңмен оянудың.  
 Мәнге ие сәттерің көп елде өтетін,  
 Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін.  
 Бәріміз ұйымдасып көркейтейік  
 Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін.

7 сәуір 1992 жыл



**Берілген тапсырмаларды орындаңдар.**



**1-тапсырма.** Өлеңнің құрылысы мен көркемдік ерекшелігіне мән бере отырып, лирикалық кейіпкердің айтар ойына баға беріңдер. Өлеңнің негізгі идеясы бойынша оқиғадағы тарихи-әлеуметтік уақыт туралы айтып беріңдер.



**2-тапсырма.** Өлеңді жатқа мәнерлеп оқып беріңдер. Өлең оқиғасын қарасөзбен баяндаңдар.



**3-тапсырма.** Берілген кестені негізге ала отырып, өлеңде баяндалатын оқиғалар мен қазіргі қазақ тарихының байланысын анықтаңдар.

Үзінді	Тарихи оқиға
Шетелге кетсеңдер де бауыр басып, Құтты орын тепсеңдер де ауырласып, Атажұрт шақырады тұқымым деп, құшағын байтақ дала, тауың да ашып. Бөленіп онда бөрің байлық, баққа, Тіпті ие болсаңдар да атақ-даңққа,	



<p>Бірге ұрпақ барсын жарқын болашаққа, Бұрындар көшті атамекен жаққа.</p>	
<p>Мың артық күн кешуден қорқып- бұғып, Қожа боп өз жерінде, өз еліңе Не жетсін тер төгуге соны ұғып. Астында өз аспаның, өз туың-ның, Өз ауа, нәрін жұтып өз суыңның, Қандастар қапы қалма, орны бөлек Күнде өз әнұраныңмен оянудың. Мәнге ие сәттерің көп елде өтетін, Озбыр жоқ сыбағаңнан кенде ететін. Бәріміз ұйымдасып көркейтейік Қазақтың бейбіт, дербес мемлекетін.</p>	



**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, көріктеу құралдарына талдау жаса. **Уақыты – 10 минут**



**5-тапсырма.** Қазақ әдебиетіндегі жас ақындардың тақырыбы мен идеясы жағынан осы өлеңмен ұқсас шығармаларын салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына өз пікірлеріңді білдіріңдер.



**6-тапсырма.** Хрестоматиядағы «Өз туым», «Үйрен ана тіліңді» өлеңдерін оқып, идеясы мен тақырыбына талдау жасаңдар.



**7-тапсырма.** Өлеңнің тақырыбын негізге ала отырып, ойларыңды тұжырымдап, «Шетелдегі қазақ диаспорасы» деген ұғымды түсіндіріп беріңдер.



**8-тапсырма.** Өлең идеясына байланысты адамгершілік құндылық жөнінде әдеби эссе жаз.



## ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



Бұл тарауда Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасымен және ақын Жәрген Бөдешұлының «Жалғыз» поэмасымен танысатын боламыз.

Халқымыздың тарихындағы күрделі кезеңнен сыр шертетін драмалық шығармада Тұрар Рысқұлов, Ғабит Мүсірепов секілді ұлтжанды тұлғалар өмірінің бір көрінісі, жарқын болашақ жолындағы ерлік істері баяндалады.

«Жалғыз» поэмасы тарихи тұлғалар мен оқиғалар тізбегі арқылы адам баласының басындағы мәңгілік жалғыздық жырын толғайды.

### Әдебиет теориясы

Драматургия жанларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі – трагедия. Өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді. Классикалық әдебиеттегі трагедияларда дара тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен кереғар келуі, бітіспес күреске түсуі көрсетілген. Трагедия қаһармандары сұм заманның қатігез әдеттерімен шайқаста опат болады; олардың алдарында тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тосқауылдар тұрады; трагедия асқақ рухты қайсар жанның алапат күресін суреттейді. Трагедия қаһарманы теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терең бойлайды; қамырықты, қайғылы, азапты хал кешеді; кедергі, қарсылықтармен қаймықпай күреседі.

*Рымғали Нұрғали*

**Рымғали Нұрғали қазақ әдебиетіндегі трагедияларды үшке бөледі:**

**эпикалық трагедия**

**тарихи трагедия**

**адамгершілік-тұрмыстық трагедия**



**ШЕРХАН МҰРТАЗА****(1932–2018)**

**Шерхан Мұртаза** – Қазақстанның халық жазушысы, «Тарлан» тәуелсіз сыйлығының иегері. 1932 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданында туған.

Жазушының әр жылдары «Табылған теңіз» (1963), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «Ахметжанның анты» (1973), «Мылтықсыз майдан» (1977) повестері, «41-жылғы келіншек» (1972), «Интернат наны» (1974) әңгімелері, «Қара маржан» (1977), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» (1999) романдары, шығармаларының төрттомдығы (1990 – 2000), шығармаларының 6 томдығы, таңдамалы шығармаларының 7 томдығы, «Бір кем дүние» (2008) кітаптары жарық көрген.

Шығармалары КСРО халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Қазақ тіліне Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш. Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет» туындыларын; Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы» повесін, Э. Эрскиннің «Марыкчан балалары» романын, Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» повесін тәржімалаған.

«Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алған. «Құрмет белгісі», «Отан» (1999) ордендерімен, медальдармен марапатталған. ПЕН-клуб сыйлығының иегері (2003).

**БЕСЕУДІҢ ХАТЫ**

*Прологті, эпилогті, екі бөлімді тарихи драмадан үзінді*

**Қатынасшылар:****Ғабит Мүсірепов** – жазушы**Голощекин** – Крайкомның I хатшысы**Құрамысов** – Крайкомның II хатшысы**Иванов** – Бюро мүшесі

Елеусіз – Бюро мүшесі

Жантоқов – Бюро мүшесі

Исаев – Бюро мүшесі

Нұрхан – ақын

Күләнда – елдегі қыз

Балым – Амангелдінің жесірі

Сталин – Генсек

Рысқұлов – Совнарком төрағасының орынбасары

Құсни – Мүсіреповтың әйелі

Цербер – Тамұқ төбеті

Қарабай – сатқын

Көмекшілер, үркіншілер, жұмақ пен тамұқ адамдары.  
Оқиға 1932 жылы өтеді.

## ПРОЛОГ

Кремль. Сталиннің кабинеті. Сталин мен Рысқұлов.

**Сталин:** ...Неге біз жағдайды Қазақстандағы Голощекиннен емес, Мәскеудегі Рысқұловтан білеміз? Неге сенен басқа ешкім ләм демейді?

**Рысқұлов:** Менен басқалар да Қазақстандағы өрескел бұрмалаушылықты Сізге жеткізуге тырысқан. Бірақ олардың дауысы Сізге жетпей жатыр.

**Сталин:** Қалайша?

**Рысқұлов:** Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам Сізге хат жазған. Бірақ... хат ұсталған...

Сахна қараңғы тарта береді. Домбыра «Қоңырды» аңыратады.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### Бірінші сурет

Алматы. Казкрайком. Голощекиннің кабинеті. Кезектен тыс шұғыл бюро мәжілісі өтіп жатыр. Ұзын үстелдің ұшар басында – Голощекин. Қос қапталда – бюро мүшелері. Электр шамдар күңгірттеу, әлденеге жыпылықтап тұрады. Голощекин шамдалға шақшия қарап, қолтоқпақтай ауыр сиясорғышты мығымдап ұстап, сонымен шамдалды періп жібергісі келгендей... Үстінде – сүр френч. Теке сақалы селкілденкіреп тұрады. Жарық әуелі оның сақалына ғана түсіп, бірте-бірте түр-түсін тұлғалайды.

Оркестрде «Көбік шашқан» ыңырсиды.

**Голощекин** (*креслодан ұмтыла түрегеліп*): Жолдастар! Жау шапқандай, түн ішінде неге бюро шақырды деп ренжімеңіздер. Ал жалпы, жау шапты десе де болғандай. (*Үстел үстіндегі қағазды, улы жыланның құйрығынан ұстағандай салбыратып, қос саусағымен шетінен ғана абайлап қармап, дауысы қырылдап*), міне – жау!

Үстел басындағылар «О не сұмдық?» дегендей үркектеп, үрпиісе қалады. Тек Голощекиннің оң қол жағын ала отырған Құрамысов қана «Мен білемін» дегендей, домаланған дөңбек денесі қозғалақтап, күлімдеп қалады.

**Құрамысов** (*жағымпаздана*): Жаудан да жаман, Филипп Исаевич. «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман».

**Голощекин** (*риза болғандай*): Измұқан дұрыс айтады. (*Құрамысов «көрдiңдер ме» дегендей жан-жағына қоқилана қарап қалады*) Іштен шыққан жау жаман. Қаскөйлер өз ішімізден шығып отыр.

Үстел басындағылар: «Сонда қайсымыз?» дегендей бір-біріне күдіктене қарасады.

**Исаев**: Ол не, Филипп Исаевич? Зөремізді алмай, айтсаңызшы.

**Голощекин** (*оган жақтырмай қарағанда дөңес линзалы шыныдан көзі шатынап көрініп*): Неге сенің зөрең ұша қалды, а? Сенің бүйрегің бұрып тұрмаушы ма еді өнебіреу жазушысымаққа! А?!

**Исаев** (*сабырмен*): Құдай үшін, айтсаңызшы, не түспалдап тұрғаныңыз? Біз өзі өрт сөндіретіндей неге асығыс жиналдык? Не талқыламақпыз? Жазушысымақ кім?

**Голощекин**: Иә! Иә! Өрт сөндіреміз! Өрт! Өрт!

**Елеусіз** (*жан-жағына, төбеге алақ-жұлақ қарап*): Қайдағы өрт?

**Голощекин** (*сәл сабасына түсіп*): Иә, шынында да өңгімені басынан бастайық. (*Қос саусағымен қағазды шетінен көтерген күйі*) Қаралатын мәселе біреу: «Бесеудің хаты».

Голощекин соңғы сөздерді шыңғыра айтқанда, содан шошып кеткендей шамдал оты шайқалақтап барып, жалп етіп сөнеді де қалады.

## Екінші сурет

Жазушының қуықтай бөлмесі. Жазу үстелі. Айнала – сірескен кітаптар. Шағын кілем тұсында – құс мылтық, қос домбыра ілулі тұр. Босағада – шоқпарлар. Креслода – Мүсірепов, жанындағы орындықта – қыр қазағынша киінген ақын Нұрхан. Ол домбыра тартып отыр. Сірә, «Ақсақ құлан» күйі. Мұңлы. Өлдебір қиын, қысылыс, тығырық жайды домбыра тілімен сөйлетеді. Күй өксіп-өксіп барып үні біткенде Мүсірепов басын көтеріп алады.

**Мүсірепов** (*аһ ұрып*): Түсіндім, Нұраға.

**Нұрхан** (*домбыраны жантайтып қоя беріп, беторамалымен маңдайын сүртін*): Түсінсең – сол, Ғабитжан. Киіз туырлықты, қыл-құйрықты тулы ел едік. Ешкімге залалымыз жоқ еді. Елдің қырылып жатқанын өз көзіңмен көрдің.

**Мүсірепов** (*қасын керіп, бипаздан*): Дәл сондай сойқанды мен Керекуден де өз көзіммен көріп келдім. Нәубет төнген сенің Торғайың ғана емес, бүкіл Қазақстан!

**Нұрхан** (*булыққандай*): Көрсен – неғып жайбарақат отырсыңдар! Сені жұрт Голощекиннің қасында отырады дейді ғой. Неге айтпайсың көрген сұмдығыңды?

**Мүсірепов**: Осының бәрін Қазақстан өкіметіне де, Мәскеудегі Сталинге де... е-е, Рысқұловқа да жаздық білем...

**Нұрхан** (*үміттеніп*): Ал?!

**Мүсірепов** (*қасын керіп, алысқа қарап*): Немен тынарын біліп болмас. Үнсіз қалу да жарамас. Лақ екең лақ та бауыздарда тұяқ серпіп қалмас па?!

**Нұрхан** (*елжіреп*): Айналайын Ғабитжан-ай, топалаң тиген қойдай қырылып жатқанымызда, ақырып айқай салар азаматтар тумалар ма осыншама халықтан деп күйіп-пісіп кетуші едім. Бар екенсің ғой, жарығым!

**Мүсірепов** (*сыздан*): Ақырып айқай салар азаматтар атаулының көбі аждаһа көрген қояндай бұғып қалып отыр ғой.

**Нұрхан**: Сонда қалай, халық қырылса – қырыла берсін, өзім аман қалайын дегені ме?

**Мүсірепов**: «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деген бар емес пе?! Жайшылықта бәрі де «елім, жерім» деп еңіреген болады, ал ел басына күн туғанда өлгі «өулиелер» мүнә-фи-күн!

**Нұрхан:** О не тағы?

**Мүсірепов** (*жай мырс-мырс етіп*): Оу, Нұраға, Құранды судай судыратқанда мұны қалай білмейсің? Құранның «Өлмүнә-фикүн» деген сүресін оқып па едің? Меккеден күрейіштерді бастап шыққан Әбу Суфианға қарсы мәдиналықтарды Мұхаммед расул алып шыққанда, мәдиналықтардың бірсыпырасы Әбу Суфиан жағына сатылып кетпеуші ме еді. Оларды расул «мүнә-фи-күн», яғни екіжүзділер дейтіні қайда?

**Нұрхан:** Ғабитжан-ай, біздің Құран білуіміз далбаса ғой. Жұрттың бәрі өзіңдей ғұлама қайдан болсын?! (*Ойланып*) Сонда басшылар арасында «мүнәфикүн» болғаны ғой?

**Мүсірепов** (*керенаулау*): Солай дағы.

Ауызұйде телефон шырылдайды. «Алло, алло» деген Құсни дауысы шығады. Құсни Ғабит пен Нұрхан отырған бөлмеге имене бас сұғады.

**Құсни:** Ғабит, сені телефонға шақырып жатыр.

**Мүсірепов** (*темекісін тұтатып болып, содан соң*): Кім?

**Құсни:** Крайкомнан дейді.

**Мүсірепов** (*жақтырмағандай*): Жа-рр-ай-ды. (*Орнынан баптана тұрып барып, телефон тұтқасын алады*). Әл-лө. Мүсірепов тыңдап тұр.

**Дауыс** (*екпіндеп*): Мен Голощекин жолдастың көмекшісі. Крайкомға тез жетіңіз. Бюро бар!

**Мүсірепов** (*қабырғадағы шынжыр баулы сағатқа қарап*): Мезгіл түн ортасы болайын деп қалды, неғылған бюро?

**Дауыс** (*бұйыра*): Тез жетіңіз, кезектен тыс бюро!

**Мүсірепов** (*кергін*): Жа-рр-ай-ды. (*Трубканы тастай беріп*) Мезгілсіз шақырған тауықтың басын жұлмақ керек.

**Құсни** (*шошыңқырап*): Түн ішінде қауіпті, бит. Қаңғы-бастар қаптап жүр көшеде. Мен бірге барайын.

**Мүсірепов** (*мырс етіп*): Сен қорған болып қарқ қыларсың, көшенің бандиттерінен (*өлдеқайда қолын сілтеп*) андағылар қауіптірек. Ал сен мені олардан бәрібір қорғай алмайсың. Одан да ана костюмді алып бер. (*Киінеді. Босағада ілулі тұрған шоқпарды қолына алады. Нұрхан отырған бөлмеге бұрылып*) Ал, малыш, мен төбелеске кеттім. (*Қол шоқпарды білеп қояды*) Демал.

**Нұрхан (абыржып):** Апыр-ай, тыныштық болсын, лайым. Бөле-жаласынан сақтасын. Бармай-ақ қойсаң қайтеді?

**Құсни:** Иә, бармай-ақ қойсаң, а? Ауырып қалды дермін тағы звандаса.

**Мүсірепов (басын баяу шайқап):** Жердің астына кіріп кетсең де таптырып алады. Қорыққанмен жан қалмас. Осының бәрі қорқақтықтан. Жорғалар – жортақ, батырлар – қорқақ болған сұм заман.

**Құсни:** Жалғыз сен батыр болып кімді шабасың? Барма.

**Мүсірепов (жайдарланып):** Неге сонша үрпие қалдың? Онан да мейманға шай бер.

*Телефон бебеулеп қоя береді. Құсни тұра ұмтылады. Мүсірепов оны қолымен жасқап тоқтатып, тұтқаны өзі алады.*

**Мүсірепов:** Өл-ло-у.

**Дауыс (қатқыл):** Жолдас Мүсірепов! Бюро сізге қарап отыр ғой. Қашанғы күтуге болады?!

**Мүсірепов (тәкаппарлана):** Тез жетсін десең, мәшине жіберіңіз.

**Дауыс (дәрекі):** Мүмкін, айдауылды қоса жіберу керек шығар?!

**Құсни (жалбарына):** Ерегестіре көрме, Ғабит...

**Мүсірепов:** Жа-рр-ай-ды. *(Тұтқаны тастай салады)* Түзелер еді бұл заман... пейілі жаман пендені... кетсе астына жер тартып... Жә, қорықпа, Құсни! *(Есіктен шыға береді).*

### Үшінші сурет

Крайком. Сол бұрынғы көрініс. Тек Голощекин түрегеліп, ары-бері теңселіп жүр. Қолы дірілдеп графиннен су құйып ішпек болады. Стақанын аузына апара беріп, ішпестен қайтадан қоя салады. Бюро мүшелеріне сүзіле қарайды.

**Голощекин:** Енді түсіндіңдер ғой жаудың қайдан шыққанын? *(Өркімнің бетіне сынап қарайды. Кейбіреулер бас изейді)* Ал бұған қандай шара бар?

**Құрамысов (қозғалақтап):** Бұл хаттан оңшыл оппортунистердің иісі аңқып тұр. Партиялық жолмен жазалау керек.

**Жантоқов (жарыса):** Олар – пантюрист!



**Голощекин** (*сақалы селкілдеп, ұзын саусақтарын ербеңдетіп*): Алашорданың иісі аңқып тұр десеңші? Ай-ай, қандай улы жыланды қойнымызға салып отырғанбыз! Ақыры шақты, міне! Осы жазушысымақты Крайкомның аппаратына алдырған сен емес пе едің? (*Құрамысовқа шүйіледі*).

**Құрамысов** (*сасқалақтап*): Ол былай ғой...

**Голощекин** (*сөзін шорт кесіп*): Саяси соқырлық! Байқамадық. Мен әрдайым айтамын, 25-жылға дейін, яғни мен келгенге дейін Қазақстанда қазақтардан шыққан таза коммунист болған жоқ деп. Содан да бері жеті жыл өтті: бұлар өлі жетіліп болған жоқ! Өлі шикі. Кадр мәселесін шешіп отырған адамның түрі... (*Құрамысовты меңзейді*).

**Исаев**: Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде. Кім білген... Ондай ала Мәскеудің өзінен де шығып жатқан жоқ па?

**Голощекин** (*шатынап*): Иә! Иә! Дәлелдерің көп. Троцкий, Каменев, Зиновьев, Рыков... Солар ғой айтпағың?

**Исаев**: Солай-ақ делік...

**Голощекин**: Ендеше, сол сабақ. Неге біз өз Троцкийлерімізді әшкерелемейміз? Неге оларды төңкеріп тастамаймыз?

**Елеусіз** (*жанындағы Құрамысовтың құлағына сыбырлап*): Не дейді? Бізде де Троцкий бар дей ме?

**Құрамысов** (*жақтырмай, тыржың етіп*): Иә!

**Голощекин** (*алара қарап*): Не сыбыр-күбір?

**Құрамысов**: Жай, мына кісі...

**Голощекин**: Түсінбей отыр ма? (*Елеусізге таяп келіп*) Біздің арамызда да жаулар бар. Троцкийлер бар. Не істеу керек? (*Құрамысовқа*) Аудар.

**Құрамысов** (*Елеусіздің құлағына*): Жау бар дейді. Не істеу керек дейді.

**Елеусіз**: А-а. Жау ма? Жауды аяған жаралы. Иә, құрту керек. Мен қол көтерем. (*Қолын көтереді*).

**Голощекин**: Өне, көрдіңдер ме, қазақтың оқыған зиялылары! Сендерден гөрі, оқымаған Елеусіз Елемесовичтің көзі әлдеқайда ашық. Адамда жай көз бар да (*көзілдірігін шешіп*), саяси көз бар.

**Елеусіз** (*өзін Голощекин мақтап тұрғанын сезіп, екіленіп*): Иә, жауды құрту керек. Мен қол көтерімін. (*Қолын*

*ербитеді, бірақ басқа ешкім көтермегенін көріп, таңғалып) Иә... құрту... керек...*

**Голощекин** (*сәл саябырлап*): Сонымен, бірауызды болайық. Бесеуін де партиядан аластау керек. Алашордашылармен қаншалықты қатынасы барын ОГПУ анықтасын. Шетінен бір-бірлеп шақырыңдар (*Қоңырауды басып-басып қалады. Көмекші кіреді*) Бәрі де келді ме әлгі бүлікшілердің?

**Көмекші:** Мүсіреповтен басқасы...

**Голощекин:** Ол жазушысымақ неге кешігеді? Айттың ба тез жет деп?

**Көмекші:** Иә. Екі рет...

**Құрамысов** (*қыстырыла кетіп*): Ол маңғаз ғой. Бір-бір басып жеткенше таң атар.

**Голощекин** (*арық алақандарын ысқылап*): Жынынан айырылған бақсыдай етерміз әлі, сонда маңғаздықтан не қалар екен? Осы жазушысымақтар неге кесірлі? Өне біреу Сейфуллин дегені тіпті Құдайдың өзімен қатар отырғандай шіренеді. Табылған екен Толстойлар!

**Иванов:** Филипп Исаевич, дегенмен тым қатты кетпейік. Бұл бесеудің жазып отырғаны, бір жағынан, шындық та ғой. Одан да хаттағы жайттарды көперге алып, елге жағдай қарастырайық та.

**Голощекин** (*талып қалғандай көзін алайтып, қолын жайып*): Міне, тағы бір «қайырымды» басшы шыға келді. Сонда немене, кім жаман – Голощекин жаман, ө?! Сен ғой жақсы көрініп шыға келмекшісің ө?! Мүмкін, Голощекиннің орнына отырарсың ө?!

**Иванов** (*қабынып*): Не деп кеттіңіз, Филипп Исаевич? Құдай үшін қиянат жасамаңыз!

**Голощекин** (*қыбы қанғандай*): Ө, қиянаттың көкесі, міне! (*Хатты сілкілейді*) Құрамысов! (*Құрамысов селк ете қалады*) Саған ерекше тапсырма: бұл басбұзар ұлтшылдар мұндай хатты Мәскеуге де жолдауы мүмкін. Поштаға, телеграфқа мұқият бол, бұл сипаттағы бірде-бір қағаз Мәскеуге жіберілемесін. Тікелей бақылауға ал!

**Құрамысов:** Құп болады, Филипп Исаевич! Мен... қазір. (*Шығып кетеді*).

**Иванов:** Егер бұл хат жала болса, Мәскеуге жөнелтілгенінен несіне қорқамыз?

**Голощекин** (*шоқ басқандай ұшып тұрып*): Қорқып отырған ешкім жоқ, Иванов! Голощекин ешкімнен де қорықпайды. Голощекиннің іс-әрекетін Сталин жолдастың өзі жүз пайыз құптайды!

**Иванов** (*ығыңқырап*): Онда еркіңіз білсін.

**Голощекин** (*қоқиланып, қоңырауды басып-басып қалады. Көмекші кіреді*): Келді ме өлгі маңғаз жазушы?

**Көмекші:** Келді.

### Төртінші сурет

*Сол бұрынғы кабинет. Тек отырғандар сіресе қалған. Голощекин – креслода. Әлдеқалай қобалжулы. Саусақтары дірілдеп, графиннен су құйып ішпек болады. Бірақ иіскеп, ішпей қоя салады. Мүсірепов кіреді.*

**Голощекин:** Кел, жазушы... (*Мүсірепов сыпайы бас изеп амандасады*) Сені ғой біз Крайкомға жауапты қызметке алдық. Не үшін?

**Мүсірепов:** Оны өздеріңіз білсеңіздер керек еді. Мені Крайкомға қызметке алыңдар деп мен арыз бермеген сияқтымын.

**Голощекин** (*бюро мүшелеріне, шағынғандай*): Көрдiңдер ме? Қалай-қалай кердеңдейді.

**Құрамысов:** Жолдас Мүсірепов! Сіз Крайкомның бюросында тұрғаныңызды білесіз бе?

**Мүсірепов:** Тойға келмегенімді сеземін. Бірақ Крайком бюросы Голгоф емес қой деп ойлаймын.

**Елеусіз** (*«Голгоф» дегенді түсінбей, Құрамысовқа сыбырлап*): Не дейді? Қай жер дейді?

**Құрамысов** (*тыржың етіп*): Иса пайғамбарды крешке шегелеп тастаған жерді айтады. Соны Голгоф дейді.

**Елеусіз:** Астафыралла! Сонда бұл өзін Исамын деп тұр ма?

**Голощекин** (*қуанып кеткендей, Мүсіреповке*): Рас-ау, сонда сен өзiңді Иисус Христосқа балап тұрсың ба?

**Мүсірепов:** Жоқ, жолдас Голощекин. Мен – коммунист, жазушы Мүсіреповпын.

**Құрамысов:** Онда неге қайдағы Голгофты еске алып тұрсыз?

**Мүсірепов:** Жолдас Ізмұқан, мен – Христос емеспін, бюро – Голгоф емес. Голощекин жолдас – Понтий Пилат болмас, Сіз – Синедрион болмассыз. Онан да мәселені түсіндіріңіз. Мені неге шақырдыңыз?

**Голощекин:** Сен өйтіп келгірсіме, жазушы. Білмей тұрған шығарсың. Хатты ұйымдастырған сен ғой?

**Мүсірепов:** Мейлі, мен-ақ болайын.

**Голощекин:** Міне, нағыз Иисус! Өзін құрбандыққа дайындап тұр.

**Мүсірепов:** Неге құрбан болуға тиіспін? Шындықты айтып, бюроға ашықтан-ашық мәселе қойғаным үшін бе?

**Голощекин (шыңғырып):** Қайдағы шындық?! Халық, мал-жан жаппай қырылып жатыр деген шындық па?! Жала! Жала! Жала!

**Құрамысов (килігін):** Жала арқылы халықты Крайкомға қарсы қою. Бұл – провокация!

**Елеусіз (дөңгелек сақалын уыстап):** Ғабит шырағым, оның қалай?

**Мүсірепов (торыққандай):** Елаға, сіз де түк көрмей қалдыңыз ба? Бір үзім нан сұрап, кеңсеңіздің алдында сұлап жатқандардың үстінен аттап-бұттап өткеніңіз де есіңізден шыққан ба?

**Голощекин:** Олар жалқау оңбағандар! Жұмыс істегісі келмей, ыңырысып жатқандарды кеңсенің алдынан мен де көрдім.

**Мүсірепов (ызалана):** Оларға: «Бездельники! Работать надо!» – деп бастарынан теуіп-теуіп кеткеніңізді мен де көрдім.

**Голощекин:** Жалқау оңбағандарды маңдайынан сипауым керек пе сеніңше? Аяғыма оралды, аяғымды ажыратып алғаным рас. Тепті дегенің – тағы жала.

**Елеусіз (жаны ашығандай):** Ғабит шырағым, «Төремен тіреспе, күштімен күреспе» демеуші ме еді, неғыласың қарсыласып...

**Голощекин:** Ол бізді негізгі мәселеден бұрып әкетіп, бұлғаққа салып тұр ғой. (Мүсіреповке қолын шошайтып) Экспертиза хаттың үш дана басылғанын анықтады. Қалған екі данасы қайда?

**Мүсірепов:** Біреуі Сталин жолдасқа жіберілген.

**Голощекин** (*шиқылдап күліп*): Сен шынында да Иисус-сың! Иисус Христос өзін Құдайдың ұлымын деп жариялаған ғой. Ал сен Сталин жолдаспен тікелей хат жазыспақ болған-сың. Бірақ хатың Сталинге жеткен жоқ. Хат ұсталды.

**Мүсірепов:** Әлгі кеңес поштасының азамат құпиясын сақтайтыны қайда?

**Голощекин:** Құпия сақтағышын. Поштаның Крайкомнан жасыратын құпиясы жоқ. Ал хаттың үшінші данасы қайда?

**Мүсірепов** (*тура қарап*): Жоқ. Жыртып тастадық.

**Голощекин:** Сен жалақор ғана емес, әрі өтірікші екенсің ғой. (*Қоңырауды басып қалып, көмекшіге*) Шақыр Қарабаевты!

Қарабаев кіреді.

**Голощекин:** Міне, авторлардың біреуі. Бұлар отбасында алтау болған. Мүсірепов, Гатауллин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев және Қарабаев. Бірақ Қарабаев өз қатесін түсініп, соңғы сөтте қол қоюдан бас тартқан. Және о бастағы ниеті үшін бізден кешірім сұрады. (*Қарабаевқа*) Қарабаев жолдас, хаттың үшінші данасы қайда?

**Қарабаев** (*қызарақтап, жан-жағына алақ-жұлақ қарап*): Үшіншісі – РСФСР Совнаркомына, Тұрар Рысқұлов жолдасқа жіберілмек болған. Бірақ жіберген-жібермегенін білмеймін. Мен... мен топтан шықтым ғой...

**Голощекин:** Естідің бе, жазушы? Енді есіңе түсті ме?

**Мүсірепов.** (*Қарабаевқа жиіркене қарап*): Иуда!!!

**Голощекин** (*алақандарын шапалақтап*): Bravo! Міне, Иисус! Ай да Иисус! Қарабаев – Иуда, Мүсірепов – Иисус. Иуда Иисусты ұстап берді. Тарих қайталанбайды дейді. Қайталанады. Қайталанады!

**Елеусіз** (*Құрамысовқа*): Не деп кетті?

**Құрамысов:** Иса пайғамбарды Иуда деген сатып кеткен. Соны айтады.

**Голощекин:** Сталин жолдасқа қолы жетпеген бейшаралардың ендігі тапқаны – Рысқұлов.

**Жантоқов:** Рысқұлов – пантюрист!

**Иванов:** Жолдастар! (*Сағатына қарап*) Түнгі сағат бір болды. Нақты мәселеден ауытқып барамыз.

**Голощекин:** Қателесесіз, Иванов. Нақты мәселеге енді келдік. Бүліктің бастауы қайда жатқанын білдіңіз бе? Анықталды ғой. Бәленің бәрі Рысқұловтан. Алыста жатып Мүсіреповтердің қолымен от көсейді. Бұл бүлікке Рысқұлов араласқан екен ғой. Міне, бұл – шатақ! Шатақ!

**Жантоқов:** Рысқұлов – пантюркист! *(Орнынан ұшып тұрып)* Рысқұлов – пантюркист! Мүсірепов – ұлтшыл! Ұлтшыл! *(Қалш-қалш етіп, қолы ербеңдеп, көзі аларып, құлап бара жатып)* Пантюркист! Пан-тю-кист! Ұлт-шыл! Ұлт...

**Голощекин:** Шатақ! Шатақ! Рысқұлов шатақ!

Сахна қараңғылана береді.

### Бесінші сурет

*Сағат түңгі екіні соғады. Крайкомның шамы әлі сөнбейді. Бюро әлі бітпейді. Голощекин графиннен стақанға су құяды, аузына апара беріп, стақанды қоя салады.*

**Голощекин:** Республикаға, Казкрайкомға, оның басшылығына жала жапқаны үшін Мүсірепов, Алтынбеков, Гатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев партиядан шығарылсын. Істері сотқа берілсін! Менің ұсынысым – осы.

Сілтідей тынған тыныштық. Тек қабырғадағы сағат сыртылы естіледі. Сыртта мауыққан мысықтардың баж-бұжы шығады. Голощекин стақандағы суды ішпек болып, қайтадан қоя салады. Жәткірініп, Иванов қол көтереді.



**Иванов:** Жолдастар! Хат иелері жас коммунистер екен. Жастыққа қателесу тән. Сондықтан, Филипп Исаевич, оларды бірден партиядан шығару керек дегенге мен келісе алмаймын. Ескертумен тынайық.

**Голощекин** *(орнынан атып тұрып):* Жоқ! Жоқ! Бұл жастықпен қателесу емес. Бәлеқорлық, жалақорлық. Бұл керек болса *(саусағын аспанға шошайтады)*, ұлтшылдықтың бас көтеруі. Біз ұлтшыл-уклонистерді

жойдық деп мез болып жүрміз. Ұлтшыл-уклонистер: Рысқұловты, Ходжановты, Меңдешевті, Нұрмақовты, Садуақасовты арамыздан аластадық, республикадан құдық деп ерте масайрағанбыз. (*Су ішпек болып, стақанды аузына апара беріп, жиіркенгендей қоя салады*) Сөйтсек, олардың құйыршықтары бар екен. (*Мүсірепов жаққа саусағын шошайтып*) Мәскеудегі Рысқұловпен, тағы басқалармен байланыс жасап тұрады екен. Тек қатал жаза!

**Иванов** (*шарасыздана қолын жайып*): Жат пиғыл жоқ қой, жан ашыған пікірі үшін қалай жазалаймыз?

**Голощекин**: Мен өз ұсынысымнан, өз талабымнан қайтпаймын. (*Суды ала беріп, аузына тақап, одан бетер ашыланып, үстелге стақанды тарс еткізіп қоя салып*) Қайтпаймын! Қайтпаймын!

**Исаев**: Менде бір ұсыныс бар. Бұл бесеуі кінәлі, әрине. Бірақ Филипп Исаевич, сіз айтқандай, жат пиғыл бар ма бұларда? Жоқ-ау деймін. Өлі де сынайық. Олар аштық туралы, асыра сілтеу туралы жазған екен. Сол кемшілікті түзесін, бар болса. Жібереік жер-жерге, көрсін, түзесін. Ал бәрі бекер болса, сонда жазалайық.

**Голощекин** (*шоқ басқандай шошып түсіп*): Сен де солай сайрадың ба, Ораз Жанұзақович?! Мәскеуді барып паналаған национал-уклонистердің арандатуымен бес бұзық Крайкомға жала жабады. Ал сен де оларды қорғайсың!

**Исаев** (*күмілжіңкіреп*): Олардың хатын мүлде жала деуге келер ме екен?..

**Голощекин** (*екі қолы ербеңдеп*): Жала! Жала! Біз Октябрь революциясының дауылы тек жанап қана өткен Қазақстанда «Кіші Октябрь» орнатып, сол арқылы дауыл тұрғызып жатырмыз. (*Қолымен дауылды суреттейді*) Дауыл ескі дүниені қоқыстан тазартады! (*Кеудесін ұрып*) Біз – Қазақстанда жаңа тарихтың жасампаздарымыз! Дауыл! Дауыл! Жаңа тарих. Түсінесіңдер ме? Ал мұндайда кейбір шығын болуы диалектикалық заңдылық!

**Мүсірепов** (*басын тәуекелге тіккендей қатуланып*): Диалектикада халық жаппай қырылсын деген заң жоқ!

**Голощекин** (*шыңғырып*): Сен, шала сауатты азиат, диалектикадан не білесің?

**Мүсірепов** (*сазара, саспай*): Мен білетін маркстік диалектикада ондай сойқан жоқ. Сіздің айтып тұрғаныңыз Римнің баяғы императорлары Нерон мен Калигуланың «диалектикасы».

Зал тына қалады. Өлгіде ғана оны жақтап тұрған Иванов та басын шайқап, ернін тістейді. Өлгі сөздерден түк түсінбеген Елеусіз жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды.

**Елеусіз** (*ақыры шыдай алмай, Құрамысовқа*): Не дейді? Не болып кетті?

**Құрамысов** (*тыжырына, иығын қиқаң еткізіп*): Тыныш отырыңызшы, ақсақал... (*Голощекинге қарап*) Бұл шектен шыққандық. Қайдағы Нерон? Қайдағы Калигула?

**Голощекин** (*аңырып, таңырқап*): Бәсе, қай Нерон?

**Жантоқов**: Пантюркист что ли?

**Иванов** (*бетін басып, күліп*): Неопантюркист.

**Жантоқов** (*шамданып*): Күлмеңіз, күлетін жай емес.

**Голощекин**: Тыныштал! Жауап естиік. (*Мүсіреповке*) Қане, айт.

**Мүсірепов** (*шегінерге жері қалмай*): Біздің заманымыздың шырқау басында Римді Нерон деген император билепті. Халқын аштыққа ұшыратып, «Ешкімде ештеңе қалмасын!» деп жарлық шығарыпты. Римді әдейі өртетіп жіберіп, өзі Меценат мұнарасына шығып алып, өртке қарап тұрып, «Троянның күйреуі» деген әнді айтқан.

**Голощекин** (*әдейі қызықтап*): Тоқта! Тоқта! Сонда Нерон император басымен өн салған ба?

**Мүсірепов** (*мырс етіп*): Салғанда қандай! Бар халықты театрға жиып алып, есік-тесігін тарс бекіттіріп тастап, тарғыл-тарғыл дауысымен күндіз-түні өн салғанда екіқабат әйелдер шыдай алмай театрда босанып қалады екен...

**Голощекин** (*қызыға тұскендей*): Тағы қандай өнері бар екен?

**Мүсірепов**: Мүлде жазықсыз адамдарды өлім жазасына кеседі екен де, үкімге қол қоярда өз басын өзі тоқпақтап: «Өттең, бұйткенше, хат танымас кеше болсамшы!» – деп өтірік қайғырады екен.

**Голощекин** (*зымияндана жымып*): Тағы не депті?

**Мүсірепов**: Нерон басына зауал туып өлер шақта: «Өттең дүние, неткен ұлы өртіс өтіп бара жатыр!» – депті дейді.



**Голощекин** (*мүләйімсіп*): Ал Калигула не істепті?

**Мүсірепов:** Жақсы көрген арғымақ атын консул сайлатып, (*Елеусіз жаққа еріксіз қарап*) мәжілісте консулдармен бірге отырғызған көрінеді.

**Голощекин** (*кенет қанын ішіне тартып*): Ал, жолдас Исаев, жолдас Иванов! Осыдан кейін де мына жазушы партия қатарында қала бермек пе?

**Иванов** (*не күлгені, не қысылғаны белгісіз*): Филипп Исаевич, бұларға дауа бар ма? Өйтпесе, ол жазушы бола ма? Өңгімені ушықтырмай, Исаев жолдастың ұсынысын қабылдайық та...

**Голощекин** (*әуелі тұтығып*): А-а-ау, л-л-либерализмнің ш-шегі болмаушы ма е-е-еді! Бұл не, Иванов?! Ау, бұл бізді қайдағы бір қаныпезер деспоттар мен тирандарға теңеді ғой! Соны да түсінбедіңдер ме?!

**Иванов:** Әдебиетте гипербола «образное мышление» деген болады. Оларға жарасады.

**Құрамысов** (*жәткірініп, жұрт назарын өзіне аударып*): Жоқ, жолдас Иванов, мынау біздің Крайкомда бұрын-соңды болмаған сұмдық. Сіз шыннан аңдамай қалдыңыз ба? Нерон: «Ешкім де, ештеңе де қалмасын», – дейді. Ал бізге қазір біздің жауларымыз, бай-кулақтар: Голощекин бастаған Крайком «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп айтыпты деп жала жауып жүрген жоқ па?!

**Голощекин** (*Құрамысовқа емірене қарап, қанаттанып*): Нерон Римді өзі өртетіп жіберіп, өзі соған сүйсіне қарап өн салыпты. Мынау (*Мүсіреповты меңзеп*) бізге «Жарапазан айтып отырсыңдар» деп тұр ғой!

**Құрамысов** (*құлшынып*): Нерон театрдың есік-тесігін бітеп тастап, күндіз-түні өн салғанда екіқабат әйелдер театрда босанып қалған екен. Ал сонда түн ортасынан ауғанша бітпей қойған мына бюрода жазушы Мүсірепов шыдай алмай, нетіп... қалып жүрмесін! (*Өз сөзіне өзі мәз болып қарқ-қарқ күледі. Түкке түсінбеген Елеусіз қосыла күледі*).

**Жантоқов** (*шықшыты бұлтылдап*): Пантюркист!

**Голощекин** (*Құрамысов оспағының оспадарсыз шыққанын сезіп, қабағын шытып*): Жә, қайдағы бір сандырақты әкеліп өзімізге таңа бермейік.

**Иванов:** Міне, мұныңыз жөн, Филипп Исаевич. «Бесеудің хаты» талқыланып, ілтипатқа алынды дейік. Хаттың авторлары қазіргі күрделі жағдайды жөндеуге септігін тигізу үшін жер-жерге іссапарға жіберілсін дейік. Осындай шешімге келіп, осымен тарайық.

**Исаев:** Дұрыс.

**Голощекин:** Либералдар! Келісімпаздар! (*Булығып*) Бұл, бұл, бұл...

Дәл осы кезде Крайком терезесінің алды жарқ-жүрқ етіп, орасан найзағай ойнап өтеді де, артынша аспан қақ айырылып жерге түскендей болып, күңірене күн күркіреп қоя береді. Төбедегі шамдалдар теңселіп, шылдыр-шылдыр етеді.

**Елеусіз** (*төбесіне құндыз бөркін кие беріп*): Бісміллә, бісміллә!.. Сұбихан алла, Сұбихан алла...

**Жантоқов** (*бұға тұсіп*): Проделки пантюркистов...

**Құрамысов** (*о да қыбыжықтан*): Сен де оттай береді екенсің...

**Иванов:** Сабыр, сабыр, жолдастар! Кәдімгі Алатаудың долы найзағайы ғой. Қазір басылады.

Осы кезде терезе алды алаулап жарқ ете қалып, тағы да аспан қақырап ала жөнеледі.

**Елеусіз:** Әлхамдулла, Әлхамдулла! Раббийль Әләмин.

**Мүсірепов** (*сыздана қасын керіп*): Мүнәфикүн!

Күн тағы да күңірене күрілдей жөнелгенде Голощекин креслоның тасасына бұға қалады. Лезде шам сөніп, шымылдық жабыла береді.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

(жалғасы бар)

\*\*\*

Сахна жабылады

эпилог

Ана дүние... Ғарыштық сарындағы музыка. Кілең ақ киген аруақтар. Бейнесі бүтін бір зат жоқ. Бәрі құбылып тұрады. Оқтын-оқтын тұман қаптап, қайта ашылып, ойдым-ойдым мұнар арасынан аруақтар легі елес береді. Арғы бетте, ойпаңда тамұқ оты лапылдап жатады. Ол жақтан шыңғырған, ыңырсыған, ышқынған дауыстар естіледі. Бергі бетте, өрде шынар сияқты ағаштың түбіне екі елес шыға береді. Біреуі – Рысқұлов, біреуі – Мүсірепов.

**Рысқұлов** (*арғы бетті нұсқап*): Ғабит, сен жас аруақсың ғой. Бұл жақтың ұңғыл-шұңғылын біле бермейсің. (*Дауысы көтеріліп*) Өне – тамұқ!

**Мүсірепов** (*арғы бетке аңтарыла қарап*): О, Қүдірет! Мұнда – рисалат нұры, анда – тамұқ. От ішінде ойнақ салған әлденелер... Олар кімдер, Тұрар аға?

**Рысқұлов** (*көтеріңкі*): Жарық дүниеде жазықсыздарға жапа шеккізген озбырлар. Қиянатшыл бөлекор-жалақорлар. Өділет тағынан тайғандар. Пейілі жаман пенделер. Танаураған тайтақайлар...

**Мүсірепов**: Зауал! Зауал! Біз білетіндерден кімдер бар?

**Рысқұлов** (*серігін қолынан тартып*): Берірек жүр. Жақындасаң өзің де танырсың (*Жар жағалап, лапылдаған отқа таяп келеді*) Өне, анау барқырап тұрғанды сен танымассың, Ғабит. Ол баяғы Нерон.

**Мүсірепов**: О, Қүдірет! Өлі ән салып тұр екен ғой. От ішінде... шырылдайт. О баста-ақ император басымен театрға барып ән салады екен...

**Рысқұлов** (*әріректегі сұлбаларды меңзеп*): Анау шешесі, оның жанындағы туған інісі... Нерон ол екеуін де өзі өлтірткен...

**Мүсірепов**: Туған анасын, туған бауырын аямаған. Олардың өліктерін баспалдақ етіп, мансапқа биіктеген. Содан не тапты?

**Рысқұлов:** Мансап та – ауру. Мансапқорлар да нашақорлар сияқты. Мансаптың мастығы – нашақор мастығынан да қауіптірек. (*Кенет серігін жеңінен тартып қалып*) Ал ана аруақты сен бірден тануға тиіссің!

**Мүсірепов** (*селк ете қалып, сәл-пәл тағзым еткендей болып*): Ста-а-али-ин! (*Тұтығыңқырап*) Бі-ір же-е-ңі қ-қ-қызыл, бір жеңі-і қа-а-ра. Қызыл жолақ үстімен Сталин арыбері баяу басып, бірсыдырғы жүреді де қояды.

**Рысқұлов** (*ықыластана күліп*): Айттым ғой, жазбай танысың деп! Немене қорқып қалдың ба?

**Мүсірепов** (*таңдайын қағып*): Жарықтық, трубка тартқанын әлі қоймапты ғой.

**Рысқұлов:** Тамұқта от лапылдап, бұрқылдап жатса да түтінге тоймайды.

**Мүсірепов** (*мақтаныш сезіммен*): Сталин жолдас император Неронға қарағанда құдайдай ғой.

**Рысқұлов** (*мырс етіп*): Нерон Сталиннің қолына су құюға жарамайды.

Шексіз ғалам музыкасы гуілдейді. Сол сәтте арғы беттен арпылдаған, өуілдеген, барақ жүн орнына жыбырлаған жылан шыққан, шарадай екі көзі от шашқан, танаулары үңірейген, аузы арандай, өзі есектей ит әлдекімді қуалап шыға келеді.

**Мүсірепов** (*үрейлене шегіншекпен*): Астапыралла! Мынау не сұмдық, Тұрар аға?

**Рысқұлов:** Қорықпа! Бізге жете алмайды. (*Басын шайқап*) О, сорлы Филипп Исаевич... Анау Цербер осының-ақ соңынан қалмай қуалайды да жүреді.

**Мүсірепов** (*жағасын ұстап, ішегін тартып*): Өзіміздің Голощекин жолдас па?!

**Рысқұлов:** Дәл өзі! Тозақ төбеті Цербер осы байғұсқа бір сәт тыным таптырмайды. Жарық дүниенің өзінде-ақ бейшараның дауысы тамұқтан шыққандай шарылдап тұрушы еді, енді мүлде қақсауық болып алды.

Жар басында ақ жамылған түмен аруақ: «Цербер! Цербер! Айдақ! Айдақ! Бас! Бас!» – деп шуылдап тұрады. Ғарыш музыкасы шексіз ғаламның құрсағынан шығып жатқандай ыңыранады.

**Мүсірепов** (*Рысқұловқа*): Сонда Голощекин жолдастың шыбыны мәңгі-бақи шырылдаумен бола ма?

**Рысқұлов**: Мәңгі-бақи. Ара-арасында сөл-пөл тәнәпіс бар. Қазір өзің де көресің...

Цербер арсылдап қуалап келеді. Голощекин шырылдап қашып барады. Кенет алдарынан Сталин шыға келгенде, Цербер қалт тұра қалып, тек ырылдай береді. Голощекин барып Сталиннің аяғына тығылады. Сталин Церберге трубкасын кезеп-кезеп қояды.

**Мүсірепов**: Ойпыр-ой, жарықтық Сталин-ай! Тозақтың төбеті де бата алмай қалды-ау. Енді Голощекин жолдас құтылды ғой бәледен?..

**Рысқұлов**: Жоқ, Ғабит, қателесесің. Филип Исаевич баяғы өзің білетін жағымсыз дауыспен зар қағып, ана кісінің мазасын май ішкендей қылады. Содан соң оны Сталин «Кет» деп қуып жібереді. Аңдып тұрған Цербер тағы да қуалайды.

**Мүсірепов** (*сыбырлап, Сталинді меңзеп*): Ана кісі тамұқтың тақсіретін тартқан адам сияқты емес қой. Немене тамұқтан да тайсалмай ма?

**Рысқұлов** (*жайдары күліп*): Ой, Ғабит-ай, соншама сұңғыла болсаң да қазаққа тән аңқаулығың қалмайды. Оу, Иосиф Виссарионович жарық дүниенің өзінде тамұқ орнатып, соның тағында отырған кісі емес пе!

**Мүсірепов** (*мекірене күліп*): Е, бәсе, тамұқ ол кісіге таңсық емес екен-ау.

**Рысқұлов**: Ол тозақтың өзінен ләззат алады.

**Мүсірепов** (*Рысқұловтың иығына тығылыңқырап*): Қарайды біздің жаққа...

**Рысқұлов**: Тамұққа түскелі бері жар жағалап, осы біздің жақтан бір көз алмай, ары-бері теңселіп жүреді де қояды.

**Мүсірепов** (*әнтек таңғалып*): Онысы несі екен?

**Рысқұлов**: Ретін тапса, біздің жақты да тамұққа айналдырып жібермек.

**Мүсірепов**: Тағы да сойқан соқпаса игі еді...

**Рысқұлов** (*жайбарақат*): Соқпайды. Көрдің бе мына шыңырауды? Екі жағалаудың арасын біріктіріп тұрған тек мына қыл көпір. Сталин одан өте алмайды. (*Шырылдаған дауысқа елең етіп*) Цербер Голощекинді әлі қуалап жүр.

**Мүсірепов:** Жарық дүниеде тозақтың отын тұтатқан Голощекин ғана емес сияқты еді-ау. Жандайшаптары бар еді...

**Рысқұлов** (*мырс етін*): Е, әлгі, Құрамысов сияқтылар ма? Олардың адымы тым қысқа ғой. Цербер оларды тістеп алып, әлдеқашан отқа лақтырып жіберген. Өне, анау алаудың ішін анықтап қарашы: бір-біріне от шашып жүр.

**Мүсірепов:** Адамдар тамұқта да бір-біріне от шашып ойнайды деген осы екен-ау! (*Кенет ойына бірдеңе тұскендей*) Ойын демекші, қайтсақ қайтеді, Тұрар аға...

**Рысқұлов:** Жалықтың ба?

**Мүсірепов:** Мұхаңа преферанс ойнаймыз деп уәде беріп қойып ем...

**Рысқұлов:** Мұхтар болса... қайту керек.

**Мүсірепов:** Мұхаң бала сияқты ғой, сәл нәрсеге ренжіп қалады.

**Рысқұлов:** Мұхтар – пайғамбар ғой... (*Ойланып, кенет көңілденіп*) Ана сары бала да ойынпаз ғой деймін.

**Мүсірепов** (*кеңк-кеңк күліп*): Ғабиден бе? Біз бүгін соның дачасына жиналамыз. Ол мұнда да дача салып алды ғой!

**Рысқұлов:** Мынау кім болды екен!

**Мүсірепов:** Бұл – Нұрхан деген ақын. Сталин мен Голощекиннің ашаршылығында сүйген қызы Күлөнадан айырылған. Сол Күлөнадасын мұнда да зарыға іздеп таппай жүр.

**Рысқұлов:** Сағыныш кернеп сарнаған қос дүние!.. (*Кең әлемге көз тигізіп*) Өзизаны мен де таппай жүрмін...

**Мүсірепов:** Данте Беатричесін іздейді, Вергилий Лаурасын сағынады... Айтпақшы, Тұрар аға, біз олармен жолыға алар ма екенбіз?

**Рысқұлов:** Кімдермен?

**Мүсірепов:** Данте, Вергилий...

**Рысқұлов:** Ғалам шексіз, біз сол шексіз әлемде тозаңдай ғанамыз. Әлемде миллиардтаған тозаңдар ұшып жүр. Соның бәрі – адам рухтары. Кімді тауып, кімді танып болғандай...

**Мүсірепов:** Иә, сүйгендердің де бірін-бірі табуы қиын екен...

**Рысқұлов:** Енді біз асықпаймыз, Ғабит. Бұл дүниенің жарық дүниеден бір артықшылығы – асығып-аптықпайсың. Уақыт – шексіз. Сол шексіз уақыттың бәрі – сенікі. Мұнда минут, сағат, күн санау жоқ. Мұнда мың жыл дегенің – қас

қағымдай-ақ. Миллиондаған жылдар өтеді. Бәлкім, біз жер бетіне қайта оралармыз...

**Мүсірепов:** Голощекин де ме?

**Рысқұлов:** Иә, Ғабит, Голощекин де... Бірақ кім болып оралары белгісіз: адам бейнесінде ме, әлде құрт-құмырсқа болып па немесе зәрлі тікенек түрінде ме – әйтеуір оралады. Жер бетіне о да шығады.

**Мүсірепов:** Гүл өскен жерге тікенек те өседі, періште жүрген жерге ібіліс құмар. Кім біледі, дүние деген құдіреттің заңы шығар.

**Рысқұлов** (*әлемді шолып*): Сағыныш кернеген дүниелер... Миллион жылдарда сүйгеніңмен әйтеуір бір кездесесің... Жүр, Ғабит, Мұхтар күтіп қалған шығар...

Екеуі ақбоз буалдыр арасына баяу батып бара жатады. Ғарыш құрсағынан күңірене толқыған музыка Мұхиттың «Қара қаншық» әуеніне ұласады. (Оркестр)

### Шымылдық



#### Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** Драмада қай кезең суреттеледі? «Тарих» пәнінен оқығандарыңды еске түсіріңдер. Еліміздегі сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайға назар аударыңдар. Драманың прологі мен эпилогіне мән беріп, идеясын анықтаңдар.



**2-тапсырма.** Тарихи тұлғалардың бейнесін ашуда қолданылған ремаркаларды анықтап, талдап, айтып беріңдер.



**3-тапсырма.** Драманың идеясын ашудағы негізгі тартысты табыңдар. Оның композициялық желідегі орнын анықтаңдар.



**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, Мүсірепов пен Рысқұлов арасындағы диалогті қарасөзбен баяндап бер. **Уақыты – 10 мин.**



**5-тапсырма.** Хрестоматиядан тарихи драманы оқып, 2-бөлімдегі оқиғалар шиелінісіне мән беріңдер. 2-бөлімдегі кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Менің пікірім	Драмадан үзінді
Ғабит Мүсірепов		
Голощекин		
Рысқұлов		



**6-тапсырма.** Топқа бөлініп, тарихи драманың сөздеріне (ұнаған бөлімінен бірінші сурет, екінші сурет, үшінші сурет, төртінші сурет, бесінші сурет т.б.) үзінді қойыңдар. Драмадағы тарихи кейіпкерлердің прототипін анықтаңдар.



**7-тапсырма.** Тарихи драманың идеясын негізге ала отырып, «Тар заман сүрлеулері» тақырыбында өңгіме жазыңдар.



**8-тапсырма.** Драмадағы Сталин, Голощекин, Рысқұлов ой оралымдарын негізге ала отырып, сол кезеңдегі қазақ еліне тән тарихи құндылықтарды анықтаңдар.



**9-тапсырма.** Драмада көтерілген мәселелердің тарихилығына мән беріңдер. Драмадағы қақтығыстарды анықтаңдар. Драманың көркемдік құндылығына баға беріңдер.



**10-тапсырма.** Драманың идеясын негізге ала отырып, адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, «Арда туған Алаш арыстары ...» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



**11-тапсырма.** Драмада баяндалатын тарихи деректер туралы мәліметтер жинақтап, көтерілген мәселелерге әдеби сын жазыңдар.





## ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ

(1944 жылы туған)

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жәркен Бөдешұлы 1944 жылы 15 мамырда Қытай Халық Республикасының Шыңжан Ұйғыр автономиялы аймағының Тарбағатай өңірінде дүниеге келген.

1969 жылы атажұртқа оралған. Өр жылдары түрлі мерзімдік басылымдарда және Мемлекеттік кітап палатасында, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында қызмет атқарған.

Мемлекеттік кітап палатасында жұмыс істеген жылдары осы мекеменің директоры, жазушы Тахауи Ахтановтың тапсырысы бойынша, төте жазумен жазылған «Айқап», «Қазақ» т.б. газет-журналдардың мәтінін кириллицамен қазақ жазуына түсірген.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Түркі тілдес елдер поэзиясы ІІ фестивалінің лауреаты, Қ. Сәтбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған халықаралық мүшәйраның бас жүлдегері.

Өр алуан басылымдарда ақынның «Аңырақай бекетіндегі ой», «Қарауыл төбе», «Генерал Жа-һар Дудаев», «От пен су» («Сорос–Қазақстан» қорының жүлдесі берілген), «Тас бесік», «Бостандықтың басы», «Шер», «Жалғыз» атты шығармалары жарияланған. Сонымен қатар «Көкше құрақ» (1979), «Қос қанат» (1982), «Зейін» (1984), «Аспан дауысы» (1985), «Нұрлы бояулар» (1988), «Жұлдызға орнын ай бермес» (1996), «Емендер түнде бүрлейді» (2001), «Бөрінің асығы» (2005), «Бұрылыс» (2007) т.б. жыр жинақтары жарық көрген.



## ЖАЛҒЫЗ

(поэмадан үзінді)

*Қарқаралы басында жалғыз арша,  
Хатқа жүйрік сол қалқа, мұсылманша.*

(Халық өлеңі)

Ғұлама таулардың тұрғыны – арқардың құлжасын көнігі мергендер күзде, тек қана күзде аулайды. Жауынға бөртіп, шыққа шыланып піскен қара жусанды қарпытып, тасты жарып шыққан мөлдір бұлақпен шөлін басқан еркін, қамсыз хайуандар, қуатты, қоңды шіркіндер мергеннің қақ жүректен көздеп атқан тосын оғы дөп тигенде былайғы аңдардай бірден құлап түсіп, жан тәсілім етпейтін көрінеді. Қойдың құмалағындай қорғасын оқтың уы ұлы денесіне тегіс жайылып болғанша сағаттап, тәуліктен жылжымай қарысып тұра береді екен. Мұны ежелгі аңшылар қауымы «оққа сүйенген жалғыз арқардай» деген тәмсіл арқылы еске салады. Ақынша айтсақ:

Жалғыз арқар.

Жалғыз оқ.

Жалғыз күздың басында –

Селт етпейді боранға,

Селк етпейді жасынға.

Мұңлы қоңыр жанары бір жанады, бір өшіп,

Ажалына сүйеніп, қатып қалған сіресіп.

Қос өкпесі деміксе – жусан иісі бұрқырап,

Таңғажайып тағдырға тау тағысы тұр шыдап.

Жапанда жалғыз бәйтерек, айнала дауыл боратқан.

Жапырағын желге ол тонатқан.

Өз діңіне сүйеніп, шайқалса да жарықтық құламайды  
құрдымға –

Тамыры шынжыр болаттан.

Батыр Баян бабамыз ақ найзаға сүйеніп, ел қорғаған  
қасқайып,

Көкірегін кекті жас шайып.

Киелі қара шаңырақ, сүйеніп қызыл уыққа,

Уыққа емес рухқа.

Ана тіл ақ боз биедей оқыранып, жер тарпып,

Талқандап тұсау, кісенді ілінбеген құрыққа.  
 Ақ бесікке сүйеніп,  
 Әлди-әлди әндетіп анамыз бөбек тербеткен.  
 Өкем қырдың басында ақ таяққа сүйеніп,  
 Ақтылы қой төлдеткен.

## I

Жоңғар құмын омбылап, Сары-  
 арқаға жеткенше –  
 Қияметтей жол жүрдім.  
 Өкпемді қарып ыстыққа, жүрек-  
 ті аяз, тоңға ұрдым.  
 Адамша ерлік жасадым, бұралқы  
 иттей болдырдым.  
 Өмір сүрдім дегенім – тырағай<sup>1</sup>  
 тірлік, тірі егес.  
 Тек өлген соң боламын құбыл-  
 малы құр елес.  
 Алабөтен тағдырым  
 Такла-макан шөліндей жазы ыс-  
 тық, қысы аяз.  
 Қабірімнің басына сексеуіл өсер, гүл емес...  
 Жалғыздыққа сүйенген, Мен де – жалғыз арқармын.  
 Жалғыз өлең дарыса, жүректегі тарқар мұң.  
 Жырдың уы бойыма жайылғанда өлермін,  
 Өзі айтады үкімін келер ұрпақ, келер күн.



## II

Бұл жалғанда кім жалғыз?!  
 Ақ борықтай Ай жалғыз, Айдан нұрлы Күн жалғыз.  
 Жарқырап тұрған Шолпан да жалғыздығын сезінер,  
 Таң алдында көз ілер...  
 Жыр боп мәңгі жасарға, Абай жалғыз қашан да.  
 Абай жалғыз болғасын, екеу емес Мағжан да.  
 Аспанды бұлт торлайды, жауынсыз жер сорлайды.  
 Абылай хан жалғыз болғансын, Бұқар екеу болмайды.  
 Махамбет – жалғыз құбылыс, Исатай – оқыс бұрылыс.  
 Ақжайық көздің жасындай, Қарой – топырақ бір уыс...

Қиял – қыран, ақыл – шың.  
 Майдансыз қайтпас жау беті.  
 Сен де жалғыз батырсың,  
 Ер Баукең Момыш әулеті.  
 Көңілде бар көп түйткіл, айтыла бермес көбінде.  
 Өмір жалғыз болғасын, екеу емес өлім де.  
 Өз көзіммен көргем жоқ, себебі әлі өлгем жоқ.  
 Тозақ та жалғыз деседі, жұмақ та жалғыз деседі.  
 Бір қынаптың ішіне екі қылыш түнемес.  
 Айтарым бірақ, бұл емес.  
 ... Жалғыздықтың азабын Шәкәрімдей тартқан кім?  
 Жалғыз құдық түбінде жалғыз қурап жатқан кім?  
 Жалғыз таудың қуысын қысы-жазы паналап,  
 Жалғыз балға. Төрт таға. Жалғыз атын тағалап.  
 Тобылғы сап, жез бунақ, жалғыз қамшы сабалап...  
 Жалғыз қыстау. Жалғыз меңіреу тас үйде:  
 Жалғыз шырақ. Жалғыз төсек. Жалғыз жастық.  
 Жалғыз Құран. Жалғыз құман.  
 Жалғыз шаршы жайнамаз.  
 Бес намазын оқиды күңіреніп білікті ұл,  
 Тыңдайды оны сай-сала,  
 Орман-тоғай, тымық қыр.  
 Жалғыз жарлы асүйде:  
 Жалғыз ошақ. Жалғыз қазан. Жалғыз шөміш.  
 Жалғыз көсеу. Жалғыз табақ. Жалғыз кесе.  
 Жалғыз қасық. Жалғыз шөугім..  
 Бөрі-бөрі жалғыздан.  
 Жалғыз жүрек. Жалғыз қалам. Жалғыз жан.  
 Тас қораның сыртында:  
 Төңкерілген итаяқ.  
 Жалғыз боран. Жалғыз бөрі ұлып тұр.  
 Емен есік күзеткен жалғыз шойын құлып-құл...  
 Босағада меңірейді іші қуыс тұлып құр.  
 Ағаш науа ішінде қатып қалған тұнық су.  
 Қатып қалған сіресіп жалғыз қайың құрық тұл.  
 Беу, жалғыздық әлемі, беу жалғыздық әлемі.  
 Ғұламаға ғұмырлы жарасқаның өдемі...  
 Жалғыздықтан қорқады обыр<sup>2</sup>, жемқор, топшыл, құзғын,  
 күшіген.

Жалғыздықты – даралық, даналық деп түсінем.  
 Тағдырлар бар сан алуан, ішінде құла, аласы.  
 Жалғыздықтан жаралған адамзаттың баласы.  
 Данасы мен дарасын мәрмәр тасқа қашайды ел.  
 О, жалғыздық, жасай гөр, о, жалғыздық, жасай бер!

### III

– Кім жалғыз бұл жалғанда?!  
 – Қара жер жалғыз қашанда.  
 Адамның жетпес ақылы қолдан оны жасарға.  
 Қайран біздің Сарыарқа, сағымнан алтын сапырған.  
 Қайран біздің Жетісу, топырағы құт шақырған.  
 Қайран біздің Қарақұм, дауылы тау көшірген.  
 Қайран біздің Атырау, мұнайын қыздай ұзатып,  
 Ел мерейін өсірген.  
 Солай да солай десек те, жер-судың бәрі есепте...  
 Өлуге маған болмайды, Тағдырым шіркін, сондай-ды.  
 Жер қалмады бұл маңда сүйегімді көмерге.  
 Жердің бәрі сатылған...  
 Күңіренген Қорқытқа тірідей көр қаздырған –  
 «Торайғырды» тағалап, ерке «Аққуға» наз қылған –  
 Домбырам, сен де жалғызсың.  
 Қобызым, сен де жалғызсың.  
 Үшқыр қиял, кемел ой, шіреніп тартқан жебедей,  
 Дарияға салған кемедей тілім де жалғыз, ділім де.  
 Қатігез қатал ғасырдың тепкісіне шыдаймын.  
 Ашынған дауысым жетсе екен құлағына Құдайдың...  
 Төбең көкті тіреген, ағашың құстай түлеген –  
 Алатау, сен де жалғызсың.  
 Көгілдір нілге шыланған, Күнікей қыздай сыланған –  
 Көкшетау, сен де жалғызсың.  
 Қазынасы қат-қабат, арулары ақ тамақ –  
 Қаратау, сен де жалғызсың.  
 Алтынын бұлттай көшірген, бұғысын ұлдай өсірген –  
 Алтай, сен де жалғызсың.  
 Шегарасы темірден, байлығы мұнай, көмірден,  
 Ақыны бұлттай егілген Жайыртау, сен де жалғызсың.

Патшаның алтын тағындай, адамзаттың бағындай,  
 Хантөңірі, сен де жалғызсың!  
 Таңғажайып ертектей, еңіреп туған еркектей –  
 Тарбағатай, сен де жалғызсың.  
 Кешір, мені тауларым, жалғыз-жалғыз болғасын,  
 Қосылмайды бастарың. Араласпайды тастарың...  
 Жұтынып тұрған жұт жетеу<sup>3</sup>,  
 Құлшынып келген құт<sup>4</sup> жалғыз.  
 Ғалам шексіз әмөнда, кіндік кескен жұрт жалғыз.  
 Жалғыздықтың азабын тартқан жалғыз мен емес,  
 Жалғыздығын өзінің сезбеген ел, ел емес.  
 Азия, сен де жалғызсың.  
 Еуропа, сен де жалғызсың.  
 Бостандық, шындық, ақиқат,  
 Сендер де мендей жалғызсың.  
 Отан жалғыз. От жалғыз.  
 Қайда қаңғып кетсек те, саған келіп тоқтармыз.  
 Барымызды жарылқап, жоғымызды жоқтармыз.  
 Ділсіздерді тілгілеп, опасызды соттармыз.

**P.S.:** Ғұлама құздың басында оққа сүйенген жалғыз арқар өлі сіресіп тұр. Сауысқан, қарға, құзғындардың тұтқиыл шабуылының кесірінен мерт болған ақсұңқар құстың рухы қомданып, Хантөңірінің қиясында қонақтап отыр. Жаралы арқардың қашан көз жұмары белгісіз... Қомданған қыранның күні ертең-ақ шарықтап аспанға көтерілуі айдан анық. О, Жаратушы жалғыз Төңір-Ием, өзіңе ұқсаған жалғыздарыңды жарылқай гөр!

<sup>1</sup> **Тырағайла** – бет-бетіне қашу, әркім әр жаққа тырқырау, зыту. Бұл жерде қым-қуыт тірлік деген мағынада.

<sup>2</sup> **Обыр** – ашқарақ, қомағай, жебір.

<sup>3</sup> **Жеті жұт**. 1. Құрғақшылық. 2. Жұт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

<sup>4</sup> **Құт** – береке, байлық.



## Берілген тапсырмаларды орындаңдар.



**1-тапсырма.** Поэманы оқып, автордың эмоциялық-экспрессивтік көзқарасын анықтаңдар. Өдеби талдап, поэманың идеясын анықтаңдар.



**2-тапсырма.** Поэмада автор баяндайтын оқиғалар тізбегін анықтап, қай кезеңдерді суреттегенін түсіндіріп айтып беріңдер.



**3-тапсырма.** Берілген үзіндіні тыңдап, психологиялық параллелизмді анықтаңдар. «Табиғат пен адамзат» тақырыбында эссе жазыңдар. **Уақыты – 25 мин.**



**4-тапсырма.** Поэмадан өздеріне ұнаған үзіндіні жатқа оқып беріңдер. Ақынның табиғат суретін беруде қолданған көріктеу құралдарына назар аударып, поэмадағы автордың ішкі көңіл күйін баяндап айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** Хрестоматиядан поэманы оқып, пролог пен эпилогке мән бер. Ақын поэманың басталуы мен аяқталуында қандай композициялық амалдарды қолданған? Шығарма идеясын ашуда бұл амалдардың рөлі қандай?



**6-тапсырма.** Поэмадан көріктеу құралдарын тауып, кестеге толтырып жазыңдар.

Эпитет	Метафора	Теңеу	Қайталау



**7-тапсырма.** «... Жалғыздықтың азабын Шөкәрімдей тартқан кім?

Жалғыз құдық түбінде жалғыз қурап жатқан кім?» – деген тармақтарды негізге ала отырып, «Құр құдықтағы қымбат шындық» тақырыбында арнау, өңгіме жазыңдар.



**8-тапсырма.** 1. Поэмадағы қайталау түрлерін анықтаңдар.

2. «Азия, сен де жалғызсың.  
Еуропа, сен де жалғызсың.  
Бостандық, шындық, ақиқат,  
Сендер де мендей жалғызсың.  
Отан жалғыз. От жалғыз», –

деген ой оралымдарын негізге ала отырып, әлем мен қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтаңдар.



**9-тапсырма.** Поэмада көтерілген мәселелердің тарихилығына мән беріңдер. Поэманың көркемдік құндылығына баға беріңдер.



**10-тапсырма.** Поэмадағы жалғыздық ұғымына мән беріңдер. Дүниедегі жалғыздық деген не? Қалай ойлайсыңдар, ақын жалғыздық ұғымын қалай жырлаған? Поэманың идеясын негізге ала отырып, адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, «Жалғыздық деген бір жаратылыс...» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.



**11-тапсырма.** Поэмада баяндалатын тарихи деректер туралы мәліметтер жинақтап, поэмадағы көтерілген мәселелерге әдеби сын жазыңдар.





## ГЛОССАРИЙ

**АБАЙТАНУ** – қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМ** – ақын-жазушылар шығармаларының ғылыми текстологиялық зерттеу негізінде дайындалып, жарық көрген толық жинағы.

**АҚ ӨЛЕҢ** – өлең тармақтары соңындағы сөздердің дыбыстары үйлеспей, қабыспай, ұйқасы белгісіз қалыпта, «ақ» күйінде қалған ұйқассыз өлең үлгісі.

**ӘДЕБИ ҚАҺАРМАН** – әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді.

**ӘДЕБИ МҰРА** – көркем әдебиеттің, сөз өнерінің өткен дәуірден қазіргі заманға жеткен туындылары. Әдеби мұра – халықтың әртүрлі тарихи кезеңдегі мәдени өресінің, әлеуметтік хал-жайының, тілдік, эстетикалық талғамының айғағы.

**ӘДЕБИ ПРОЦЕСС** – бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи-заңды қозғалысы.

**ӘДЕБИ СЫН** – көркем шығармаларды талдап, баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мәнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын әдебиеттану ғылымының негізгі бір саласы. Сын – әдебиеттің тарихымен және теориясымен тығыз байланысты.

**ӘДЕБИ ХАРАКТЕР** (мінез) (грек. *charakter* – мінез, ерекшелік) – кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі.

**БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ** – әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, түспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады.

**ФАҚЛИЯ** (араб. дана сөз, даналық маржандары деген мағынада) – көркем қарасөз, нақыл сөздің бір түрі. Прозаның қазақтары алғашқы қысқа, нұсқа үлгілерінің бірі. Жанрлық өзгешелігі жағынан алғанда бетпе-бет отырған, мәслихат құрғанда айтылатын сөз түрінде келеді.

**ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА** – фантастикалық әдебиеттің жетекші саласы.

**ДЕРЕКТІ ЖАНР** – өмірде болған нақтылы жайларды анық мәлімет, айқын деректерге сүйеніп бейнелеу тәсілі қолданылатын көркем туындылар.

**КАНОНДЫҚ ТЕКСТ** (грек. – *κανον*: қалыптасқан, белгілі болған, таныс деген мағынада) – көптеген шығармалардың қайта-қайта басылуға, айтуға байланысты, кейде қатеден, кейде бастырушының, я айтушының әдейі өзгертуіне байланысты алғашқы қалыптан өзгертіні белгілі. Мұндай кездерде тексттің алғашқы нұсқасын қаз-қалпына келтіру үшін көптеген текстологиялық зерттеулер жүргізуге тура келеді (салыстыру, түпнұсқасын табу, кейінгі қоспалардан арылту т. б.). Сонан кейін ғана алғашқы түпнұсқасын анықтауға мүмкіндік туады.

**КЕКЕСІН** (ирония) (грек. *eronieia* – жорта ойлау, алдау) – сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, бірақ оған қарама-қайшы мағына беру, сөйтіп ойды жеңіл өзіл-қалжыңмен, зілсіз кекесінмен керісінше айту тәсілі.

**КЛАССИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ** – үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы деген мағынаны береді. Қай заман үшін де идеялық, көркемдік мәні үлгілі, аса бағалы әдебиет.

**КОНТЕКСТ** (латын. *contextus* – байланыс, жалғастық деген мағынада) – жеке сөздердің, сөз тіркесінің мағынасын дәл, айқын түсінуге мүмкіндік беретін шығарма текстінің тиянақты ойды білдіретін бір бөлігі.

**КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ** – өмір шындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қоры-

тылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы.

**ҚАРАСӨЗ** (проза) – көркем әдебиеттің үлкен бір саласы, өлең сөзден (поэзиядан) айырмасы – онда сөз ырғағы еркін, әдебиеттегі сөз саптау қалпына сөйкес келеді, өлеңдегідей қандай да белгілі өлшемдер сақталмайды.

**ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР** – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға бейнесі. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде ғана кездеседі.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РОМАН** – адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән берілетін роман.

**РЕМАРКА** – автордың пьеса жөнінде жазған түсініктері, ескертпелері.

**СЕГІЗАЯҚ** – қазақ өлеңіне Абай қосқан шумақтың үлгісі. Абайдың «Сегізаяқ» атты өлеңінің әр шумағы сегіз жолдан тұрады.

**СТИЛЬ** – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

**СЫҚАҚ** (латын. *satira* – әртүрлі, көбінше өткір сықақ түріндегі өлеңдер тобы деген мағынада қолданылған) – қоғамдық өмірдегі қайшылықты, әділетсіздік пен озбырлық секілді жиренішті мінез-қылықтарды өткір сынға алып, шенейтін ащы мысқыл, кекесінге толы шығарма.

**ТАРТЫС** (конфликт, латын. *conflictus* – қақтығыс) – көркем шығармадағы сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес. Конфликт драмалық шығармаларда ширақ, шиеленіскен түрде кездеседі.

**ТЕКСТОЛОГИЯ** (латын. *textus* және грек. *logos* – сөз, ғылым) – филологияда шығарма мәтінін анық-қанығы сақталған қолжазбасымен, түпкі нұсқасымен салыстырып тексеретін, жариялайтын сала.

**ТРАГЕДИЯ** – сахнаға арналып жазылатын әдеби шығармалардың, яғни драмалық жанрдың бір түрі. Трагедияның

өзіндік жанрлық ерекшелігі – ол өмірдегі шиеленіскен күрес-тартысты, бір-біріне қарама-қайшы күштердің ешбір ымыраға келмейтін, белдескен күресін, қақтығыс-таласын суреттейді.

**ҰЛТТЫҚ ХАРАКТЕР** – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі.

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ РОМАН** – жанрлық түр. Өйтсе де, қалыптасқан, қолданылуы аясы нақты айқындалған термин емес, көбінесе жалпы, шартты мағынада ұшырасатын ұғым.

**ШЕГІНІС** – шығармадағы оқиға желісіне тікелей қатысы жоқ басқа бір жай-жағдайларды кенжелей кірістіріп айту. Көбінесе әңгіме желісін үзіп, кідіріс жасаған кезде бұдан бұрынырақ болған жай тілге тиек етілетіндіктен, бұл тәсіл шегініс деп аталады.

**ЭССЕ** – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995.
2. Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т1: Өлеңдер мен аудармалар, – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 бет.
3. Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 бет.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 бет.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы/Бас редактор Ө. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
6. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/құраст. Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса. – Алматы: Ан Арыс, 2009.
7. Мұхамедханұлы Қ. «Абайдың ақын шәкірттері». 2-кітап. – Алматы: Дәуір, 1994. – 336 бет.
8. Өуезов М. «Абайтану дәрістерінің дереккөздері». – Алматы: Санат, 1997. – 448 бет.
9. Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Т15. – Алматы, 1969.
10. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
11. Мұхтар Өуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.
12. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар, II том. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2003. – 528 бет.
13. Сәрсекеев М. «Қаныш Сәтбаев». Роман-эссе. – Алматы: Жалын, 1988. – 528 бет.
14. Кемелбаева А. «Шашты». – Алматы: «Жұлдыз» журналы, 2014 – № 12.
15. Сұлтанбаев Т. «Көшпелі алтын». Ғылыми-фантастикалық өңгімелер. – Алматы: Қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1964. – 92 бет.
16. Оразақын А. «Отан деп оянғанда». Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жалын, 2004.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ.....</b>	<b>3</b>
----------------------	----------

### ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...

<b>Абай шығармашылығы .....</b>	<b>5</b>
<i>Абай Құнанбайұлы</i> Сегізаяқ .....	19
<i>Абай Құнанбайұлы</i> Қалың елім, қазағым, қайран жұртым .....	26
<i>Абай Құнанбайұлы</i> Лай суға май бітпес қой өткенге .....	27
<i>Абай Құнанбайұлы</i> Он жетінші қарасөз .....	31
<i>Абай Құнанбайұлы</i> Отыз екінші қарасөз .....	33
<i>Абай Құнанбайұлы</i> Масғұт (поэмадан үзінді) .....	38

### ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ

<i>Медеу Сәрсекө</i> .....	44
Қаныш Сәтбаев (роман-эсседен үзінді).....	47

### ПАРАСАТ ПАЙЫМЫ

<i>Айгүл Кемелбаева</i> .....	74
Шашты (өңгіме) .....	75
<i>Талапбек Сұлтанбеков</i> .....	99
Көшпелі алтын (ғылыми-фантастикалық өңгіме) .....	100
<i>Оразақын Асқар</i> .....	119
Шетте жүрген бауырларға .....	119

### ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

<i>Шерхан Мұртаза</i> .....	123
Бесеудің хаты (драмадан үзінді).....	123
<i>Жәркен Бөдешұлы</i> .....	145
Жалғыз (поэмадан үзінді).....	146
Глоссарий .....	153
Пайдаланылған әдебиеттер .....	157

О қ у б а с ы л ы м ы

**Ақтанова Айман Советқызы  
Жүндібаева Арай Қанапияқызы  
Жүмекенова Ләйлә Кәкенқызы**

**ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ**

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық

Редакторы *М. Мұқашев*  
Суретшісі *Б. Оспанов*

Көркемдеуші редакторлары *А. Бекқожанова, А. Лукманов*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Е. Амангелді*  
Компьютерде беттеген *Д. Развинавичюс*

ИБ № 060

Теруге 25.02.2019 берілді. Басуға 28.06.2019 қол қойылды. Пішімі 60×90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Шартты баспа табағы 10,0. Есептік баспа табағы 9,41.

Таралымы 28 000 дана. Тапсырыс № 4410.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы»  
ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

